



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

2 (16) 2013



БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПІРӘЛИЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА құрметті мүшесі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. – Абай ат. ҚазҰПУ Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары; **Сейсенбаева Ж.А.** – Абай ат. ҚазҰПУ Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директорының орынбасары, ф.ғ.к., жауапты редактор; **Михайлова Н.Б.** – пс.ғ.к., доцент, Халықаралық білім және ғылыми ақпараттандыру орталығының директоры (Германия); **Мархадаев Л.В.** – Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің «Әлеуметтік және отбасы педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор; **Байсабаев Б.А.** – ф.ғ.к., Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің доценті; **Айтбаев Ө.А.** – Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, Тіл білімі институты ғылыми-терминологиялық орталығының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Айталы А.** – Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры, филос.ғ.д., профессор; **Әлмұхамбетов Б.А.** – Абай ат. ҚазҰПУ көркем сурет-графика факультетінің деканы, пед.ғ.д., профессор; **Баймырзаев Қ.М.** – Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, геогр.ғ.д., профессор; **Бөлеев Қ.** – Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика және этнопедагогика» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор; **Бейсенова А.С.** – Абай ат. ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі, геогр.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Берікханова А.Е.** – Абай ат. ҚазҰПУ «Ұлттық тәрбие» кафедрасының доценті, пед.ғ.к., доцент; **Ғаббасов С.** – жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Есім Ғ.** – ҚР сенат депутаты, филос.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Есполов Т.И.** – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Жарықбаев Қ.К.** – Т.Т.Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика орталығының директоры, педагогика және психология ғылымдарының докторы, профессор; **Иманбаева С.Т.** – Абай ат., ҚазҰПУ «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор; **Қирабаев С.С.** – М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, Абай ат. ҚазҰПУ ректор кеңесшісі, ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Қасқабасов С.А.** – М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Қыдырәлиев Д.** – Қазақстан Республикасының Президенті Баспасөз қызметінің сектор меңгерушісі, фил.ғ.д.; **Қозыбаев І.М.** – Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтында бас ғылым қызметкер, т.ғ.д., профессор; **Қалиев С.Қ.** – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Жалпы педагогика кафедрасының профессоры, пед.ғ.д., профессор; **Қойгелдиев М.Қ.** – Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және докторантура PhD институтының Гуманитарлық мамандықтар кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор; **Мырзахметов М.** – Абай ат. ҚазҰПУ жанындағы «Абайтану ғылыми-зерттеу орталығының» директоры, ф.ғ.д., профессор; **Мұтанов Ғ.М.** – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, тех.ғ.д., профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** – филос.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ «Мәдени-антропология» кафедрасының профессоры; **Нөкетаева Д.Ж.** – Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің ректоры, пед.ғ.к.; **Нәрібаев К.Н.** – ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, э.ғ.д., профессор; **Сарыбеков М.Н.** – М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің ректоры, пед.ғ.д., профессор; **Сманов Б.Ө.** – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың әкімшілік басқармасының бастығы, пед.ғ.д., профессор; **Табылдиев Ә.Т.** – әл-Фараби ат. ҚазҰУ профессоры, пед.ғ.д., профессор; **Түрікпенев Ж.** – Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және докторантура PhD институтының педагогикалық мамандықтар кафедрасының профессоры, пед.ғ.к., Қазақ Гуманитарлық академиясының академигі; **Шаханова Р.Ә.** – Абай ат. ҚазҰПУ-дың магистратура және докторантура PhD институтының филология мамандықтар кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор; **Ізтілеуова С.Д.** – Абай атындағы ҚазҰПУ-ның «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.д.; **Шолпанқұлова Г.К.** – Абай ат. ҚазҰПУ «Ұлттық тәрбие» кафедрасының доценті, пед. ғ.к.; **Құрманғали А.К.** – педагогика ғылымдарының магистрі, жауапты хатшы.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
почетный член НАН РК

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. – директор НИИ Формирования интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, Заслуженный работник высшей школы РК, профессор, первый заместитель главного редактора; **Сейсенбаева Ж.А.** – зам. директора НИИ Формирования интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, к.ф.н., ответственный редактор; **Михайлова Н.Б.** – к.п.н., доцент, директор центра международного образования и научной информатизации (Германия); **Мардахаяев Л.В.** – заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики Российского государственного социального университета, д.пед.н., профессор; **Байсабаев Б.А.** – к.ф.н., доцент Кыргызский Национальный университет им. Ж.Баласагына; **Айтбаев О.А.** – президент международного сообщества “Қазақ тілі”, главный научный сотрудник Научно-терминологического центра института языкового образования, д.ф.н., профессор, академик НАН РК; **Айталы А.** – профессор Актюбинского государственного педагогического института, д.филос.н., профессор; **Альмухамбетов Б.А.** – декан художественно-графического факультета КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор; **Баймырзаев К.М.** – ректор Костанайского государственного педагогического института, д.геогр.н., профессор; **Болеев К.** – зав. кафедрой “Педагогика и этнопедагогика” Таразского Государственного Педагогического Института, д.пед.н., профессор; **Бейсенова А.С.** – зав. кафедрой «Научно-методический центр по географии и экологии», д.пед.н., профессор, академик НАН РК; **Берикханова А.Е.** – доцент кафедры «Национальное воспитание» КазНПУ им. Абая, к.пед.н.; **Габбасов С.** – писатель, Заслуженный работник здравоохранения КСРО, доктор медицинских и педагогических наук, профессор; **Есполов Т.И.** – ректор Казахского национального аграрного университета, д.э.н., профессор, академик НАН РК; **Есим Г.** – депутат сената РК, д.филос.н., профессор, академик НАН РК; **Жарыкбаев К.К.** – директор Центра этнопсихологии и этнопедагогики имени Т.Т.Тажибаева, доктор педагогических наук, доктор психологических наук, профессор; **Иманбаева С.Т.** – зав. кафедрой «Национального воспитания и самопознания» КазНПУ им. Абая, д.п.н., профессор; **Кирабаев С.С.** – советник ректора КазНПУ им. Абая, главный научный сотрудник Института литературы и искусства им. М.Ауезова, д.ф.н., профессор, академик НАН РК; **Каскабасов С.А.** – директор Института литературы и искусства имени М.Ауезова, д.ф.н., профессор, академик НАН РК; **Қыдыралиев Д.К.** – заведующий сектором Пресс-службы Президента РК, д.филос.н.; **Козыбаев И.М.** – главный научный сотрудник Института стратегических исследований Казахстана, д.и.н., профессор; **Калиев С.К.** – профессор кафедры “Общей педагогики” Казахского Государственного женского педагогического университета, д.пед.н., профессор; **Койгелдиев М.К.** – зав. кафедрой гуманитарных специальностей Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, д.и.н., профессор; **Мырзахметов М.** – директор НИЦ Абаеведения КазНПУ им. Абая, д.ф.н., профессор; **Мутанов Г.М.** – ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, д.тех.н., профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** – профессор кафедры “Культурной антропологии” КазНУ им. Аль-Фараби, д.филос.н.; **Нукетаева Д.Ж.** – ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, к.пед.н.; **Нарибаев К.Н.** – зам. председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, д.э.н., профессор; **Сарыбеков М.Н.** – ректор Таразского государственного университета им. М.Х.Дулати, д.пед.н., профессор; **Сманов Б.О.** – начальник административного управления КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор; **Табылдиев А.Т.** – профессор КазНУ им. аль-Фараби, д.пед.н.; **Туркпенов Ж.** – профессор кафедры педагогических специальностей Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, к.пед.н.; **Шаханова Р.А.** – зав. кафедрой филологических специальности Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор; **Изтилеуова С.Д.** – ведущий научный сотрудник НИЦ Абаеведения КазНПУ им. Абая, д.ф.н.; **Шолпанкулова Г.К.** – доцент кафедры «Национальное воспитание» КазНПУ им. Абая, к.пед.н.; **Курмангали А.К.** – магистр педагогических наук, ответственный секретарь.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,
dear member of NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. – the director of scientific research institute of Intellectual Formation nation of KazNPU named after Abai, the deserved worker of the higher school of RK, the professor, first deputy chief editor; **Seysenbaeva Zh.A.** – the deputy director of scientific research institute of Intellectual Formation Nation of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor; **Mikhailova N.B.** – Ph.D., Associate Professor, Director, Center for International Education and Information Science (Germany); **Mardahaeu L.V.** – Head of the Department of Social and Family Pedagogy of the Russian State Social University, doctor of pedagogical sciences, professor; **Baisabaev B.A.** – the candidate of philological science, the docent Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn; **Aytbaev O.A.** – the president of the international community «Қазақ тілі», the main scientific employee of the Scientifically-terminological centre of Institute of language education, the doctor of philology, the professor, the academician of NAS RK; **Aytaly A.** – the professor of Aktobe State Pedagogical Institute, the doctor of philosophy; **Almukhambetov B.A.** – the dean of art-graphic faculty KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of National Knowledge Academy named after Y. Altynsarina; **Baymyrzaev K.M.** – the rector of Kostanaysk State Pedagogical Institute, the doctor of geographical sciences, the professor; **Boleev K.** – the university chair of “Pedagogics and ethnopedagogics” of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor; **Beysenova A.S.** – the chair of sud department «the scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of NAS RK; **Berikhanova A.E.** – the associate professor of a chair “National education” of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Gabbasov C.** – the writer, the deserved worker of public health services KSRO, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor; **Esim G.** – the deputy of senate of RK, the doctor of philosophic sciences, the professor, the academician of NAS RK; **Espolov T.I.** – the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of NAS RK; **Zharykbaev K.K.** – the director of the ethno psychology and ethnopedagogics center named after Tazhibaeva T.T., the doctor of pedagogical sciences, the doctor of psychological sciences, the professor; **Imanbaeva S.T.** – Head of the Department of “national education and samoponaniya” KazNPU them. Abaya, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Kirabaev S.S.** – the chancellor adviser of KazNPU named after Abai, the mail scientist of the Literature Institute named after M. Auezov, professor of the chair “Kazakh literature” of KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the academician of NAS RK; **Kaskabasov S.A.** – the director of Literature Institute named after M. Auezov, the academician of NAS RK, the doctor of philology science, the professor; **Kydyraliev D.** – Head, Press Service of the President of Kazakhstan, the doctor of philosophy; **Kozybaev I.M.** – chief research officer of the Institute for Strategic Studies in Kazakhstan, the doctor of historical sciences, the professor; **Kaliev S.K.** – the professor of the chair “General pedagogic” of Kazakh State Female Pedagogical University, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Koygeldiev M.K.** – the university chair of humanitarian specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of historical sciences, the professor; **Myrzakhmetov M.** – the director of the research center Abai-studies under KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the professor; **Mutanov G.M.** – the rector of the Kazakh National University named after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor; **Moldabekov Zh.Zh.** – the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair “Cultural anthropology” of KazNU named after Al-Farabi; **Nuketaeva D.Zh.** – rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences; **Naribaev K.N.** – vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor; **Sarybekov M.N.** – the rektor of the Taraz State University named after M.H. Dulati, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Smanov B.U.** – the director of Republican institute of improvement of professional qualification of the scientific-pedagogical personnel, the candidate of pedagogical sciences, the professor; **Tabyldiev A.T.** – the doctor of pedagogical sciences, the professor of KazNU named after Al-Farabi; **Turikpenov Zh.** – the professor of chair of pedagogical specialties in the Institute of magistracy and doctoral PhD candidacy of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences, the academician of Academy of the humanities; **Shahanova R.A.** – the university chair of philological specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, **Iztileuova S.D.** – the chief scientific collaborator of the research center Abai-studies under KazNPU named after Abai, the doktor of philological sciences; **Sholpankulova G.K.** – the associate professor of a chair “National education” of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Kurmangaly A.K.** – Master of Pedagogical Sciences, the executive secretary.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың 4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж күәлігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2012



«Жаһандық дағдарыстың жалғасуының әсерінен әлемде болып жатқан өзгерістер бізді үрейлендірмейді. Біз оларға дайынбыз. Біздің ендігі міндетіміз – егемендік жылдары қол жеткізгеннің барлығын сақтай отырып, ХХІ ғасырда орнықты дамуды жалғастыру»

**ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың
«Қазақстан – 2050» – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»
атты Қазақстан халқына Жолдауынан
2012 жыл 14 желтоқсан**



УВАЖАЕМЫЙ МАРАТ АЛМАСАЕВИЧ!

Примите мои искренние поздравления с 75-летием со дня рождения. Вы являетесь одним из авторитетных организаторов казахстанского высшего образования. Этот авторитет Вы заслужили своим трудом и талантом.

Ваша жизнь – пример благородного служения людям, верности избранному делу. Ваша биография – ученого, организатора, руководителя – блестящий образец многолетнего добросовестного служения отечественной науке, интересам государства. Несмотря на трудности послевоенного времени, Вам в полной мере удалось реализовать как в личностном, так и в профессиональном плане. Много сил и энергии Вы отдали становлению и развитию высшей школы, внесли существенный вклад в развитие отечественной науки.

Большого уважения заслуживает и Ваша большая организационная и общественная деятельность на посту ректора, члена коллегии Министерства среднего специального и высшего образования. Под вашим руководством Институт повышения квалификации руководящих работников, в трудное время рыночной экономики внес большой вклад в становление и развитие Независимого Казахстана.

Сегодня Вы возглавляете Научно-исследовательский институт формирования интеллектуальной нации в нашем университете, где используется Ваш опыт. Мы высоко ценим Ваш научно-практический вклад в одну из самых фундаментальных проблем современности – национальное воспитание. Вы вносите значительный вклад в развитие патриотизма,

толерантности и осуществляете работу по повышению качества подготовки специалистов, отвечающих требованиям инновационной стратегии развития общества за счет совершенствования содержания образования, создания и использования новых технологий. Деятельность НИИ под Вашим руководством направлена на повышение конкурентоспособности вуза на рынке образовательных услуг и наукоемких технологий.

Как редактор журнала «Национальное воспитание» Вы сквозь призму современности поднимаете вопросы о национальных традициях и менталитете, уважение к родному языку. Вы человек незаурядный и много работающий, находитесь в постоянном поиске нового, неизведанного. Круг Ваших научных интересов охватывает широкий спектр науки от экономики до педагогики.

Вы пользуетесь заслуженным авторитетом и уважением всего научно-педагогического сообщества как в Казахстане. Ваши трудовые достижения и успехи неоднократно отмечались почетными грамотами и благодарностями. Блестящие организаторские способности, ответственность и творческое отношение к работе снискали Вам почет и уважение среди государственных и политических деятелей, научной и педагогической общественности страны.

Примите слова искренней благодарности за Ваш многолетний добросовестный

труд на благо развития отечественного образования и науки. Убежден, что Ваш огромный жизненный опыт, авторитет ученого и общественного деятеля и впредь будут способствовать дальнейшему развитию казахстанской науки. Ваш талант организатора и руководителя, большая трудоспособность, профессиональный потенциал и активная гражданская позиция позволят Вам и в будущем вносить значительный вклад в решение задач, стоящих перед Казахским национальным педагогическим университетом имени Абая.

И сегодня, Вы, человек высокой эрудиции, удивительной работоспособности и жизненного оптимизма полны важных и весьма перспективных идей, осваиваете современную научную литературу и разрабатываете научные проекты, которые ждут своего дальнейшего воплощения.

Примите сердечные поздравления с юбилеем и благодарность за Ваш опыт, мудрость, чуткость, трудолюбие. Я убежден, что впредь у Вас долгие годы плодотворной работы, которая будет нацелена на дальнейшее укрепление науки.

Желаю Вам успешного продолжения научной деятельности, способствующей укреплению экономической и социальной стабильности страны, росту ее авторитета в мировом сообществе государств. Крепкого здоровья Вам и Вашим родным, жизненной энергии и благополучия.

*Проректор по научной работе,
доктор физико-математических наук,
профессор, член-корреспондент НАН РК*
В.Косов

ҚҰТТЫҚТАУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры, профессор, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, көрнекті ғалым, белгілі қоғам қайраткері, абзал азамат Нуриев Марат Алмасайұлы биыл ұлағатты 75 жасқа толып отыр. Марат Алмасайұлының өмірі – өз замандастарына да, одан кейінгі бірнеше буын ұрпақтарға да үлгі-өнеге болып келеді. Себебі, Марат Алмасайұлы жан-жақты талантты тұлға. Ол кісінің қайраткерлік қасиеті ғұлама ғалымдығымен, адал кіршіксіз тазалығы талмас еңбекқорлығымен, биік парасаттылығы үлкен жауапкершілігімен, асыл адамгершілігі қамқоршылық ұстаздығымен ерекшеленеді. Институттың өркендеп дамуына өлшеусіз үлес қосып, артында талай ұрпақ зердесінде өшпестей із қалдырып келе жатқан ұлағатты тұлға мерейлі жасқа да келіп жетті. Осынау жасқа жеткенше талай игі іс атқарып, ел қажетіне жарап келе жатқан азаматтың еңбек жолы өнегеге толық десек артық айтқанымыз емес. Алды кең, жаны жомарт, қамқор да, талапшыл басшы ретіндегі абзал қасиеттеріңіз адамды тәнті етпей қоймайды. Сондай-ақ, қатарыңыздың тұрмыстық мұқтажы қат-қабат тіршілікте ұдайы назарыңызда болатынын күнделікті өмірде көріп жүрміз. Осындай еңбек пен тұрмыс

тәрбиеніз, жеке басыңыздың кіршіксіздігінің өзі, отбасыңыз үшін ғана емес, қанаттас жүрген әріптестеріңіз, тілектес дос-жаран үшін де зор мақтаныш, абырой, жас ұрпақ үшін нағыз өмір мектебі екендігі даусыз.

Бір ғасырдың жартысын жасап міне, 75 жас мерейтойыңызды тойлап отырсыз. Зымырап өтіп бара жатқан уақытпен жарыса жүріп, осы жасқа келгенше тағдыр жолында кездескен қаншама тосқауылға төтеп беріп қашан да жеңіске жете білдіңіз. Мұндай еңбек жолында да, жеке өміріңізде де жеткен жетістігіңіздің терең себебі бар деп ойлаймыз.

Аса құрметті Марат Алмасайұлы! Бүгінгі мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Алла тағала адамға үш рет жастық шақ сыйлайды екен. Біріншісі – өз жастық шағында, екіншісі – шын махаббатқа жолыққанда, үшіншісі – 100 жасқа толғанда. Сіз біріншісінен өттіңіз, екіншісінен де өткеніңізге шүбәміз жоқ, енді үшіншісі қалды. Құдай сізді сол үшінші «жастық шаққа» да аман-есен жеткізіп, өміріңізді ұзарта берсін! Бала-шағаңыздың, немерелеріңіз бен шөберелеріңіздің ортасында темірқазықтай калпыңыздан таймай, өмірдің қызығына кенеліп жүре беріңіз! Той тойға ұлассын! 100 жасқа толған мерейтойыңызды тойлатуға жеткізсін!

Ізгі тілек білдірушілер:

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ қызметкерлері және «Ұлттық тәрбие» журналының редакция алқасы

МАРАТ АЛМАСАЕВИЧ НУРИЕВ – это огромный пласт в истории жизни многих людей, кому посчастливилось встретить его на своем пути, кто так или иначе, непосредственно – находясь в его окружении родственников, коллег, учеников, или опосредовано – изучая его научные труды, печатные издания или просто присутствуя при его многочисленных выступлениях. Никогда не забудет человека с такой огромной силой интеллекта, положительной энергетикой, заразительным оптимизмом и вызывающим огромное восхищение, талантом ученого и организатора. Марат Алмасаевич имеет удивительную биографию, его деятельность в разных сферах жизни как во времена Казахской Советской Социалистической Республики, так и в период становления Независимого Казахстана оставила свой неповторимый след. Огромная плеяда соратников, сподвижников, учеников – которые достойно продолжают его дело, кто имел честь работать с Маратом Алмасаевичем – научились, переняли, заразились той честностью, порядочностью, компетентностью в деле, а главное отзывчивостью и душевностью ко всем людям, независимо от статуса, возраста и убеждений.

Нам посчастливилось работать с Маратом Алмасаевичем в стенах Алматинской

Академии Экономики и Статистики, это был знающий, свое дело, требовательный руководитель, с которым были достигнуты огромные успехи всей Академии. В системе образования Республики она занимала одно из передовых позиций по подготовке специалистов в сфере статистики и экономики. Под руководством Нуриева М.А. работал сплоченный, дружный коллектив. Это было время, когда каждому из нас с большим удовольствием хотелось идти на работу, и радостью возвращаться домой – а это и есть состояние удовлетворения и счастья. Особо, Марат Алмасаевич умел и любил организовывать досуг коллектива и принимать в нем активное участие, заражая всех своими незабываемыми танцевальными турнирами. Огромный пример для нас учителя, ученого, порядочного человека.

Вас поздравляя Юбилеем,
Стремясь к возвышенным словам,
Мы скажем просто, как умеем:
«От всей души спасибо Вам!»
За благородство мыслей Ваших!
За мир Ваш светлый и большой!
За то, что став немножко старше,
Вы молодеете душой!
За то, что в жизненных вопросах
Вы – наша совесть, ум, и честь!
А если просто от души:
За то, что Вы на свете есть!

От коллектива сотрудников АЭСА, Абишева Г.К.

АРМАН МЕН ТАЛАП ЖЕТЕЛЕГЕН ЕЛ АЗАМАТЫ

Серік Жайлауұлы Пірәлиев

*Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, профессор,
Ұлттық ғылым академиясының Құрметті академигі*

Резюме

Данная статья посвящена профессору, заслуженному работнику высшей школы РК Нуриеву Марату Алмасаевичу. В статье рассматривается его жизнь, творческая деятельность и вклад в науку.

Summary

This article is dedicated to Professor, Honored Worker of Higher Education of Kazakhstan Marat Almasaevichu Nureyev. The article discusses his life, creativity and contribution to science.

Жақсы адам көпке ортақ дейді халқымыз. Күннің жарық сәулесі секілді мейірім-шапағаты жан-жағына түгел түседі. Жаны жайдары ондай адамды барлығы үлгі тұтары анық. Еліміздің қара шаңырақ оқу ордасы Абай атындағы ҚазҰПУ-ге, жалпы елімізге танымал ардақты жан, дарынды ұстаз, білікті басшы, асыл азаматтың бірі, профессор, академик, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер – Марат Алмасайұлы Нуриев бүгінде жетпістің бесеуіне шығып отырған жайы бар. Өзінің саналы ғұмырын, алған білімін туған елінің оқу-тәрбие, білім саласына арнап, халықтың сәулелі көші мен жарқын болашағының көшін түзеуге бар жан-тәнін салып, өлшеусіз еңбек етуде. Бүгінгі таңда университетіміздің «Интеллектуалды ұлт қалыптастыру» Ғылыми Зерттеу Институтына басшылық жасап, нәтижелі де абыройлы қызметте. Бұл институт бұрын Марат Алмасайұлының басқаруымен Жаңартпа технологиялар және Білім беру мазмұнын ғылыми зерттеу институты болып жұмыс жасап, жақында ғана сол кісінің ықпалымен аты өзгерді. Тыңнан жаңалық ашу, істің алға жылжуына қатты мән беру, ізденімпаздық, жауапкершілік Марат Алмасайұлының табиғатына тән нәрсе екенін содан-ақ байқауға болады.

Дана халқымыздың «жігітті талап жетелеп, арман өсіреді» деген тамаша сөзі бар. Мәкең бала күнінен болашағына бағыт-бағдарды дұрыс болжай білген. Алматы іргесіндегі Алатау тау сілемдері саналатын Суықтөбенің баурайында жайыла қоныстанған ауылда қарапайым қазақ отбасында туып-өсіп, арман қуып, Алматыда, одан Мәскеуде жоғары білім алады. Мәкең туып-өскен қасиетті кішкене ғана мекенде бірнеше ондаған ғылым докторлары, профессор, академиктер шыққан. Киелі мекеннің жусан исі аңқыған кең далада асыр салып ойнап өскен жанның текті жерден шыққанын бағамдаймыз. Талай жыл Жамбылда, одан өзі қатарынан бірнеше жыл еліміздегі іргелі білім ордаларының бірі АЭСА-да ректорлық қызметте болды. Өз мамандығына құштар жан шәкірттерінің білім нәрімен сусындауына, қиын да қызықты ғылымның бүге-шүгесін, қырсырын үйреніп, кәсіби білім алуына бар ықылас, ынтасын салып, жәрдемдесті. Еліміздегі білім берудің мақсат-міндеттерін, қазіргі университеттік білімнің жай-жапсарын, оны модернизациялаудың басым бағыттары, оларды жүзеге асырудың тетіктері, нәтижелері, білім сапасын арттыру, халықаралық стандартқа сай болу және т.б.

осы сынды кездесетін мәселелердің оңтайлы шешімін табуда көп еңбек етті.

Марат Алмасайұлының өз саласындағы өзге жандардан ерекше бір қыры – тарих пен әдебиетті, өнерді жетік білуі. Осы күнге дейінгі қазақ әдебиетінің нақыл мен өсиетке толы өлең, жыр, дастандарын, бата-тілектерді, тарихты, әншілік, ақындық мектептерді, аңыздарды, салт-дәстүрден өте жақсы хабардар. Мұны университетімізде ашылған «Ұлттық тәрбие» журналын ұйымдастыруда байқадым. Жастардың бойында этика-эстетикалық тәрбиенің қалыптасуына, ұлтжанды, ұлттық құндылықтарды игерген толыққанды дамыған, саналы азаматтары болуына қатты мән береді. Осыны жастардың бойына сіңіре отырып, ұлттық идеологиямыздың, ұлттық сана-сезіміміздің қалыптасуына көп тер төгіп жүр. Ұзақ жылдар Кеңестік одақтар құрамында болып, өзіміздің төл дүниемізден алшақтап қалғанымыз рас. Оның орнын толтыру оңай шаруа емес. Тәуелсіз ел болуды армандап, ұлттық құндылықтарымызды, дініміздің, діліміздің, тіліміз бен тарихымыздың жолында талай аға-әпкелеріміз құрбан болған жоқ па?! Әрине, өмір бір қалыпта тұрмайтыны рас, жаңарып, бір-біріне жалғасып жатады. Соған байланысты адамдардың ой-сана, таным-түсінігі, талғамы да жағарып, қоғамның дамуына бейімделіп өзгеріп отырады. Ұмыт қалып бара жатқан кей ұлттық дүниелерімізді халықтың, әсіресе жастардың санасына жеткізуде көптеген қиыншылықтар туындайды. Өйткені, жаңаны қабылдау қасиетімен бірге кертартпалық та жүретіні жасырын емес. Міне, Марат Алмасайұлы қоғамдағы осындай толғауы қиын мәселені шешуде елімізде елеулі еңбек етіп жүрген ғалым. Осы жолда жаңаны қабылдай отырып, ескі дүниемізді өзгертуге келетінін жаңаша тұрғыда бейімдеуге, ескі мінез-құлық, салт-дәстүрді дәріптеп, ұмытпауға, тұрақтандыруға тырысамыз. Ұлттың ұлттығын сақтауда дәстүріміздің озық үлгілерін тұрақтандырып, оны халық

арасына кеңінен таралуына ықпал етуде осы мәселеге байланысты бірнеше оқу және оқу-әдістемелік құралдарын, тың зерттеу мақалларын жазып, көпшілік назарына ұсынған. Бүгінде Марат Алмасайұлының басшылығымен дайындалған ұлттық тәрбиеге қатысты бұл еңбектер таптырмас дүниелер. Мәкеңнің халқымыздың ғасырлар бойы армандаған ұлттық, мәдени, рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім беру жүйесіндегі ізденістері мен нәтижелерін көрсету артынан еріп келе жатқан біздің басты міндетіміз.

Ұлттық бәсекелестік болып саналатын білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеріп, жоғары оқу орындарына терең білім беру жан-жақты қарастыруда Мәкең басқарып отырған институт нәтижелі жұмыстар атқаруда. Білімнің дамуы – қоғамды алға жылжытар, адамзатты өркениетке жетелер даңғыл жол болып табылады. Білім беру жүйесі – ұлттық мәдениеттің, ұлттық сана-сезімнің даму көрсеткіші болып саналды, ал оның басты нысаны – қазақ жастары, оның болашағы болуы керек. Ол экономика, саясат, мәдениет саласындағы көзқарастармен шектеліп қана қоймайды, сонымен қатар осы түбегейлі өзгерістерге белсенді ықпал етеді. Оқу-білім беру – жеке адамның әлеуметтік-экономикалық үдерістерге пәрменді қосылуын қамтамасыз ететін басты жағдайлардың бірі. Қазақстандық жаңа, ұлттық негізге құрылған білім үлгісі жас жеткіншектерді отаншылдық, ұлтжандылық рухта тәрбиелеуге негізделе отырып, білімді де білгір, әрі білікті маман етіп өсірумен қатар, оның азаматтық тұлғасын, адамгершілік рухани жан дүниесін ұлттық құндылықтарға негіздеу. Қазір елімізде белең алып отырған прагматикалық жағдаяттарға негізделген әр түрлі ұлт тағдырына нұқсан келтіретін жағдаяттар баршамызды толғандыруда. Мұның шешімін рухани интеллектуалды, экономикалық мемлекет орнату тұрғысынан және тұғыры биік тәуелсіз мемлекет орнату болашағына бағдарланған, ұлттық құндылықтарға үйлестірілген білім беру

жүйесі мен тәрбие жұмысы бағдарламалары көмегін тигізетіні анық.

Себебі, тәрбие мәселесін төрге қоятын тәрбие мен білім жүйесін қатар қойып, іске қосу бүгінгі күннің басты талабы.

Ғылыми білімділікті ұйымдастырудың жаңа түрлерін іздестіру – білім беру жүйесін қайта құрудың аса маңызды сара жолы. Бүгінгі таңда оқу-ағарту жүйесінде қалыптасқан қатаң тәртіптілік пен бір-ыңғайлылыққа қарсы ғылымның жаңа бейнесі бой көтеріп келеді. Ол білім беру үрдісіне тәрбиенің, оның ішінде ұлттық мүддемізге негізделген тәрбиенің жаңаша тұрғыда қойылу талаптары. Сонымен бірге білімділік жайындағы түсінікке көзқарас та өзгеру үстінде. Бүгінгі педагогикада адам мен білімділік жайында дәстүрлі түсініктермен қатар жаңа ұғымдар да қалыптасып, педагогиканың антропологиялық негіздері алмасу кезеңіне аяқ басты. Білімді адам – көзқарастары қалыптасып үлгерген, көп нәрседен хабардар тұлға ғана емес, сондай-ақ, қазіргі мәдениеттің күрделі мәселелерін бағдарлай алатын, ұлттық құндылықтарын бойына жиған, өмірдегі өз орнын түйсінуге қабілетті, демек, өткен тарихынан хабардар, тәлім-тәрбиемен сусындап өскен, бір сөзбен айтқанда, мынадай алмағайып жаппай жаһандану жағдайында нақтылы өмірге әзір адам. Оқу-білім мен берілетін тәрбие еркін жеке тұлғаның қалыптасуына, оның басқа адамдарды түсінуіне, ой-өрісі мен қарым-қатынастарының қалыптасуына, ақыры, адамның белгілі бір іс-әрекеттерді жүзеге асыруына жағдай жасауы тиіс. Осындай қоғамның қай саласында болмасын кездесетін түрлі мәселелерді шешуде Марат Алмасайұлының педагогтық еңбегі білім беру саласындағы жаңа белес болып табылады. Күш-жігері толысқан, ақыл тоқтатқан, оның бойындағы қайнаған қажыр-қайратының арқасында жастарға үлгілі істерін көрсете білді. Мәкеңнің салмақты жүрісі, ойға қонымды сөздері, кім-кімді де жатсынбай бауырына тарта білетін қасиеті тек жастарға ғана емес, көбімізге үлгі-өнеге

боларлықтай десем, артық айтқандық емес. «Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын, жаманның жамандығын айт – құты қашсын» деген халық даналығын естіп өскен ұрпақ болғандықтан ағымнан жарыла айтқан тебіренісімнің еш оғаттығы жоқ болар.

Мәкеңнің бойында қандай істі қолға алмасын оның ақырына жетпей, нәтижесін шығармайынша тоқтамайтын қайсарлық пен мақсаттылық қасиеттері, оның ұйымдастыру қабілеті мен қайраткерлігін өзгелерден ерекшелейтін белгісі сипаттас болып табылады. Қанша адаммен қызметтес, талайлармен жүздесіп, дәмдес-тұздас болсам да, солардың арасында болған кездесулер дәл Марат Алмасайұлындай менің өміріме әсер сала алмапты. Мәкең әрбір сөзді бағамдай, байыптай біледі, жаспен де, кәрімен де тең құрбысындай сөйлеседі, әрі кіммен болса да тез тіл табысатын қасиетіне барлық ұжым қызыға қараймыз. Жүзіне үңілсең, өмірден көргені мен түйгені көп, жүрегі кең, көңілі кіршіксіз таза екенін бірден байқайсың. Өте кішіпейіл, адамгершілігі мол, әрі өте қарапайым жанның ұлттық тәрбие мәселесін қолға алғаны мені қатты қуантты. Сондайда қазақтың «Ұлық болсаң кішік бол» деген сөзі есіме түседі.

Марат Алмасайұлының ел көзіне алдымен шалынатыны кесек мінезі мен ойының да, бойының да бірдей үндескен нарлығы, алғырлығы, келісті тұлғасы мен кескін-келбеті, бауырмалдығы, мейірбандылығы, парасаттылығы, кісілігі, қайсарлығы, жан сұлулығы. Жиналыста, отырыстарда, қай жерде болмасын еңсесін тік, денесін нық ұстайды. Ұнамаған нәрсесін жасырын қалу Марат Алмасайұлының табиғатына жат нәрсе. Мәселені титықтап соза бергенді жек көреді. Шешіліп тұрған нәрсені уақытында шешіп кеткенді жөн көреді. Бұл оның сөзге тұңғышына тереңнен бойлай мән беретіндігінің, қадірін түсіне, ойлана білгендігінің көрінісі деп бағамдаймын.

Ішкі және сыртқы мәдениеті үйлескен

жанның қалжыңды жиі, әрі орнымен айтуы Мәкенді жаңа бір қырынан танытады десек те болады.

Марат Алмасайұлы қоғамдық құбылыстарға терең түсінікпен, шәкіртеріне, мейлі алдына келген басқа жандарға болсын үлкен кеңшілікпен, әкелік, ағалық, замандастық қамқорлықпен қарайтын ұстаз. Өйткені, өзін де осы қоғамның белсенді азаматы, белді қайраткері санайды. Ұстазға қарап, ұлылықты бір ғана ұстаз бейнесінде тоғыстырған адамдықтың биік үлгісін көреміз.

Мәкең жас мамандарды Отансүйгіштікке, адамгершілігі мол, білімді, азамат болып өсуіне күш-жігерін жұмсап жүрген жанашыр жанның бірі. Жасыратыны жоқ, білім саласында еңбек етудің өзіндік ерекшеліктері мен ауыртпалықтары жетерлік. Алайда, соған қарамастан ерік-жігері, күш-қуатын зейнетке шықса да, кәнігі кісідей атқарып отыр. Мәкеңдей мықты азаматымыздың бары көңілге демеу береді.

«Ағаш жапырағымен, адам ұрпағымен көрікті». Қазірде халық құрметіне бөленіп

отырған Марат Алмасайұлы аяулы жары Роза жеңгей екеуі 3 қыз, 1 ұл тәрбиелеп өсіріп, немере, шөберелерінің қызығына бөленіп отыр. «Ұлың – ізің, қызың – көзің» демекші, ұяда көрген тәрбие балаларына қанат болып, барлығы да түрлі салада абыройлы еңбек етуде.

Марат Алмасайұлын 75 жасқа толған мерейтойымен құттықтап, зор денсаулық, ұзақ өмір тілеймін. Сіздің, жүріп келе жатқан өмір жолыңыз бүгінгі замандастырыңызға нұсқа, ұғымды ұрпаққа үлгі, өрелі жанға өнеге. Әріптестеріңіздің ортасында парасатына пайымы сай, бауырмал және сауатты, зерделі, сыпайы сый мен үлкен абырой иесісіз. Еліміздің дамуына, университетіміздің білім сапасының дамуына өз үлесіңізді аямай қосқаныңыз үшін бұл еңбектеріңізді мақтан етеміз!

Құрметті Мәке! Бүгінгі мерейлі мерекеңіздің қызығы жалғасып, таусылмасын, атқарып отырған ғылыми-өндірістік істеріңізге мол жетістік бола берсін демекпін!



Менің таңдауым – бейбітшілік, тұрақтылық және өркендеу!

Пірәлиев С.Ж.

БІЛІКТІ БАСШЫ, ЖАҢАШЫЛ ЖЕТЕКШІ

К.Нәрібаев

ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі

Резюме

Статья посвящена профессору Нуриеву Марату Алмасаевичу. В статье рассматривается о его ценных качествах и его вкладе в науку в сфере образования.

Summary

The article is dedicated to Professor Marat Almasaevichu Nureyev. The article discusses about his qualities and his valuable contribution to science in education.

Жоғары білім беру саласының белгілі қайраткері Марат Алмасайұлы Нуриев 75 жасқа толып отыр. Оның барлық саналы өмірі еліміздің Жоғары мектеп жүйесінде өтіп келе жатыр. Мәскеудің атақты жеңіл өнеркәсіп технологиясы институтын тамамдағаннан кейін елге оралып, республика экономикасына қажетті кадрлар дайындауға белсене араласты.

Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиясы институтында ұстаздық қызмет атқара жүріп, көптеген ғылыми еңбектер жазды. Осы салада ғылыми мектептің қалыптасуына үлкен үлес қосып, аталған ұжымның өсіп дамуына көп еңбек сіңірді. Өзі осы институттың ғылыми жұмыстар бойынша проректоры деңгейіне дейін көтерілді.

1960-70-ші жылдары Жамбыл технологиялық институты жаңадан ашылып, енді дамып келе жатқан осы саладағы еліміздің жалғыз жоғары оқу орны болғандықтан ғылыми-педагогикалық кадрлардың тапшылығы түсінікті жағдай болатын. Сондықтан өндіріс саласына мамандар дайындаумен қатар, ұстаз-ғалымдардың қатарын көбейтуге сіңірген профессор Нуриев М.А. сияқты азаматтардың еңбегін ерекше атау керек. Сол кезде Марат Алмасайұлы тәрбиелеген шәкірттерінің біразы қазір жеңіл өнеркәсіп

саласында басшылық қызметтерде жүрсе, енді біразы ғылыми-педагогикалық жұмыспен айналысып, ғылым кандидаты және докторы деген атаққа ие болып жүр.

1978 жылы Нуриев М.А. Алматыға ауысып келіп, Қазақ политехникалық институтының кешкі және сырттан оқытатын жүйесі жөніндегі проректор қызметіне тағайындалды. Ол кезде Қазақстанның көптеген өңірлерінде бұл институттың филиалдары мен жалпы техникалық факультеттері болатын. Осы бөлімдердегі оқу процессін ұйымдастыру, оның сапасын қадағалау әрі қызықты, әрі қиын міндет. Осы міндетті Марат Алмасайұлы абыроймен атқара білді. Жер-жерде жұмысшы жастардың өндірістен қол үзбей оқуына, сапалы жоғары білім алуына жақсы мүмкіндіктер жасалды. Оның ішінде Нуриевтің өзі ұсынған, дұрыс нәтиже берген әдіснамалар мен тәсілдер де бар.

Өзінің білімпаздығы және қажырлы еңбегінің арқасында Қазақ политехникалық институты сияқты белгілі ұжымда үлкен атақ-абыройға ие болды. Іскерлігі, еңбекқорлығы және жоғары білім саласында атқарған орасан зор қызметі лайықты бағаланып, 1984 жылы оған «Қазақстан жоғары мектебінің еңбек сіңірген қызметкері» деген құрметті атақ берілді.

Осы қызметтерін ескере отырып, мен 1984 жылы М.А.Нуриевті жоғары және

арнаулы орта білім министрлігінің аппаратына қызметке шақырдым. Ол кезде мен осы министрліктің жетекшісі едім. Марат Алмасайұлы министрліктің ең маңызды бөлімі – Жоғары оқу орындары бойынша Бас басқарманың бастығы және коллегия мүшесі болып тағайындалды. Бұл қызметті де ол үлкен абыроймен атқарды. Жоғары оқу орындарының жағдайын терең талдап, оқу-тәрбие және ғылыми-әдістемелік жұмыстарының жетілуіне тікелей ықпал жасады. Республика бойынша жоғары білім жүйесінің хал-ахуалын тез арада меңгеріп, осал тұстарына көп көңіл бөліп, өз ұсыныстарын беріп отыратын.

Осы министрлікте бірге істеп жүрген кезде М.А.Нуриевтің жаңашыл жетекші екеніне көзім жетті. Өз тәжірибемізді жетілдіру мен қатар, басқа елдердің озық тәжірибесін жинауға және оларды білім жүйесіне ендіруге көп көңіл бөлетін. Аппарат қызметінде істей жүріп ол өзінің басшылық, ұйымдастырушылық қабілетін дамытып, қайраткер ретінде қалыптасты.

Бұдан кейін де Марат Алмасайұлы елеулі қызметтер атқарды. Атап айтқанда, 1989 жылы Республикалық басқарушы қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтына ректор болып тағайындалды. Бұл кез ел экономикасының үлкен күйзеліске ұшырап, нарықтық қатынастарға көшуге дайындалып жатқан мезгіл болатын. Ол уақытта жетекші кадрлардың нарықтық экономикадан хабары жоқ және оны әлі мойындай да қоймаған. Сондықтан олардың бетін бері бұрып, нарықтық қатынастарға бейімдеу оңай шаруа емес еді. Міне, осы ауыр міндетті Нуриев М.А. басқарған институт абыроймен атқарды. Кәсіпорындар мен ұйымдардың жетекші мамандарынан бастап, сала басшыларына дейін түгелімен қайта дайындықтан өтті.

М.Нуриевтің басшылық қабілетін арттырып, жетекшілік мүмкіндігін дамытуда оның ҚР Президенті аппаратында атқарған қызметі, Алматы экономика және статистика академиясында ректор болып істеуі өте

маңызды рөл атқарды. Оның біліміне білім, тәжірибесіне тәжірибе қосылды. Міне, осылай терең білім, бай тәжірибе жинаған профессор М.А.Нуриев 2009 жылы Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетіне қызметке ауысты. Бұл ұжымда да ол өзінің іскерлігімен көзге түсіп, лайықты абыройға ие болды.

Алғашқы кезде ол білім берудің мазмұны мен жаңа технологияларын зерттейтін ғылыми орталыққа басшылық етті. Оқу жоспарларын, оқыту бағдарламаларын түбегейлі зерттеп, оларды жетілдіру жолдарын анықтады. Қазіргі заман талабына сай мамандарды дайындау үшін оқу үрдісіне, педагогикалық технологияға қандай өзгерістер қажет екенін белгілеп берді.

Сонымен қатар, университет ректоры, профессор С.Ж.Пірәлиев көтерген ұлттық тәрбие мәселелерін іске асыруға белсене араласып келеді. Атап айтқанда, осы «Ұлттық тәрбие» атты пәнді қалыптастыруға, оның мазмұнын анықтап, оқыту әдіснамасын жасауға зор еңбек сіңірді. Ұлттық тәрбие мәселелері туралы біраз оқу құралдарын және көптеген ғылыми мақалалар жазып жариялады. Осы күнге дейін ұлттық тәрбиенің өзекті мәселелерін зерттеуді жалғастырып келеді.

Профессор М.А.Нуриевтің осы бағыттағы тағы бір ерен еңбегін ерекше атап өту қажет. Ол «Ұлттық тәрбие» деп аталатын республикалық ғылыми-көпшілік журналын шығаруды ұйымдастырды. Алғашқы саны 2010 жылдың наурыз айында шыққан бұл журнал осы күнге дейін жүйелі түрде жарық көріп келеді.

Бүгінгі күнде бұл журналдың маңызы өте жоғары. Халқымыздың ұлттық болмысын түбегейлі талдап, рухани құндылықтарды, мәдени мұраларды тәрбие тұрғысынан қарастыратын бұл басылым өз оқушыларының марапатына ие болып отыр. Бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отырған ұлттық тәлім-тәрбие жайында, жас ұрпақты ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке баулайтын шыншыл мақалалар жариялап

келеді. Сондықтан да «Ұлттық тәрбие» журналы өзінің ерекшелігімен беделді басылым ретінде қазақ баспасөзінде өзінің ылайықты орнын алып отыр. Ал бұл мәселеде осы журналдың басы қасында жүрген профессор М.А.Нуриевтың еңбегі зор.

Кейінгі кезде Марат Алмасұлы өзінің жаңашыл ғалым екенін тағы да дәлелдеп,

қоғамдағы ең өзекті мәселе – интеллектуалды ұлт қалыптастыру тақырыбына бет бұрды. Бұл бағытта да жолы болар деген сенімдеміз.

Белгілі ғалым-ұстаз, білікті жетекші, Қазақстан жоғары мектебінің еңбек сіңірген қызметкері, профессор М.А.Нуриевті 75 жасқа толған мерей тойымен құттықтай отырып, оған өз басына зор денсаулық, шығармашылық табыс, отбасына бақ-береке тілейміз.

АЗАМАТ

Ә.Бейсенова, С.Қирабаев

ҚР ҰҒА академиктері

Резюме

Данная статья посвящена профессору, заслуженному работнику высшей школы РК Нуриеву Марату Алмасаевичу. В статье рассматривается его творческая деятельность и вклад в науку.

Summary

This article is dedicated to Marat Almasaevich Nureyev, Professor, Honored Worker of Higher Education of Kazakhstan. The article considers his life, creative activity and contribution to the science.

Марат Алмасайұлы Нуриевпен біз Мақтай Сағдиев арқылы таныстық. Республикаға аты кеңінен таныс, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Мақтай Рамазанұлы Маратпен құда болып, кейін екеуінің құдалығы достыққа, туыстыққа айналып кеткенін біздің көзіміз көрді. Марат Мақтайды ағасындай сыйлады, әсіресе жолдасы Төкетай қайтыс болғаннан кейін, Мәкеңді жалғызсыратпай, соны айналшықтап, көп қызмет істеді. Біз Мараттың осы кішіпейілдігін, азаматтығын ерекше бағаладық. Қазір Мақтайдың өзі өмірден озған күндерде, оның балаларының ақылшы ағасы, ең жақын жанашыры болып қалды. Мұның өзі біздің көз алдымызда Марат Алмасайұлын биіктетіп көрсетуде.

Осындай биік Азаматтығына қоса, Ма-

рат Қазақстан Республикасының жоғарғы білім жүйесіндегі қызметіне үлкен үлес қосқан, білімді және іскер азамат ретінде ел мойындаған қайраткер болып табылады. Ол – Қазақстанның жоғарғы мектебі мен ғылымының белгілі ұйымдастырушыларының бірі, білім жүйесіне еңбек сіңірген қайраткер. Мәскеудегі жеңіл өнеркәсіп технологиясы институтын бітіріп, аспирантураны мерзімінен бұрын аяқтап, кандидаттық диссертация қорғаған. Сөйтіп, өмірінің көп бөлігін, қажыры мен қайратын Қазақстанда жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиясын өркендетуге, жас кадрларды тәрбиелеуге, ғылыми бағыт қалыптастыруға арнады. Ол Қазақстанның жоғарғы мектебінде басшылық жұмыстар-

дың үлкен мектебінен өтті. Біраз жылдар Қазақ политехникалық институтында кешкі және сырттан оқытатын бөлім жөніндегі проректор қызметін атқарып, институт базасында Қаратау, Өскемен, Лениногорск, Зырян, Гурьев, Шевченко қалаларындағы филиалдар мен жалпытехникалық факультеттерде жұмысшы жастарды өндірістен қол үзбей оқытудың тиімді тәсілдерін іздестірді, оқу сапасын жақсартудың жолын тапты. Осы тектес қызметті ол Алматы халық шаруашылығы институтында да жүргізді. Онда Марат оқу ісі жөніндегі проректор болып, институтта осы заман талабына сәйкес озық оқу-педагогикалық процесті ұйымдастыра білді, жаңаша оқыту әдістерін енгізуге, экономикалық кадрларды даярлау ісін арттыруға қызмет етті. Мараттың Қазақстанның жоғарғы және орта арнаулы, білім министрлігінде коллегия мүшесі бола жүріп, оқу-әдістемелік басқарманы табысты басқаруы, Республика көлемінде оқу-әдістемелік кешендерді енгізуі, оларды жоғарғы дәрежеге көтеруі де атап айтуға тұратын істер. Қазақстан жоғарғы мектебінің жұмысын жақсартуға сіңірген Мараттың осы еңбегі, оның оқу-әдістемелік жұмыстарды жүргізудегі шеберлігі республика көлемінде кеңінен танылды. 1989 жылы ол ҚазақССР Министрлер Кеңесі жанындағы басқарушы қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін арттыру институтына ректор болып тағайындалды. Оның басшылығымен қысқа мерзім ішінде институтта осы замандық оқу-материалдық базасы құрылып, кәсіби деңгейі жоғары профессорлар мен оқытушылар құрамы жасақталды. Жаңа оқу жоспарлары жасалып, бағдарламалары іске қосылды. Мамандарды қайта даярлаудың мазмұны мен үдерісі қайта қаралды. Бұл институттың Республика шарушылығына тигізген пайдасы, әсіресе, нарықтық экономикаға өту кезінде анық байқалды. Ол нарықтық қатынастарды қалыптастыру кезінде кадрлардың біліктілігін көтерудің ірі орталығына ай-

налды. Кәсіпорындар мен ұйымдардың қатардағы мамандарынан бастап, экономика және қаржы, мемлекет және құқық, әлеуметтік саясат проблемалары бойынша, жоғарғы буын басшы қызметкерлеріне дейін тыңғылықты қайта дайындаудан өткізді. Оқу жүйесін жаңартуда институт шетелдер тәжірибелерін молынан пайдалана білді. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары Марат Президент аппаратында, Алматы экономика және статистика академиясында басшылық қызметтер атқарды. Бұларда Мараттың білімпаздығы, іскерлігі, жаңашыл басшы ретіндегі биік абыройы толығымен түсті. Қазір ол (2009 жылдан бері) Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде осы жұмыстарды жалғастыруда. Ол университет жанынан ашылған жаңартпа технологиялармен білім беру мазмұнын ғылыми-зерттеу институтында директор болып істейді. Кейінгі жылдары оның ұсынысы бойынша институт «Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми-зерттеу институты» болып қайта құрылды. Институт ұлттық тәрбие мен интеллектуалды ұлт қалыптастыру мәселелерінің ғылыми негіздерін, қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрін, менталитетін, оларды жаңа дәуірге сай құру жолдарын, ұлттық құндылықтарды жас ұрпақ бойына сіңіру мәселелерін зерттейді; жастарды Отанын, ұлтын, халқын сүйуге, ұлтжанды болуға баулу саласында үлкен жұмыс жүргізіп отыр. Осының бәрі Марат Алмасайұлының қайда жүрсе де, қандай қызмет атқарса да, жаңалық жолында ұйымдастырушы, қабілеті мол, кез-келген қызмет істейтін, білімді, іскер азамат екенін көрсетеді. Жасы 75-ке келсе де оның жаны жас, ой-пікірі тың, үнемі ізденіс үстінде. Біз білетін жан жары Роза екеуі балашаға өсіріп, ағайын туыстарының арасында қадірлі. Ұрпағын жаңа заманауи талаптарына сай тәрбиелеуде. Қадірлі достарымызға денсаулық пен бақытты өмір тілейміз. Оның үлкен Азаматтығын сыйлаймыз.

КЕМЕЛ ТҮЛҒА

Мадиев Өскенбай Қабылбекұлы

Алматы экономика және статистика академиясының Тараз қаласындағы өкілдігінің директоры, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы және Ұлттық инженерлік академиясының академигі

Резюме

Статья посвящена профессору Нуриеву Марату Алмасевичу. В статье говорится о его ценных качествах и его вкладе в науку в сфере образования.

Summary

The article is dedicated to Professor Marat Almasaevichu Nureyev. The article refers to its valuable qualities and his contribution to science in education.

Адам баласы туа салып, бірден ақыл-есі толысқан, білімді, білікті тұлғаға айналмайды. Ондай кемелденген тұлға болуына алдымен ата-анасы, одан соң мектеп, оқу орындарының ұстаздары көп еңбек сіңіреді, бір сөзбен айтқанда, өскен ортасы зор әсерін тигізеді. Әрине, бұлардан да бұрын адамның өмірде қандай да бір жетістіктерге жетуіне оның шыққан тегі, яғни, алла берген жаратылысы негізгі әсер етеді.

Мен әңгіме етейін деп отырған Марат Алмасайұлы Нуриев ағамыз жоғарыда айтылған шыққан тегі мен өскен ортасы бір-біріне сай келген, өмірде өзінің орнын тапқан, бүгінде елімізге белгілі ұлағатты ұстаз, білікті ғалым ретінде айқындалып отырған, бүкіл ғұмыры артындағы жастарға үлгі болатын кемел тұлға десек, артық айтпаған болар едік.

Бұл кісі маған әрі аға, әрі ұстаз, әрі дос болып келеді. Менің Мәкеңді алғаш көргенім 1963 жылы болды. Сол жылы қазіргі Тараз қаласындағы Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі институты филиалдан жеке институт болып құрылған жалғыз жоғары оқу орны еді. Мен сол институттың студентімін, профессор-оқытушы қауымының саны аз, көпшілігі жергілікті жердің оқу орындарынан

келгендер. Сондықтан, әрбір жаңа келген мұғалім біз үшін жаңалық болатын. Бір күні студенттер: «Ой, не білесіндер, Москвадан институт бітірген бір жас мұғалім келіпті! Мамандығы жеңіл өнеркәсіп саласынан екен, өте білімді, өзі келісті жігіт екен» деген әңгімені гуілдетіп жіберді.

Әртүрлі жиналыстар көп болатын, соның бірінде Мәкеңді алғаш рет көрдім. Сондағы алған әсерім: сұңғақ бойлы, қалың кара шашын артқа қайырған, келбетті, өзіне-өзі сенімді жігіт екен. Талантты жас мұғалім ұзамай-ақ институттың комсомол комитетінің хатшысы болып сайланды, көп игілікті істердің бастамашысы болды. Мен группаның комсоргі ретінде Мәкеңнің жігерлілігіне, үлкен ұйымдастырушылық қабілетіне, мәселені терең зерттеп, оны шеше білетін көрегендігіне риза болып жүрдім. Студенттердің арасында институт комсомол комитетінің хатшысы, жас ұстаз Марат Алмасайұлының абыройы өте жоғары болды.

«Түбінде ат болатын құлындардың, танауы кең келеді, қабыртқалы», — деп, термеші Камал Ендібаев жырлағандай, Мәкеңнің келешекте білікті басшы болатыны жас кезінен-ақ белгілі еді.

Жылдар өтті. Мен институтты біті-

ріп, армияны артқа тастап, өзім бітірген институтта мұғалім болып бір жыл істеп, 1969 жылы Москва жеңіл өнеркәсіп технологиялық институтының аспирантурасына түстім. Сол жерде Мәкең аспирантураның соңғы курсына оқып жатыр екен.

Мәкең мені дереу өз қамқорлығына алды. Бұрын Москвада болмаған, ғылыми жұмыстан тәжірибесі жоқтың қасы болған маған ғылымда да, өмірде де көп нәрсе үйретті. Мәкеңнің бойындағы тамаша бір қасиеті табандылық еді, ол кісінің алға қойған мақсатына жету үшін қайсарлықпен еңбек ететінін мен сол аспирантурада жүріп байқадым, бұл жөнінен ол кісі маған үлгі болды. Бірге болған сол жылдар Мәкеңмен аразда аға-іні болып, әрі дос, әріптес болып, біте қайнасуымызға себеп болды.

Мәкең аспирантураны мерзімінен бұрын кандидаттық диссертация қорғап аяқтады да, Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі институтында 1978 жылға дейін ғылыми бойынша проректор қызметін абыроймен атқарды. Мәкеңнің тікелей ұйымдастыруымен институтта ғылым кандидаттары көбейді, ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру жүйелі түрге көшіп, іргелі тақырыптар қолға алынды. 1971 жылы аспирантураны бітіріп келіп, мен де осы институтқа мұғалімдік қызметке кірістім, сөйтіп 1978 жылға дейін Мәкеңмен бірге жұмыс істедім. Мәкеңнің қолдауымен ғылым кандидаттарының көбісі сол қарқынмен ғылым докторлары болды, солардың арасында мен де бармын.

Сол жылдары ғалым Марат Алмасайұлы өзінің еңбегі мен білімінің арқасында жоғарғы мектептің көрнекті тұлғаларының бірі болуға әбден лайық екенін көрсете білді. Сондықтан болар, 1978 жылы Мәкең Алматыдағы Қазақ политехникалық институтына проректор қызметіне тағайындалды, ары қарай 1999 жылға дейін жоғарғы және орта арнаулы білім Министірлігінде, Алматы халық шаруашылық институтында, Министрлер каби-

неті жанындағы біліктілікті арттыру институтында басшылық қызметтер атқарып, халқына адал қызмет жасады, жоғары білім беру саласында белгілі азамат болды. 1999 жылы Алматы экономика және статистика институтында оқу ісі бойынша проректор қызметіне шақырылды. Институт ректоры Сағатбек Райымұлы Райымовпен бірге осы институттың іргесін қалап, оның дамуына, қазіргі белгілі академияға айналуына көп еңбек сіңірді. Институт академияға айналған соң Мәкең оның ректоры қызметін атқарды.

«Өмір-өзен» деп бекер айтылмайды. Тағдыр мені 2003 жылы Мәкеңмен бірге жұмыс істеуге қайта қосты, мен ол кісінің қолдауымен осы академияның Тараз қаласындағы филиалына басшылық қызметіне тағайындалдым. Бірге 2009 жылға дейін қызмет еттік. Сонда Мәкеңнің жоғарғы басшылық қабілеті, кең ойлайтын көрегендігі, қайраты мен жігерлілігі, жаңашылдығы сияқты тамаша қасиеттері кеңінен көрінді. Аз уақыттың ішінде жаңа оқу орны республикаға белгілі іргелі оқу орнына айналды. Ол кісінің ұйымдастыруымен академия республикадағы алғашқы жоғары оқу орындарының бірі болып, қашықтықтан оқыту технологиясын енгізді.

Қазір де Мәкең Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ-ның, кейін Мәкеңнің бастамасымен аты өзгеріп қайта құрылған Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми зерттеу институтының директоры ретінде жемісті еңбек етіп келеді. Осы жұмыста да Мәкең өзінің нағыз ұлтжанды патриот екенін көрсетіп отыр, ол кісінің басшылығымен институт ұжымы жастардың ұлт тәрбиесі мен ұлттың интеллектуалды потенциалын қалай қалыптастырамыз деген өзекті мәселелерін көтеріп, оларды шешу жолдарын ұсынып отыр. Адам бұл өмірге тек жұмыс істеу үшін ғана келмейді, өмірдің отбасы құру, ұрпақ өсіріп, тәрбиелеу, дос-жарандарымен араласу сияқты, тағы басқа да маңызды салалары бар. Құдайға шүкір, ағамыздың

өмірі бұл жақтарынан да сәтті де, жемісті. Көркем де, ақылды, байсалды мінезімен құрметті жеңгіміз Розамен бірге атағы ел аузында жүрген ұл-қыздар тәрбиеледі, немерелері желкілдеп өсіп келеді. Мәкеңмен Роза жеңгей екеуі қазіргі таңда балалары мен немерелерінің бақыттарына айдын көлдегі ай нұрына шомылып отырған қос аққудай өмір сүруде. Құда-жекжаттары, дос-жарандары елімізге белгілі, атақтары асқар таудай азаматтар. Мәкеңнің өмірінің бұл салаларындағы жетістіктері өз алдына бір үлкен әңгіме.

Қысқарта айтсақ, Мәкең туралы ойлансам Аллаһ ақылы мен қайратын, жігері мен талантын, өмірге деген құштарлығын, мейірімі мен талаптылығын қатар берген, осы қасиеттерін аянбай еңбек етумен ұштастыра отырып, өмірде үлкен табыстарға жеткен кемел тұлға көз алдыма келеді.

75 жастық мерейтойын зор қанағаттық сезіммен қарсы алып отырған Марат Алмасайұлы ағамызға осы мәнді де мағыналы, сәнді де салтанатты ғұмырыңыз ұзақ болсын деп тілеймін.

КІСІЛІК КЕЛБЕТІ ЕРЕКШЕЛЕНГЕН БАСШЫ

Сейсенбаева Жанар Айтбергенқызы

филология ғылымдарының кандидаты,

Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт

қалыптастыру ФЗИ директорының орынбасары

Резюме

В статье рассматривается жизнь и трудовой путь профессора Марата Алмасаевича и его вклад в науку в сфере образования.

Summary

The article discusses the life and career of Professor Marat Almasaevich and his contributions to science education.

*Адам емес, мәңгі өлмейтін – атағы
Жүсіп Баласағұни.*

«Елді Ер танытады», – дейді халық даналығы. Бұл ұғым адам санасымен бірге оянып, бүкіл өмірінде оның шындығына, тұрақты құндылығына көзін жеткізеді. Ұлттың, елдің, халықтың қабілеті де, сапасы да жекелеген тұлғалардың іс-әрекеті, өнері, қайраткерлік еңбегімен, оның кескін-келбеті, мінез-құлқымен өлшеніп, сол тұлғаға қарап, бүкіл ұлтқа баға беріліп жатуы да заңды құбылыс.

Бұлай болуы – сондай-ақ, әр қоғамның өзіне тән ерекшеліктерінің де көрінісі. Қазақ қоғамы ежелден «Сөз бастайтын шешен

мен қол бастайтын батырдың» болуына айрықша мән берумен келген. Қоғам да осы талап тұрғысынан қалыптасты. Орынды сөз сөйлеп, ұтымды әрекет бастай алған, тіршілігі таза, еңбегі адал, төрелігі әділ адамға көпшілік қолдау көрсетеді, сенім артады. Қазақ халқы ежелден ондай озық тұлғаларға бай.

Қазақ қоғамның білім саласына өзіндік қолтаңбасын қалдыра білген, оқу үрдісін дамытуда әлі де ерінбей еңбек етіп келе жатқан Марат Алмасайұлын халқымыздың

озық тұлғасы десек артық айтқанымыз емес.

Адамға ерекше қасиет, телегей-теңіз дарын, биік абырой, ерен атақ бергенде Құдай оның кескін-келбетін, болмыс-бітімін, тұртұлғасын, жүріс-тұрысын, кесімді сөзін, кесек ой-толғамдарын, алымы мен шалымын соған сай етіп жарататын көрінеді. Дәл осы қасиеттің бәрі біздің басшымыз, білім беру ісінің білгірі Нуриев Марат Алмасайұлының бойында қалыптасқан.

Марат ағай есімі танымал ғалым, білгір экономист, ұлағатты ақылшы, үлкенге – іні, кішіге – аға, шәкіртке – қамқоршы, қатарына – қадірлі жолдас. Әр адамның бойына біте бермейтін мұндай қасиеттер ананың ақ сүтімен беріліп, отбасы тәрбиесімен қалыптасады емес пе? Сондықтан да, дана халқымыз «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп қысқа да, нұсқа айтқан. Біздің осы мақаламызға жарқырап көзге түсуді мақсат тұтпаған, әркез жақсы істерді құптаған, ата кәсібін ардақтаған, ортасына сыйлы, сегіз қырлы, бір сырлы азаматтың өмір жолы арқау болып отырған білікті басшымыз Марат ағай бүгінде мерейлі 75 жасқа толып отыр.

Жеке басының мұратына ізденген жанның бәрі жеткен. Ал ұлт мүддесін көздеуден, халық қамын ойлаудан туатын биік мұрат кісінің бәрінің көзіне түсе бермейді. Өйткені, мұндай биік мұраттың жұлдызы парлаған парасат көгінде ғана жанбақ. Оны көзбен көріп, көңілмен танығанның өзінде де, талап қып талпынғанның бәрі діттеген жеріне жете бермеген. Оған жету үшін талап пен талпыныс емес, ең алдымен, Жаратқанның жар болуы шарт, сонан соң ерен еңбек пен берен мінез керек. Марат Алмасайұлы – Жаратқан жар болып, өзінің парасат көгінен ұлт мүддесінің, халық қамының қамқор жұлдызын жандырған, ерен еңбегіне, берен мінезіне сеніп, ұлт мүддесін көздеуден, халық қамын ойлаудан туған асыл мұратына жеткен адам.

Профессор Марат ағай табиғатында, ісі мен әрекетінде, еңбегі мен бейнетінде ілімнің шалқуы да, білімнің тасуы да, мінездің балқуы да бар.

Адамды қанша ұлықтағанымызбен, ол, бар болғаны, қара жолдың үстіндегі қаражаяу жолаушы іспетті: әлденені қара тұтпаса, әлденеге қарамаса, елегзіп, қадам баса алмайды. Ұстаз да, қанша биікте болғанымен, сол ұлы жолдың үстінде. Бірақ ол жолға да, қолға да емес, басқа қарайды, алдына ғана емес, айналасына, оңы мен солына бірдей көз салады, салт атты, сабау қамшылы емес, адасқан жандай жалғыз да жүрмейді, айналасымен, соңынан ерген шәкірттерімен бірге алға асады.

Марат Алмасайұлы Нуриев – ұзақ жылдар білім саласында еңбек етіп келе жатқан ұстаз, ғалым, мемлекеттік қызметкер және басшы ретінде қазіргі кезеңдегі Қазақстанның білім деңгейінің жағдайы мен дамуына оның жаһандану үрдісі кезіндегі жаңа заман талабына төселуіне өзіндік көзқарасы қалыптасқан тұлға. Көптеген жаңашыл көзқарастарымен тың түсініктерінің барлығы халықтың рухани дамуын жалпы адамзаттық құндылықтарын бағамдауымен байланыстыратын Марат ағайдың кісілік келбеті, адамгершілігі, қасындағы адамдарға көмек қолын ұсына білу қасиеті көптеген адамға үлгі боларлық. Бүкіл саналы ғұмырын оқу ағарту ісіне жұмсап, қазақ жастарын жанындай жақсы көріп, шұрайлы күндерінің шұғылалы болуына, бағыт бағдарларын айқындауына бар күш қайратын жұмсауының өзі мақтауға, мақтануға тұрарлық. Ол кісімен бірге жұмыс жасаған кезеңде халық қамын ойлар осы кісіден көп нәрсе үйреніп, терең ойлауға машықтандым. Осы бір биік бойлы, бидай өңді, қалың қасты, ілкі сәтте жүзі сұстылау болып көрінгенімен, тіл қатыса қалсаң жайдарыланып, әдемі әзілімен жаныңды жадыратып жіберетін Марат ағаймен алғаш кездескенде ол кісінің терең ойлайтын, жан-жақты толғай білетін қасиетіне, әдебиеттен, мәдениеттен таңқалдым. Ал, Марат ағайдың салиқалы басшы, сарабдал маман ретіндегі бір ерекшелігі – қандай жағдайда да тез шешімге келе алатын стратегиялық көсемдігі әрі

көріпкелдігі дер едік. Көріпкелдік дегеннен шығады, ағайдың көпшілік біле бермейтін тағы бір ерекше қасиеті бар. Ағайдың айтқан ой-тұжырымы білім саласынан болсын, саясаттан болсын, өмірлік тұжырымдардан болсын айтқаны айдан келіп отырады. Өйткені, ол кісінің жан-дүниесі әрдайым халықтың жай-күйінен, жұрттың «жанынан көрінетіндігімен», алыстан сермеп ойлай білетіндігімен ерекшеленеді. Марат ағайдың бүгінде ғылым мен білім саласына осындай өзгеріс енгізіп, жаңалықпен жаңғырту керек деген ойлары мен көзқарасы міндетті түрде жүзеге асып жатады. Сондай жағдайда ағайымыздың көрегендігіне танданбасқа амалымыз қалмайды.

Дарынды басшының басып өткен өмір жолы кез келген пендешіліктен өзгеше, тартысы мен тауқыметі, күнгейі мен көлеңкесі, табысы мен тоқырауы, қат-қабат қиыншылықтардан тұратын ғұмырын білім саласын жетістікке жеткізуді мақсат тұтқан оның ұстанған темірқазығы, мұраты – туған халқына, Қазақстанға барынша адал қызмет ету.

Жоғары білім беру мазмұнында өз ісінің шынайы шебері атанған, жұмысының бүге-шүгесіне дейін бес саусақтай білетін, қыр-сырына терең бойлап, қажетті кезінде «аударып-төңкеріп» тастап-ақ, жөнге келтіруді ұтымды ұйымдастыра алатындығымен де Марат ағай біздің ұжымға көп нәрсені үйрете білді. Мынау қызығы мен қиындығы көп өмірден түйгенім – ешкім де анадан төрт құбыласы сай болып туылмайды. Филология мамандығын бітірген мен өзім педагогика саласын жан-жақты қарастыра білуге, ұжымдағы тарих, география, биология мамандықтарының мамандарын білімнің жан-жақты саласына дайындауға машықтандым. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген нақыл сөз біздің ағайға арналғандай. Себебі, кез келген маман өзінің зерттеген оқыған, тоқыған аймағын терең түсіндіргенімен білімнің жан-жақты саласын саралап, ұғындырып, шәкірт тәрбиелей бермейді. Ал, Марат ағай өмірлік тәжірибесін, білімін жан-жағына

үйретуде еш жалықпайды. Ұстаз деген есімді естігенде, жаның гүлдей құлпыра кетеді. Осындай ұлағатты, кемеңгер, асыл жандарды жаратқан Алла тағаламызға шүкірлік етеміз. Бұрынғы заманда мұсылман әлемінде ұстазға деген сый-құрмет жоғары болған екен. Өйткені, білгенін басқаларға үйрету, адамгершілік пен имандылыққа баулу – ең сауапты істердің бірі. Оқу, білім, адамгершілік, әдеп, тәрбие – бәрін ұстаздан үйренген шәкірт ұстазды өз ата-анасынан кем қадірлемеген. Қайта терең ойлауға, жан-жақты түсінуге бағыт-бағдарын беріп, білім беру жолында жетілдірер бағытты көрсетуінен шәкірттерінің үйренгені де, үйренері де мол екені анық.

Бүкіл бір аумақтың үстімен де, астымен де тәртіпке тартылып, мемлекеттік мекеме, кәсіпорындардың, өндіріс орындарының жұмысын жүргізіп «қозғалысқа келтіретін» ағайдың қатаңдығы да бізге көп нәрсені үйретті, бізді қатайта білді десем артық айтқандығым емес шығар деп ойлаймын.

Қатаң тәртіп дегеннен шығады, Марат ағайдың өзімен және жұмысымен танысу барысында ол кісінің ата-бабасынан дарыған қаталдау мінезін, өктем сөйлеп, өткір сөз айтатынын, тәртіпті, реттілікті, тиянақтылықты сүйетінін, өзінен де, өзгеден де осыны талмай талап ететінін байқадық. Ата-бабасынан дейтін себебіміз, ағайдың шыққан тегінің, туған жерінің жай еместігін меңзегінім болып табылады. Кім-кімге болса да, кіндік қаны тамған жердің шапағаты тиері сөзсіз. Кең-байтақ қазақ жерінің әр өңірінің өзіне лайық көркі, қасиеті мен табиғат байлығы бар. Солардың ішінде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы әнге қосқан Үшқоңыр жайлауының жанындағы алыстан көзге шалынатын Шамалған жерінде туылған Марат ағайға сол өңірде дүниеге келген батыр бабаларының қасиетінің ерекше дарығандығы дер едім. Осы өлке ел билеген шешендерді, ақындар мен өнер майталмандарын айтпағанда он жеті жасында жоңғарларға қарсы ұрыста ерлігімен танылған Қарасай бабасынан

қалған тектілігі өктем сөйлеп, қатал талап қоя білуінен байқалады. Батырдың тектілігі ұрпағына даритынын әркез мойындаған халықтың ұрпағы болғандықтан, ағайдың қаталдығын бабасынан қалған тектілік деп ұғынамыз.

Ал, жай кездері үлкенмен де, кішімен де құрдасындай қалжыңдасып, ақкөңілділікпен ашық-жарқын жүретінін аңғардық. Осы қасиетін де үйреніп, өмірде осындай болудың да дұрыс екендігіне көз жеткіздік. Себебі, жұмыстағы қату қабақ қаталдықты тірліктің басқа жаймашуақ жайлы кезіне жетелеп әкелгеннен не ұтасың? Марат ағай қай салада қызмет атқарса да әкімшіл-әміршіл заманның өзінде жергілікті жердің жағдайына қарай, ең алдымен халықтың мүддесін ойлап, байсалдылықпен жұмыс істеген қызметкер.

Осы таңда адам өмір жолының асқар биігі – жетпістің бесеуінің шыңына шығып отырған ағайымыз көпшілік ғұмырын Қазақстан болашағына арнаған зиялы азамат ретінде таниды. «Еңбек – ер атандырады», «Адам еңбегімен көрікті», «Беделді сақтайтын берекелі еңбек» деп еңбек адамының өмірлік жолы көп адамға үлгі боларлықтай. Өмір жолында еңбексүйгіштік, қоғамдық белсенділікпен ерекшеленіп, нағыз азаматтық қасиеттерге ие ірі тұлға ретінде қазақ халқының игілігіне бөленіп, қызметтің ең қызықты да, қиын салаларын атқарып отырған абырой-беделіңізді атап өтпей кетуге болмас.

Ата-ананың тіршілігіндегі көрген қызық, білген жақсылығының ең бағалысы, аса қымбаттысы – перзент. Халқымыздың «Лашын құсқа ауа қадірлі, жүйрік атқа дала қадірлі, ата-анаға бала қадірлі» деген аталы сөзі тегін айтылмаса керек. Марат ағайдың өз балаларын, немерелерін мақтан тұтып, оларға тек асқар тау әке ғана емес, жандарына ең жақын дос ретінде өзін-өзі ұстауы ол кісінің терең көргендігін көрсетеді. Жұмыс жасаған кезеңде ол кісінің ұл-қыздарының жеткен жетістіктерін мақтана айтып отыратын кезеңдері мен немерелерінің біліміне сүйсініп, шөберелерінің әрбір қылығына жымиа еске алып отыратын сәттерінің куәсі болдық. Әкелік, аталық

мейірімін шашып отырған сәттерінде ол кісі өзінің ең бақытты жан екенін айтып, өнегелі өмірінен естеліктер айтып, жақсылық жасаудың осындай кемелділікке апаратын жол екендігін ұғындыруына таңданамыз. Ағайдың тәрбиелеген балалары бүгінде өмір шыңының асқар биігіне шыққан азаматтар десек артық айтқандық емес. Марат Алмасайұлы жары Роза апаймен ел ертеңін ойлар үш қыз, бір ұл, сегіз немере тәрбиелеп өсірген жандар. Ұлы Қанат Алматыдағы «Адани» атты көпсалалы құрылыс фирмасының бас директоры қызметін атқарса, Сауле қызы «ДалаТур» туристік фирманың президенті. Кіші қызы Айгүл бүгінде Қазақстандағы белді бизнес әйелдердің жоғары санатындағы тұлға. Немерелері шетелдің белді университеттерінің студенттері мен түлектері. Бүгінде Марат ағай мен Роза апай ұл-қыздары мен келін, күйеу балаларының, немере шөберелерінің қызықтарына тоймай, шаттанып отырған ата мен әже.

Бұл жылдар Марат ағайдың қоғамдық және жемісті еңбегінің нағыз кемеліне келген кезең болды. Туған елге деген сүйіспеншілік арқылы парасатты да рухы биік ізбасарларыңызды тәрбиелеу жолында дарынды ұйымдастырушы қырынан көрініп келеді.

Қорытып айтқанда, Марат ағай ақылы мен еңбегіне сенген азамат. Екеуі екі жақтап оны әжептәуір биікке көтерді, құлашын алысқа серметті, ойын тереңге бойлатты. Күнделікті қызметпен қатар ғылым қуып кандидаттық ғылыми дәрежесі мен профессор, жоғары мектепке еңбегі сіңген қызметкер атағына ие болды. Сөзден гөрі істің адамы ғалым ағайымыз – білім саласына өзіндік үлесін қоса білген азамат.

Қоғам игілігіне бағышталып отырған ерен еңбектеріңіздің еліміздің нығаюына өзіндік үлесі бар. Осынау игілікті істе қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз қашанда арта бергей! Роза апай екеуіңіз бала-шағаларыңыздың ортасында, немере-шөберелеріңіздің қызығына тоймай, шәкірттеріңізге қамқоршы болып, ұлтымызға ад-ал қызмет жасайтын алаш азаматтарын тәрбиелей беріңіз дегіміз келеді.

МОЛОДОСТЬ – ВСЯ ЖИЗНЬ

Цыренжапова Г.Г.

к.филол.н., начальник Управления регистрации
КазНПУ имени Абая

Түйіндеме

Мақала ҚР-ның Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор Марат Алмасайұлына арналады.

Summary

This article is dedicated to Marat Almasaevich Nureyev, Professor, Honored Worker of Higher Education of Kazakhstan.

Знаю Марата Алмасаевича столько, что уже и не считаю годы, а он при случае всегда подчеркивает наше давнее знакомство. Это несколько смущает, поскольку, наверняка, возникает вопрос: «Да?.. Тогда сколько же ей лет?» Порой Марат Алмасаевич с присущим ему юмором заявляет: «Галина запретила говорить, сколько лет мы знакомы!»

Марат Алмасаевич известен в стране как опытный и авторитетный работник высшей школы, более полувека своей жизни посвятивший развитию системы образования. Несмотря на свой высокий статус аксакала во всех смыслах, Марат Алмасаевич всегда открыт для общения. Он знает цену дружбы, доверия. Причина востребованности и бодрости духа Марата Алмасаевича – не только интеллект, способность воспринимать все позитивно новое, но и отсутствие в характере таких качеств, как зависть, гнев, леность или уныние, физически и духовно разрушающих личность. Его врожденная работоспособность закалена самодисциплиной и высокой ответственностью руководителя советского времени.

Коллектив Республиканского института повышения квалификации госслужащих при Правительстве Республики Казахстан, думаю, до сих пор с чувством благодарности вспоминает своего ректора М.А.Нуриева

за заботу и поддержку в тяжелые 90-е. В расчетные дни (тогда еще не было банковских карточек) Марат Алмасаевич выходил к кассе пообщаться с сотрудниками. Все весело шутили, смеялись. Как руководитель Марат Алмасаевич всегда поддерживал в коллективе спокойную рабочую атмосферу, без интриг и каких-либо недоразумений частного порядка, незыблемым правилом были интеллигентность и уважение друг к другу.

Позже Марат Алмасаевич стал одним из основателей Алматинской академии экономики и статистики, в становление которой вложил немало усилий, времени и души. На протяжении многих лет одной из причин выбора абитуриентами этого учебного заведения была репутация вуза, «где не берут взятки», и репутация ректора, у которого двери всегда открыты (так и было в буквальном смысле). Любой студент в любой момент мог без особых формальностей попасть к ректору на прием.

Очень ответственно относился Марат Алмасаевич к качеству обучения. Будучи лично знаком со многими преподавателями КазЭУ имени Т.Рыскулова, приглашал лучших из них для чтения лекций, проведения семинаров в молодой академии и со временем сформировал достойный профессорско-преподавательский состав.

Имевшийся в то время дефицит учебной литературы восполнялся разработанными ППС академии «Рабочими тетрадями для студента». Идея данного проекта принадлежала Марату Алмасаевичу. Предложенная им структура «Рабочей тетради» (цели, задачи изучения курса, учебно-тематический план дисциплины, содержание лекционного материала, задания семинарских занятий, список обязательной и дополнительной литературы, тестовые задания и вопросы для самоконтроля), а также особый дидактический аппарат способствовали рациональной аудиторной и самостоятельной работе студентов. На обложках изданий размещались фотографии лучших студентов, что вызвало неподдельный восторг не только самих отличников и активистов, но и остальных студентов академии. Так в АЭСА вознаграждали за хорошие результаты в учебе. Учиться по таким «Рабочим тетрадям» было и полезно, и радостно.

Марат Алмасаевич, наверняка, запомнился студентам неординарным ректором, который помимо академического общения (он читал лекции по курсу «Маркетинг»), всегда был готов выслушать по любому вопросу, дать совет, принять взвешенное решение. Преимущество некрупного по численности контингента вуза в том, что практически всех студентов знают по имени и фамилии и это способствует созданию комфортного микроклимата. Помню, по-отечески предостерегал одну студентку, решившую из-за материальных проблем устроиться на работу. А как Марат Алмасаевич танцевал на студенческих вечерах!

Вспоминаю совместную с Маратом Алмасаевичем работу того времени с понятным чувством ностальгии, большого уважения за его преданность делу, которому посвящена целая жизнь, самоотверженность и стремление сделать окружающий мир лучше. И все это каждодневно, без пафоса и позы. Без жалоб на недомогание, усталость (ну, неужели не случалось!), что называется «от звонка до звонка» – всегда на своем рабочем

месте. Марат Алмасаевич относится к тому типу людей, которым привычка к работе, воспитанная в молодости, вечно доставляет радость.

Перед тем, как зайти к ректору, мы порой уточняли в приемной или друг у друга: «Как Марат Алмасаевич? В духе?», хотя он и не проявлял признаков дурного настроения, напротив, всегда отличался спокойствием, дружелюбием, готовностью выслушать, пошутить. Но вот если Марат Алмасаевич переходил на «вы», то это действительно было признаком его неодобрения или недовольства. Эта черта характера – свидетельство его глубокой внутренней культуры и интеллигентности.

Сегодня, будучи директором НИИ формирования интеллектуальной нации КазНПУ имени Абая, Марат Алмасаевич занят научной разработкой основных факторов формирования интеллектуальной нации в условиях высшей школы, проблем национального воспитания молодежи, педагогических технологий и методик современного образования.

Издаваемый НИИ журнал «Ұлттық тәрбие» стал республиканской площадкой для обсуждения актуальных вопросов образования и воспитания, формирования нового интеллектуально-культурного типа личности, образованность которой должна быть сопряжена с богатым внутренним миром, высоким уровнем культуры, осознанно гуманным отношением к внешнему миру, приверженностью к национальным и общечеловеческим ценностям.

Марату Алмасаевичу присуща способность узреть в чем бы то ни было рациональное зерно либо до поры до времени сокрытый потенциал, оценить реалии настоящего, распознать веяния и тенденции будущего. Оптимист, человек большой жизненной силы, он в своих публикациях не просто назидательно наставляет с высоты своего опыта, но и продолжает генерировать свежие идеи, новые решения. Главное в нем – та искра, которая заставляет быть позитивным и энергичным. Он интересен, потому что молод душой.

МҰҒАЛІМНІҢ БҮГІНГІ ҚОҒАМДАҒЫ МӘРТЕБЕСІН АРТТЫРУ БАҒЫТЫ

Серік Жайлауұлы Пірәлиев

*Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, профессор,
Ұлттық ғылым академиясының Құрметті академигі*

Резюме

В данной статье рассматриваются основные направления по формированию статуса педагога в современном обществе.

Summary

Main trends on shaping the status of teacher in modern society is considered in this article.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты өзінің кезекті жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек», – деп білім, ғылым саласының алдына нақты міндеттер қойды. Сауатты елге айналу жолында жас ұрпаққа берілетін оқу мен тәрбиені дұрыс жолға қойылуын бағдарлауымыз керек. Бұл жерде дұрыс жолға қою деп отырғанымыз – балаға білім беретін мұғалімдерге жағдай жасап, біліктілігі мен білімділігін арттырып, дамыту үшін, ұстаздың қоғамдағы беделін көтеру мәселелері. ХХІ ғасырда кез келген мемлекеттің дамуында ғылым мен білімнің алатын орны ерекше. Кеше ғана көк туын желбіретіп шаңырақ көтерген егемен елімізді өркениетке жетелейтін білім бастауында мектеп, ал сол мектепте жас ұрпақ бойына білім негізінің мәңгілік іргетасын қалаушы – ұстаз тұрады. Ендеше ғылымның даму асуына, білімнің халық игілігіне қызмет етуіне ықпал ететін ұстаз беделін арттыру өзекті мәселе. Инновациялық дамудың негізінде білімді ғылыммен, ал ғылымды өндіріспен ұштастыру арқылы технологиялық кеңістік қалыптастыру арқылы дамыған отыз елдің қатарында болу – еліміздің даму стратегиясының басты саясатын жүзеге асыра аларымыз сөзсіз.

Бүгінде қазақ елі бүкіл әлемдік қоғамдастыққа өзінің әлеуметтік-экономикалық табыстарымен танымал, белсенді сыртқы саясатымен жоғары халықаралық беделге ие болған мемлекет. Алдыңғы қатарлы технологияларға иелік етіп отырған мемлекеттердің әлемдік аренада саяси-экономикалық салмағы басым болуының басты себебі, бұл елдер ғылыми-технологиялық дамуда үлкен көрсеткіштерге қол жеткізіп отыр. Қазіргі таңда кез келген елдің экономикасының дамуы, халықтың рухани және материалдық игіліктерінің артуы, ең алдымен, сол елдің ғылымы мен білімінің, мәдениетінің тұрақты дамуына байланысты екені шындық. Бүкіл әлемдегі ішкі жалпы өнімнің 50% астамы ғылыми-техникалық өркендеу есебінен жүзеге асырылатыны осыны аңғартады. Бүгінгі бәсеке заманында білім, ғылым мен техниканы жетілдірмей, дамыған елдер қатарына қосылу, шын мәнінде тәуелсіз ел болу мүмкін емес. Елдің саяси-әлеуметтік дамуын, мәдениетін, қорғаныс қабілетін жан-жақты дамыған ғылым ғана қамтамасыз ете алады.

Қазіргі кезде ел экономикасын көтеру, тұрақтылықты арттыру, халықтың әл-ауқатын жақсарту өте маңызды мәселе. Себебі, қоғамның қарқынды дамуы әлеуметтік, экономикалық құндылықтарды, оның ішінде қарым-қатынас және адам мәдениетінің

деңгейін түбегейлі жетілдіруді керек етіп отыр. Әсіресе, әлемдік деңгейде қарым-қатынас мәселелерінің шиеленісіп отырған шағында өзіміздің ұлттық болмысымызды сақтап қалу, рухани мәдени ахуалымызды әлемдік өркениет биігіне көтеру мәселелері, соған орай тұлғааралық қарым-қатынасты ізгілендіру, оны ең жоғары мәдениеттіліктің деңгейіне көтеру негізінде тұтастай интеллектуалды ұлт қалыптастыру қажеттілік талабы айқындала түсуде. Ол үшін, әрине, отандық білім беру саласындағы тәлім мен тәрбие үдерісін әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып, өзіміздің ұлттық дүниетанымдық ерекшеліктерімізді ескере отырып, ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар негізінде жаңа инновациялармен толықтыру керек.

Елдің дамығандығының белгілері ғылым мен техниканың, экономиканың жетістіктері болса, оның бастауы – білімде, ал білім беру негізі – мұғалімнің біліктілігі мен біліміне келіп тіреледі. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Бәсекеге қабілетті маман дайындайтын мұғалімнің білім мен біліктілігі оның педагогикалық шеберлігіне байланысты. Педагогикалық шеберлік дегеніміз үнемі жетіліп отыруды қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу өнерінің негізі. Ол өнерге балаларды сүйетін және өз қалауымен жұмыс істейтін әр педагогтің қолы жетуі мүмкін. Педагог – өз ісінің шебері, жоғары мәдениетті, өз пәнін терең меңгерген, ғылым мен өнердің тиісті салаларынан хабардар, жалпы, әсіресе балалар психологиясының мәселелеріне қанық, оқыту мен тәрбиенің әдістемесін жетік игерген маман. Дүниеде адамды тәрбиелеп, азамат атандырғаннан артық абырой мен құрмет, сондай-ақ, одан ауыр міндеттің жоқтығы. Сондықтан, ұстаздың сапасын ең жоғары деңгейге көтеруіміз керек. Өйткені, келешек ұрпақтың барлығы ұстаз қолынан өтіп, тәлім-тәрбие алады. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекшелігі – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне

жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Қазіргі таңда «ұстаз» деген ұлағатты есімді арқалап жүрген мамандардың барлығы дерлік өз маманының шебері деп айта алмаймыз. Себебі, ұстаз болуға мүлдем қабілеті жоқ балалардың кездейсоқтан осы мамандыққа түсе салуы да әсер етуде. Педагогикалық бағыттағы білім беретін оқу орындарына Ұлттық бірыңғай тестілеуден алған балы кейбір мамандықтарға түсетіндерден төмендерді де қабылдай береді. Тағы да осы сияқты қоғамда ұстаз беделін төмендеуіне алып келіп жатқан келеңсіздіктерді жою үшін, Қазақстан Республикасы мектептеріне зиялы, қабілетті мұғалімдерді даярлау бағытында педагогикалық білім беретін білім ошақтарына түбегейлі реформаларды енгізу керек.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Кейбір мемлекеттік оқу орындарына айрықша мәртебе беру туралы» 2001 жылғы 5 шілдедегі Жарлығымен ұлттық университеттерге бұрынғыдан гөрі кең құқықтар берілгені белгілі. Бұл жоғары оқу орындарының басшылары Президент Жарлығымен тағайындалатын болуымен қатар, оқу орындарына жоғары жауапкершілік жүктеді. Отанымыздағы осы айтулы ұлттық университеттердің ректорын Елбасының бекіту үрдісінің қалыптасуы бұл оқу орындарының беделін көтерумен бірге уақыт өлшеміне сай білім берудің деңгейін көтеруге өлшеусіз үлес қосуда. Бұл сапта еліміздегі айтулы тоғыз ұлттық университет жұмыс жасауда. Осы тоғыз ұлттық университет қатарынан Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетін бөліп көрсетудің маңызы ерекше. Себебі, ол Республикамыздағы педагогтарды даярлайтын «Ұлттық педагогикалық» статусына ие жалғыз университет болып табылады. Бұл мақсатқа жету жолында біріншіден, біздің университет елде жетекші педагогикалық ЖОО-ның бірі болғандықтан, біз ең алдымен білікті,

білімді педагог мамандарын даярлаумен айналысатын республикамыздағы жетекші беделді жоғары оқу орнына айналуымыз қажеттігін айқындап отыр. Қазіргі таңда елімізде мамандықтардың әр түрлі жеке меншік жоғары оқу орындарында жаппай қайталануынан, диплом алған мамандардың кәсіби білімінің төмендігі көзге ұрып тұрады. Сол себептен, біздің университеттегі педагог мамандарды даярламайтын профилді емес мамандықтарды қысқартып, барлық интеллектуалды потенциалды мұғалім дайындауға арналуымыз керек деп ойлаймын.

Екіншіден, оқытудың коммерциялық түрі белең алып кету себебінен, тек оқу ақысын төлей алса болғаны, ешқандай да дайындығы жоқ адамдар қиналмастан қалаған университетіне оқуға түсе алады. Педагогикалық шеберлік – ұстаздық талантпен тығыз байланысты. К.Д.Ушинский: «Педагогика теориясын қаншама жетік білгенмен, педагогикалық әдептің қыр – сырын меңгермейінше бұған оның оның қолы жетпейтіндігін», – айтады. Сондықтан, педагогикалық мамандықтың қолжетімді мамандыққа айналуын болдыртпаудың бірден бір жолы – ақылы бөлімдердің оқу ақысын мемлекеттік грант мөлшерімен теңестіріп ұстаз болуға қабілеті бар жастарды ғана тандап қабылдау керек. Жоғары білімнің жаппай коммерциялануы мен кадрлар дайындаудағы кемшіліктердің одан сайын көбейіп кетуінің тағы бір себебі – ЖОО-да сырттай оқудың тым көбейіп кеткені. Өңірлердегі бірқатар жоғары оқу орындарында сырттай бөлімдерде оқитын студенттердің саны студенттердің жалпы санының 55 пайызынан да асып отыр. Бұдан сырттай оқу бөлімдерін жабуды тездетіп қолға алу қажеттігі туындайды.

Экономикамызды, мәдениетіміз бен ғылыми өркендеуімізді іске асыратын, еліміздің басты капиталы, жоғары білікті мамандардың әрқайсысы ұстаз алдынан білім алады. Демек, қоғамға қажетті адам ресурсын даярлап шығатын педагог-ұстаздар қауымы.

Ал, осы педагог мамандарын даярлайтын Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті өзіне талантты да, дарынды жастарды тарту үшін оқуға қабылдау талабын өзгерту қажет. Мұндағы мақсат, ұлттық мәртебесіне ие педагогикалық университетті республикамыздағы ең жетекші оқу орындары қатарынан да биікке көтеріп, халықаралық дәрежеге сай сәйкестендіру. Ол үшін, ең алдымен, бұл оқу орнына қабылдану ереже-талабын өзгертіп, Назарбаев университеті немесе Халықаралық «Болашақ» бағдарламасы талаптарына орайластырып, өзіндік дәстүрін қалыптастыруымыз керек. Ол ең алдымен біздің университетке оқуға қабылдау мерзімі басқа республикадағы университеттерден ерте басталуы шарт. Әр мамандықтың ерекшелігіне байланысты шығармашылық емтихан тапсыруы тиіс. Халықаралық және Республикалық олимпиада жүлдегерлері конкурстық қабылданғаны жөн. Бұл дегеніміз біздің университетке дарынды да талантты жастарды тарту деген сөз.

Мемлекеттік стипендиялар көлемі басқа ЖОО-нан екі есе жоғары болу жағын қарастыру. Себебі, халыққа білім беріп, ел ертеңін оқытатын мамандықтың қиындығы мен ерекшелігін ұғындыруда осындай іс-әрекеттер орынды деп санаймын.

Қалалық қоғамдық көліктердің барлық түріне жүріп-тұруына 50 пайыздық жеңілдік жасалынып, студенттерге мемлекеттік мәдениет орындарында (музей, театр, көрмелерге) тегін, ал жекеменшік мәдени орындарға 50 пайыздық жеңілдікпен болуы үшін бонустық карточкалар ұсынылуы қажет. Бұл жасалынатын жеңілдіктердің мақсаты болашақ ұстаздардың бойына рухани-мәдени деңгейлерін көтеру арқылы отанына деген сүйіспеншілік пен ұлтжандылық қасиетті дарыту. Мұражайлар мен театрларға классикалық туындылармен танысып, оның терең мәнін ұғынуына, болашақ ұстаздың өнердің қасиетін терең ұғынуына жол ашатын осындай жұмыстар аса қажет-ақ.

Білім алып жатқан мамандықтарының оқу құралдарын сатып алу үшін қалалық кітап дүкендерінен арнайы сертификат ұсынылып, студенттерді барлық жағдай жасалынған жатақханамен қамтамасыз етілуі тиіс. Сондай-ақ ағылшын, қытай тілдерін толық меңгерген студенттерге 50-60 мың көлемінде жылына бір рет бонустық карточка тағайындалуы керек. Бұл дегеніміз қазіргі күнде экономикалық қатынас пен ақпараттық тасқын әлемінде жетекшілік етіп отырған тілдерді үйренуге деген ынта жігерін арттыру.

Оқу орнында тәрбие мен білімді кіріктіру мақсатында қала сыртынан студенттердің арнайы қалашығы салынуы қажет. Бұл қалашықта білім алушылар оқудан тыс уақытын үнемді пайдалану мүмкіндігіне ие болады. Мұнда алған теориялық білімдерін практика жүзінде іске асыруға, мәдени деңгейлерін көтеруге, салауатты өмір салтын қалыптастыруға мүмкіндік беретін зертханалық, спорт кешендік және мәдени орталықтары болуы тиіс.

Осындай оқу орнында білім алу құқығына ие болған студенттерге арнайы төс белгі (значок) берілуі қажет. Мұндай төс белгіге ие болған әр студенттің кеудесіне аталмыш университетте білім алып жатқандығына деген мақтаныш сезімі ұялауы тиіс.

Сонымен қатар, бітіріп шыққан мамандарымызды да ары қарай жұмыспен қамтамасыз ету үшін арнайы шаралар қолдану қажет деп ойлаймын. Диплом алған жас маман мектепте жұмыс істеу құқығына ие болу үшін жолдама арқылы бөлінген мектепте екі жыл жұмыс істеп келіп, арнайы құрылған комиссияға кезекті Мемлекеттік емтихан тапсыруы қажет. Соның нәтижесінде мектепте сабақ беруге рұқсат сертификатқа ие болулары тиіс. Себебі, бітіріп шыққан жас маман бірден мектепте сабақ беруге даяр емес. Сондықтан, мектепте екі жылдық тәжірибеден өту арқылы сертификатқа ие болған маман ғана толық қанды мұғалім құқығына ие болуы шарт. Сонымен қатар, мұғалімдерге қосымша пәндерден сабақ

беруі үшін арнайы сертификаттарға ие бола алатындай мүмкіндік туғызуымыз керек. Айтып отырған жайт Германияның білім беру бағдарында бүгінде жүзеге асып отырған тәжірибе. Германияда мұғалім бірнеше пәнді қатар бере алу құқығы бар. Мысалы, математика пәнінің мұғалімі физикадан немесе дене шынықтыру пәнінен бере алады. Әр пәннен сабақ беру мүмкіндігі оларға емтихан тапсырып, сертификат алғаннан кейін рұқсат етіледі. Бұл тәжірибе республикамыздағы шағын комплектілі мектептердің мамандыққа деген тапшылығын шешудегі бірден бір жол.

Педагогикалық оқу орны болғандықтан, мектеппен өзара байланыс үздіксіз болуы шарт. Бұл бағыттағы жаңа жұмыстардың бірі – теорияны практикалық жұмыспен тығыз ұштастыру, сабақты мектепте, колледждерде өткізу. Сондықтан, университеттің педагог-оқытушылары тәжірибе алмасу мақсатында бес жылда бір рет мектепте 6 ай көлемінде сабақ беріп отыруы тиіс. Соған сәйкес мектептің тәжірибелі мұғаліміне де университетте біліктілігін арттыруға мүмкіндік беруі тиіс. Бұл кезеңде екі жақтың да еңбекақысы өз тараптарынан сақталуы шарт. Тәжірибеден өту қорытындысы арнайы құрылған комиссияда қорғалуы қажет. Бұл мектеп пен жоғары оқу аралығындағы бүгінде белең алған алшақтықты жақындатып, тығыз байланыс орнатады деп ойлаймын. Осы көтерілген мәселелерді үкіметтің арнайы қаулысымен іске асыруға болады.

Бұл ретте, барлық үміт – ұстаз бойындағы міндетте. Ұстаз – ұлағатты атау. Алтын ұя мектептің жаны да, ары да – мұғалім. Өнегелі ұстаздан өрелі шәкірт шығатыны белгілі. Себебі, ұстаз қаншалықты қабілетті болса, оқушы да соншалықты талапты болмақ. Ұрпақтың жұлдызын жағып, мәртебесін биіктететін де, тағлымын қалыптастырып, танымын кеңейтетін де осы ұстаным. Тіпті, халықтың элитасын қалыптастыратын да – осы ұстаздар. Тек жоғары білікті мамандар ғана қоғамда нақты құрметке бөлене алады. Ол үшін біз, жастарымыздың еуропалық

деңгейге тең біліктілік алуы қажет деген тұрғыдан, ЖОО-дағы педагогикалық мамандықтар бойынша білім берудің тұжырымдамасы мен стандарттарын түпкілікті қайта қарауымыз қажет. Және мұның бәрі оқытушы мамандығының абыройын көтеріп, педагогикалық ЖОО-на нағыз дарынды да қабілетті жастардың ұмтылуларына жол ашады деп сенемін. Қазіргі жұмыс істеп жүрген мұғалімдер үшін біліктілікті арттырудың мүлде жаңа жүйесін енгізу қажет.

Біліктілікті арттыруда шетелдің озық тәжірибелеріне сүйене отырып, жүзеге асыруымыз қажет. Мұғалімдердің беделін көтеру үшін мемлекеттік қызметкер ретінде қабылдап, еңбекақысы орташа мемлекеттік жалақыдан жоғары, және салық жеңілдіктеріне ие болуымен қатар, медициналық сақтандырылуы тиіс. Кейін жоғары зейнетақымен қамтамасыз етілуі тиіс. Мысалы: Германияда мұғалімдер мемлекеттік қызметкерлер болып саналады, сонымен қатар салықтағы жеңілдіктер мен жоғары зейнетақыға ие болады. Көптеген Еуропаның басқа салаларымен салыстырғанда жалақылары да жоғары болып келеді. Аптасына 25 сағаттық жүктемеге 3500 евро жалақы алады.

Сондай-ақ, мұғалімдерге дербестік беру мәселесі де жолға қойылуы қажет. Мәселен, жұмысқа қабылдағанда мектеп директоры емес, мемлекет тарапынан алынуы қажет. Мектеп директоры жоғары жақтың келісімінсіз, өз бетінше мұғалімдерді жұмыстан босата алмауы тиіс. Бұл жерде Франция елінің тәжірибесіне сүйенгеніміз абзал. Ол елде мұғалім жұмысқа қабылданғанда мектеп директоры емес, мемлекеттік өкілетті ұйым тарапынан алынады. Сол себепті, мектеп директоры жоғары жақтың келісімінсіз, өз бетінше мұғалімдерді жұмыстан босата алмайды. Мұғалімдік қызметке тұру да бұл елде әлдеқайда қиын. Бұл дегеніміз – мұғалімдік кәсіп абыройының жоғарылайтының бірден бір жолы. Мұғалімдік кәсіптің қиын

да, жауапты жұмыс екенін кез келгеніміз сөзсіз білеміз. Израильде мұғалімдерге әр алты жыл сайын бір жыл көлемінде шығармашылық демалыс беріліп, оның орны мен еңбекақысы сақталады. Біздің елде де мұғалімдерге әр алты жыл сайын бір жыл көлемінде шығармашылық демалыс беріп отыру еш артықтық етпейді. Әрине, бұл мерзім аралығында оның орны мен еңбекақысы шетелдегідей сақталануы керек. Сонымен қатар, Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі мұғалімдердің таңертеңгі 09.00 дан кешкі 18.00 дейін мектеп қабырғасында міндетті отыруы шарт ереже Республикадағы барлық мектептерге таратылуы қажет. Себебі мұғалім сабағы жоқ уақытында да мектепте ізденушілік жұмыспен айналысып өзінің біліктілігін шыңдау қажет.

Грузияда педагогикалық университеттің студенттері мен мұғалімдері үшін медициналық сақтандыру тегін беріліп, ағылшын тілі мен компьютерді толық игерген мұғалімге жалақысына қосымша ақша беріледі. Бізге де осы елдердің озық тәжірибесін ескеріп, ұстанымдарын қолдану артықтық етпейді. Өйткені, сапалы білім беру, саналы ұрпақ тәрбиелеу – айтуға оңай, істеуге өте қиын міндет. Дамыған елдердің қатарына қосылу үшін, әрбір оқушыны бірегей тұлға етіп тәрбиелеуіміз шарт. Бұл тұрғыда келешекте мұғалімдер міндетті қосымша бос тегін 2 сағатын оқушыларға арнауы қажет. Осы қосымша сағатта мұғалім оқушыларды театр мен мұражайларға апарып, экскурсиялық сабақтар өткізуге міндеттелуі қажет. Мәдениет орындарына оқушыларды апару арқылы әр мұғалім олардың ой өрісі дамыған, өз елі мен дүниежүзілік мәдениет пен тарихтан хабары бар тұлға қалыптастыруға өз үлесін тигізуі шарт.

Бүгінде мұғалімнің мәртебесін көтеру дегенде мұғалім жалақысын көбейту дегенмен орайласатырып жататын жайттар кездесіп жатады. Шын, мәнінде мұғалімнің мәртебесі тек қана оның жалақысын көтеру емес, ең бірінші ұстаз мәртебесі оның интеллектуалды, білімдік, жеке-дара

ерекшеліктерінің бағалануымен көтерілетінін естен шығармағанымыз жөн.

Біз көтеріп отырған бұл мәселелер мемлекет тарапынан қолдау тауып жатса, кемел ел болашағын қалыптастыруды дұрыс жолға қоя білдік деп ойлаймыз. Себебі, элиталы қоғам қалыптастыру үшін ең алдымен, еліміздің жарқын болашағы, жастарымызға берілетін білім мен тәрбиені қолға алып, жөндеуіміз керек. Білімді де, білікті мамандар даярлайтын педагог-ұстаздарымыздың мәртебесін көтеріп, қажетті жағдай жасағанымыз абзал. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңының 7-тарауында педагог қызметкердің мәртебесі жан-жақты қамтылған. Бірақ қоғамдағы педагог мамандардың әлеуетін дамытудағы белең алған келеңсіздіктерді реттеуде бұл аздық етеді. Бүгінгі таңда педагог еңбегін материалдық және моральдық жағынан ынталандыратын және оның әлеуметтік мәртебесін көтеретін барабар заңнамалық база мен жүйе құрылмаған. Білім туралы заңның арнайы тарауы ретінде қарастырмай, мұғалімдеріміздің беделін көтеретін және мемлекет тарапынан осы ұсыныстарды бекітіп, жүзеге асыратын арнайы заң қабылдануы қажет.

Бұл ретте бәрі де ұстаздың біліктілігіне байланысты. Білімді мұғалім – қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Сол себепті, ұстаз мәртебесін көтеру бүкіл ел мәртебесін көтеретін өзекті шаруа, келелі мәселе болып табылады. Елбасы да бұған баса назар аударып, Қазақстанды әлемдік деңгейдегі білім орталығына айналдыру туралы биік мақсат қойды. Соған орай білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы да қабылданды.

Озық елдер өздерінің білім саласындағы жетістікке жетуін негізгі үш міндетпен байланыстырады. Олар:

- ұстаздардан әрбір балаға тең дәрежеде көңіл бөлуді талап ету;
- педагогикалық кадр құрамының кәсіби

деңгейінің жоғары сапасын үнемі бабында ұстау;

– мұғалімдік қызметке барынша дарынды жандардың тартылуына көңіл бөлу.

Бізге де осынау ұстанымдарды әркез есепке алу артықтық етпейді. Өйткені, білім игеру – айтуға оңай болғанмен, жай міндет емес. Шешімі жан-жақты әрі жүйелі жұмыстың нәтижесіне байланысты.

Ол үшін педагогикалық университетте оқитын болашақ мұғалім-студенттердің сапасын ең биік сатыға көтеріп, шәкіртақыны көбейтіп және шәкірттеріне сапалы білім, саналы тәрбие берумен қатар, тіл үйрету, ағартушылық бағыттарында да елеулі еңбек ететін ұстаздардың да әл-ауқатын жақсартуымыз керек.

Ол үшін университеттегі атқарылатын ғылыми жұмыстардың сапасын арттыру – жас ұрпақты тәрбиелеуде нәтиже беруде үлкен мүмкіншілікке ие. Сол себепті, жастарды тәрбиелеуде бүгінгі күнге сай жолдарын қарастырып, амал-тәсілін табатын ғылыми жұмыстар ұйымдастырылу керек. Алысқа бармай-ақ, көрші қоңыстанған Ресей мемлекетін мысалға алатын болсақ, онда педагогикалық ғылыммен шұғылданытын көптеген ғылыми-зерттеу институттары бар екендіне куә боламыз. Ал, біздің республикада бұл жоқтың қасы. Сондықтан, осы университетте ұстаз тәрбиелеу мәселесін теориялық және практикалық ғылыми негіздерін қарастыратын ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарын ашу мемлекет тарапынан көңіл бөлініп, жолға қойылса құба-құп болар еді. Өйткені, елімізге керек дарынды тұлғаны да, білікті маманды да, адами қасиеті жоғары азаматты да қалыптастыратын – ұстаз.

Ұстазға қойылатын талап пен тілек қашан да ортақ. Ол – білімділік, имандылық, парасаттылық барлық ғылым атауылының алғашқы әліппесі өркениет ұстазының тәлім сабағында күн сайын үйретіліп, үлкен «білім мұхитына» айналып, рухы мықты, интеллектуалды ұрпақ тәрбиелеп шығару. Олай болса, осындай игі ниеттен туындаған

өзіміз тарапынан ұстазға қойлар талаптарды жүйелеп ұсынар болсақ:

Біріншіден – мәдениеті жоғары дамыған маман болуы керектігі:

1. Қазақ халқының және дүниежүзілік тарихтан жүйелі хабардар болуы;

2. Қазақ философиясын терең түсініп, одан нақты мысалдар келтіре алатындай болуы;

3. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің даму жолдарын дұрыс саралап, жаңа заман талабына сай баға бере алатын, дүниежүзілік әдебиеттен өзгешеліктерін түсініп, саралай алатындай болуы;

4. Қазақ қандай мәдениет түрлерімен мақтана алатындығы;

5. Бізде дамыған мәдениеттің түрлері мен одан қандай тәлім-тәрбие алуға болатындығы туралы мағлұматтардан хабары болуы.

Екіншіден – Қазақстан экономикасы мен оның даму жолдарының ерекшеліктеріне талдау жасай алуы. Қазақстанның дүниежүзілік қоршаған ортадан қандай жетістіктерімен (брендпен) орын алады деген сауалға жауап таба алуы. Үшіншіден – ұстаздың адами қасиетіне қойылатын

талаптар. Төртіншіден – білім, біліктілігіне қойылатын талаптар. Бесіншіден – жан-жақты дамыған «толық адам» екеніндігіне, оқушылардың қызыға қарайтын қасиеттерінің болуы. Алтыншыдан – ұстазға тән лидерлік қасиеттерге ие болуы. Жетіншіден – ұстаздықты таңдап алған оқушылардың дайындығы.

Еліміздің өркениеті мен экономикасын тұрақтандыру, патриоттық сезімін арттыру жолында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде жастарды ұлттық тәрбиенің қайнар көздерімен сусындату қажеттіліктері дұрыс жолға қойылып отыр. Мұндағы біздің мақсатымыз – жаһандану кезінде халқымыздың асыл қасиеттерін білім беру үрдісіне сіңіру арқылы ұлттық қасиетімізді сақтап қалу, келешек ұрпақты тәрбиелеу арқылы интеллектуалды ұлт қалыптастыру.

Сонымен, өркениеттің ғарыштап дамуындағы ғажап идеялар, дархан істер, ғаламат жоспарлар – жаңа ғасырдың қолынан ғана келеді. Ал, осы ғасырдың тізгіні – ұрпақтарының қолында ғана, ендеше ұрпақтың бар бақыты озық ойлы ұстаздың еншісіне ғана берілмек.



Қол жетпес шыңыраудағы су болғанша, пайдасы көпке тиетін жайдақ су
болған жақсы

Мұхтар Әуезов.

**КОНЦЕПЦИЯ
РАЗВИТИЯ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО ПОТЕНЦИАЛА НАЦИИ
В СИСТЕМЕ НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

АВТОРЫ:

д.п.н, академик С.Ж.Пралиев, д.х.н., профессор М.Е.Ермаганбетов, к.тех.н., профессор М.А.Нуриев, д.псих.н., профессор Ж.И.Намазбаева, д.п.н., профессор Ф.Ш.Оразбаева, д.п.н., профессор С.Т.Иманбаева, д.п.н., профессор Н.Н.Хан, к.п.н., профессор С.И.Калиева, д.п.н, профессор Л.М.Нарикбаева, к.п.н., профессор А.Е.Берикханова

Концепция разработана в целях реализации национального проекта «Интеллектуальная нация-2020», по гранту ректора КазНПУ имени Абая «Формирование интеллектуального потенциала нации в условиях высшей школы Республики Казахстан».

ВВЕДЕНИЕ

Концепция является основным документом, отражающим цель, задачи, принципы и условия развития интеллектуального потенциала нации (ИПН) в системе непрерывного образования Республики Казахстан. В Концепции формулируются стратегические ориентиры, которые должны обеспечить эффективность развития интеллектуального потенциала нации на основе усиления социально-педагогического партнерства в сохранении и развитии национальных и общечеловеческих ценностей. Генеральная идея национального проекта «Интеллектуальная нация – 2020» связана с воспитанием казахстанцев новой формации, превращением Казахстана в страну с конкурентоспособным человеческим капиталом.

Нормативно-правовую базу настоящей Концепции составляют: Законы Республики Казахстан «Об образовании», «О науке», Стратегия развития Казахстана до 2030 г., Стратегия индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2003–2015 годы, «Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы», национальный проект «Интеллектуальная нация – 2020», Концепция воспитания в системе

непрерывного образования Республики Казахстан.

Важнейшим ресурсом экономического благополучия, политического процветания Казахстана, его индустриально-инновационного развития является человеческий капитал. Интеллектуальный потенциал нации становится определяющим фактором успешной конкурентоспособности государства в мировом экономическом и социальном пространстве. Он раскрывается через творческие способности людей и их профессионально-квалификационный уровень, позволяющие создавать новые знания для эффективного социально-экономического развития страны.

Современное общество нуждается в умной, компетентной, креативно мыслящей личности, управляющей собственной интеллектуальной деятельностью во взаимодействии с членами социума. Проблема ее развития отнесена к приоритетным областям в политике Казахстана. В силу этого возрастают требования к стратегии формирования и управления интеллектуальным потенциалом нации.

Интеллектуальный потенциал – интегративное понятие, объединяющее все виды интеллектуальной деятельности и ее

to a modern Kazakhstani society, didactics of high school. The most important aim is to study valuable ideas of students teaching, the conceptions of educators and researchers of the past, to analyze these conceptions according to modern requirements of educational system and to use them in practice. Studying this problem we analyzed scientific literature in History, Psychology, and Pedagogics and came to the following conclusion:

Firstly, the advanced concepts of educators and researchers of the past made their contribution in the development of the personal psychology study, cognitive activity, and thinking. These concepts are scientific basis for further development of high school didactics.

Secondly, Kazakhstan, being an independent state, pays a great attention to a world integration of intellectual potential.

Thirdly, the future specialists training model in high school must correspond to modern market conditions of the society.

Modern teaching approaches in high school are;

- a continuous unity renewal in philosophical, psychological, and pedagogical aspects of different sciences;

- the correspondence of high school didactics to world interests;
- an effective substantiation of the state standard according to the specificity of future specialty;
- the education informatization and the creation of new techniques and new teaching forms.

These four approaches promote the development of high school according to social changes and they are motive forces of the actions that will stimulate the self-development of a teacher and a student. That is why; let's pay the attention to a cultural wealth in our research work as it is a necessary condition of a teaching development in high school according to modern requirements. As a result, in our research work we firstly, emphasized the History of General Didactics, the research of its methodological and philosophical fundamentals; secondly, analyzed historical and philosophical genesis of didactics and cover turning points of its development; thirdly, distinguished the peculiarities and the place of didactics in the system of modern higher education; fourthly, constructed pedagogical techniques that would help to develop a student as an independent personality.

To decide the problems stated above we studied the scientific and pedagogical didactics fundamentals as a whole system. Analyzing historical development of didactics, it's turned out that its origins are in a world space.

We study the development of high school didactics from the scientific and pedagogical point of view, having divided its historical development into three periods.

The first period (XVII c. – the first part of XIX c.). At this period, a person who wanted to get an education was a passive listener of a teaching process. A reproductive type of a teaching and cognitive activity was generally used at this period.

We found out in our research work that there was no harmonic outlook in historical and philosophical genesis of general didactics corresponding to a world level. The subjects of inquiry were inner components of a

cognitive activity, thinking, an ability to make philosophical conclusions, that is why this period was characterized as a period when didactics became a separate science.

The second period (the second part of XIX c – 80-s of XX c.). At this period, a learner was formed as an executor of any activity.

It was fulfilled with heuristic methods. The control of the teaching process was centralized and the problems of its development became the themes of scientific research in 60-70-s.

At the first period of the didactics development we could not say a scientists' name, in 80-s of XX c. such names as Vygotskiy L. S., Gal'perin Ts., Zankov L., Davydov V., Amonashvili Sh., Goncharova T., Turbovskoy Ya. S., Skatkin M. N., Lerner I. Ya., Shamova T., Menchinskaya N. A., Rubinshtein S. L. and others became well-known. They formed heuristic methods of teaching in their works. Thus, the scientific work of these scientists made a contribution into didactics development:

- the theory of a stepwise skills forming (Gal'perin P. A.);
- the methods of problem teaching (Skatkin M. L., Lerner I. Ya.);
- the methods of a cognitive activity activation (Shamova T.).

Moreover, in any sphere of science, didactics does not separate scientific and teaching aspects from an educational one. Didactic aims join teaching and educational aims.

At this period a great attention is paid to the creation of the humane educational model in the teaching process. The third period (1991-2005). A future specialist is not an executor but a creator. A new educational paradigm is changing according to the requirements of a modern society. There are natural ties between education and upbringing. These ties consist of double qualitative indexes: teaching process and developing process. In accordance with it we distinguish the following heuristic levels that help to obtain a creative teaching.

The first level is a product of a reproductive, empirical period.

The second level – at this level a student's

will-power is involved in an educational and cognitive activity. A student works with diligence, tries to do the task completely, but when he meets with difficulties he can leave the task unfinished. During the term he works systematically but usually he shows an initiative only at the end of the term.

The third level – a student's will-power in heuristic level participates in all forms of educational and cognitive activity during the whole lesson, during the whole term. The task is always finished.

At the period of an intensive society, science and technology development the process of teaching and learning is changing. This thought was expressed by Lotar Klinberg. If we evolve this thought we can come to the following conclusion:

- it is impossible to decide didactic problems in a "pure" type;
- there is a necessity to study didactics on the interrelationship basis with other science fundamentals. It assists to widen didactics horizons and make its contents deeper.

Analyzing the educational process we noticed that to meet new requirements of high school we have to get rid of usual, traditional, one-side teaching.

L. Clinberg considers that didactics is an important constituent of the teaching process in any sphere of science and that is why it must guarantee the teaching process as the whole one.

The notion "genesis" in philosophical dictionary has the following meaning (Greek – "GENEZIS") – origin. This term was used for the first time in Greek mythology and later in Philosophy by Fales, Heraklit, Kant, Gegel and others. As a condition of appearing something new but on the basis of something old.

We understand the term "genesis" in didactics as an appearing of something new, an activity that determines the process of development. The main goal in researching the genesis of didactics development is to divide the didactics development into stages, the reasons of its scientific and pedagogical development, searches and discoveries of scientists and educators.

To prove the idea that "the teaching process of a person must be held in integrity" we analyzed the works of scientists and educators and found the necessity to study didactics genesis.

Analyzing scientific and pedagogical development of school didactics we can see that the transfer from reproductive to empirical period was holding for a long period of time.

No matter, how a student gets knowledge, what didactics objects are used, his outlook is formed as an integral system.

During the seminars and practical lessons a student has an opportunity to choose a problem on his own and find alternative ways of its decision. While the student is acquiring such a system of education he acquires the skills of combinatory actions.

Knowledge acquiring on a creative level stimulates the acquiring of encyclopedic knowledge.

The basis of didactics is the contents of education. Teaching is an activity natural for a person, and the fundamentals of didactics is a sum of teaching theories and education theories. To form the system of didactics' fundamentals we proved a theoretical methodology in activating a teaching and cognitive activity of the student.

Thus, the main principle of the law of education is the teacher's aspiration to join the teaching theory and the education theory and determine the motives and the necessities of learning.

Education in high school is subordinated to a cognitive interaction between the teachers and their students. The teacher writes a programme including the requirements of the typical programme and the characteristics of the specialty. Didactic objects of the curriculum are concretized, divided into blocks, modules, all available text-books to put this programme in practice.

U. Kunisevich and V. Okon' analyzed some methods of the education contents and its system. At first knowledge is planned as a line method. The whole material is taken as in an integral system. This method is fulfilled thanks

to the connection of separate parts of a course into a single entity.

The second method is a concentrated method. A problem in the material is viewed from different points of view, consequently, the student, repeating the material from different aspects, deepens his knowledge during the cognitive process. The contents of education deepens, the student get an opportunity to reach new, high goals as well as new opinions and thoughts.

The third method is an *anfractuouse method*. The problem is chosen and defined more exactly; each student and each teacher repeats the problem that needs a decision again and again. The student in the process of cognitive activity is in a constant search and makes different types of researches.

The fourth method is a *module method*. This methods joints small elements of any theme of one problem, creating in this way the system of didactics fundamentals that consists of the following approaches; predictive, methodological (world outlook,), contrastive and elucidative, operation and active, controlling. Different types of teaching exist in world national educational practice. They are fulltime and part-time, home education, distance education by means of Internet and etc. types of lessons in the educational process.

Lecture (90-180 minutes with or without break) according to the contents of high school system.

Seminar is a practical lesson for working groups. Laboratory work is characterized by the use of technical devices, running experiments of different kinds. The lesson of non-standards forms (excursion, travel and etc.). Credit is a controlling lesson to check the quality of a learnt programme in any subject.

The system of education in republic of Kazakhstan allows foreign students to apply to Kazakhstani universities.

The following characteristics can be pointed out of continuous education realization:

- the effectiveness of educational system is based on the strategy of the society development;

- the system of education is directed to the future;

- the goals, the contents of education, pedagogical technologies, the forms of organization, controlling mechanisms are in a constant development.

The main goal of the educational system is the solution of traditional problems and the formation of a wider world outlook, the outlook of a planetary scale, and such common to all mankind values as ecological, economical, materialistic notions, the ability to protect nature.

The function of learning theory is the development of intellectual, social, moral features. The lines of modern educational system development are humanization, humanitarization, standardization, computerization, informatization, individualization, multi-variance, multi-level education and continuity of education.

Humanization of education is a formation of professional qualities by means of humane contents of the discipline that is taught on a definite didactic basis.

Humanitarization of education is the awareness of the importance and the meaning of people's life, to teach to decide social problems and get on with other people well, to know a native language perfectly, to speak a foreign language fluently, to learn the problems of economics and law well.

Standardization is the creation of educational documents, compulsory programmes, textbooks and course readers that determine the hour quantity for high school.

Individualization is when the teaching process is realized according to individual programmes.

Continuity is the connection and succession of the whole educational system. Depending on social and economical conditions, moral and vital values, a person has a necessity to continue his education, and also he gains some skills of self-development and self-teaching.

The controlling mechanism of the educational system is guaranteed by state official documents.

According to the Republican Kazakhstani law “About Education” only institutes, academies, universities as well as undergraduate courses, post-graduate courses, courses for Doctor’s degree have the status of high school. Such institute can carry out researches in any sphere of science.

Educational Law. There are internal and external mechanisms of the educational system. Teaching theory is subordinated to social requirements and is fulfilled by means of social, economical, political, cultural, social demands and government order.

The second mechanism of educational theory is goals and objectives of didactics, means and methods of teaching, the forms of organization, the relationships of the teacher and the student, the meaning and the contents of the teaching material.

All these will be the basis of scientific and educational teacher’s work.

External mechanisms of the educational theory are;

- the presence of a purposeful block;
- the selection of the educational contents, the choice of educational means and methods;
- the integrity of education and upbringing;
- the integrity and interinfluence of educational theory and environment.

External mechanisms of the teaching theory are;

- the students’ ability to find the solution of internal contradictions of the educational and cognitive activity, the students’ abilities, skills and habits, memory level, thinking, efficiency;
- the teaching effectiveness;
- the relationships of the teacher and the student;
- the submission of teaching results to a cognitive activity of the student and the control;
- the transitive process from lack of knowledge to knowledge, and vice versa, a one-sided knowledge acquiring.

The teaching principles are the cognitive activity of the student for a conscious knowledge learning; an effective teaching organization; the system of a learnt knowledge, step-by-

step knowledge learning; the connection with practice; the activity submission to theoretical conceptions and bases.

Different teaching types, styles, methods and technologies were formulated as a result of theory and practice development in history.

Each teaching type possesses as general features as its peculiar ones.

The first general characteristic is that any type of teaching has the system of principles. These principles consist of separate controlling goals of didactic basis and determine the size and the rules of the educational and cognitive activities. All these, together with the activity of the student and the teacher form a teaching process. General principles of didactic objects are shown in the following classification:

- the visual methods that are used to connect concrete and abstract notions;
- the formation of the submission system to the scientific and educational goals;
- the activation of cognitive activity; the development of the students’ independent search, the study of the students’ controlling system that is subordinate towards the teacher as an authoritarian and bureaucratic one; the application; the admitting of collaborative pedagogics;
- the interaction of the theory and the practice; the search for more effective teaching technology that will assist in getting teaching results;
- to foresee didactic objects to solve possible problems that can appear at the acquiring the educational material during the teaching process; the creation of the conditions for independent knowledge learning by the student; to prepare didactics tasks and instructions to solve problems;
- to direct the students’ development to acquire cultural heritage of scientists and wise men using the fundamentals of didactic theory, philolinguistic word craft, historic material, culture.

The second general characteristic is the repetition of stated processes. To specify the goal constantly, to analyze and use the means,

actions, methods, technologies that will help to reach the result. On one hand the teacher specifies educational goals and objectives, on the other hand he designs the students' activity, forms the plan to develop the educational level. If the teacher uses diagnostics to control the student's knowledge, such didactic objects in the structure of the educational contents as "composition", "style", "method", "image" and other terms will be classified, synthesized and form an integral didactic system.

The second general characteristic of the teaching theory is when the teacher predicts the structure of the educational activity that assists to get educational goals; when the most effective teaching technologies are chosen. Their usage in practice forms a subjective style of the student's and the teacher's action.

Teaching methods are the ways and forms of a lesson teaching. The process of the teaching methods classification is already formed:

The first - lexical method – is verbal: conversation, interview, discussion, lecture. The second is the practical method: excursion, tasks, laboratory work, experiment.

The third is the checking method: tests, term paper, credit, exam, project.

Lectures and seminars have some peculiarities. Lecture is prepared in a way

that large informational system is directed to organize an independent activity of 70% (90-180 minutes).

Seminars are for knowledge systematization, too deepen and to widen the theoretical knowledge.

The cognitive activity is organized by the teacher.

The didactic basis of teaching is the development of students' independent searching abilities. A training work is a form to organize a cognitive activity of the students. (the members of the group can be constantly changed).

The rhythm, lessons are held using the same textbooks and programmes according to the time table. An academic year consists of two terms, exam period and holidays. The results are summed up at credits and exams. The whole teaching process is finished with a state exam or a degree work. The description of the teaching process has a special meaning. First, the fact that didactics is the branch of pedagogics is taken into consideration. The basis of teaching process organization includes technologies, methods, strategies, new principles and searches. The categories of didactics are teaching, learning, education, teaching principles and requirements (the system of elements, tasks, the contents of education, forms, methods and means).

REFERENCES

1. *Оконь В.* Введение в общую дидактику: Пер. С польского Кашкуровича, – М.: Высшая школа, – 1990, 382 с.
2. *Пидкасистый* Педагогика. – М.: – 1998, 640 с.
3. *Юдин Э.Г.* Методологические проблемы системного подхода в социальных исследованиях// Структурно системные исследования явлений и процессов. – М., – 1970, с 3-4.
4. *Эсаулов А.Ф.* Активизация учебно-познавательной деятельности студентов: Научно-методическое пособие. – М.: Высшая школа, – 1982,- 223 с.

ӨЗІНДІК ДАЙЫНДЫҚ: ӨРІС ЖӘНЕ ӨЛШЕМ

Ж.Ж. Молдабеков

филос. ғыл. докт., әл-Фараби ат. ҚазҰУ-ң профессоры

Резюме

В статье раскрываются формы, этапы и механизмы повышения профессионального уровня самостоятельной подготовки специалистов и возможности ее реализации в контексте Стратегии «Казахстан-2050».

Summary

This article analyze the forms, levels and mechanisms of the professional grades of specialists self preparing and its realizations in the contexts of strategy «Kazakhstan-2050».

“Қазақстан-2030” Стратегиясында біз өзіндік жолымызды айқындадық. Қоғамдағы әрбір өзіндік қадам тиімді әлеуметтік саясатқа, демократиялық жүйеге және адам құқықтары саласындағы ең жоғары стандарттарға жақындатуда. Оқу жүйесін инновациялық зерттеулерді дамытатын жаңа саясатпен және көп салалы гуманистік дәстүрмен толықтыру – жаңа заман талабына айналу. Осы міндеттерді жүзеге асыру – ұлттық мүдде. Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, алдымен өзін қамшылауы тиіс.

Өзіндік дайындық мақсатты міндетке және бағдарлы мүддеге орай үнемі нақтыланады, пәрменді қарқын алады, жаңа практикалық қолдауын табады. Онсыз өзіндік дайындық адамның ынта-ықыласына және дүниетанымдық талғамына орай жүйеленбейді, бағдарлы арнасын таппайды. Өз шоқтығыма жетемін деген адамға – бұл нақты үлгі, үдемелі үрдіс. Оның өлшемі мен өрісі қандай? Өзіндік дайындықтың жаңа сапасы мен сабақтастығын қалай қалыптастыруға және жетілдіруге болады?

Өзіндік дайындықтың өрісі – тұлғалық және әлеуметтік әлеуетті әзірлеуде, рухани кеселдерден бой тартудың әрекетін бірлесе үдетуде, үйлестіруде. ал өлшемі - озық өміршең құндылықтарды қолдауда және

оларды тұрмыстық айналымға ендіруде. Алды-артын ойластырған дайындық бойдағы ресурсты құрайды, руханият қуатына талпыныс ендіреді.

Президент Н.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында: «Біз бүгін – өзіндік бетбейнесі бар, өзіндік ерекшеліктері мен өзіндік ұстанымы бар табысты мемлекетпіз. Әлемдік қоғамдастық таныған елміз...» деп бүгіміз бен болашағымызды үйлестіре атап өтті (1). Ескеретін жай: өзіндік дайындық – тұлғаға, азаматқа керек тәсілді әрекет, ал өзіндік ұстаным – мемлекет пен елдің белсенділігін арттыратын, қолдайтын бағыт-бағдар.

Жолдауда білім саласына қатысты қолмақты да кешенді саяси-әлеуметтік міндеттер белгіленген. Атап айтсақ: Біз бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет және сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Ол үшін (1) азаматтарымыз ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге (2), мемлекет ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге (3), әлеуметтік институттар өздерінің ғылыми-зерттеушілік қызметін белсенді дамытуға дайын болуға тиіс. Дайындықтың азаматтық, экономикалық, әлеуметтік жақтарын ұлағаттатқызатын және

соған тұрарлық ұлы, үйлесті ұстанымдар.

Ендігі «Қазақстан–2050» стратегиясының жаңа саясаты бағдарына лайықты білім беру жүйесін қалыптастыру, қоғамдық сананы жетілдіру міндеті айқындалуда. Бүгінде білім беру жүйесі мен қоғамдық сана арасындағы алшақтық ұлғаюда. Алшақтықты аяқтан алудың жолдары да, алда тұрған міндеттер де аз емес.

Әдістемелі тұрғыдан алсақ:

* бізге оқыту әдістемелерін жаңғырту және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн-жүйелерін белсене дамыту;

* кәсіпкерлікті дамыту және бизнесті қолдау жөніндегі бұрын қабылданған барлық бағдарламаларды ықпалдастыру;

* ұлттық рух, ұлттық болмыс негізінде инновациялық терең білім алу және технологиялар әлемінде қабілеттілік таныту керек.

Философиялық-интеллектуалды және білім беру деңгейде:

* дүниетанымдық дағдарыстан дүниетанымдық жаңа жүйеге шығу;

* қоғамдық, мемлекеттік және ұлттық сана-сезімді ояту, жетілдіру;

* жас ұрпақтың сапалық құрамын арттыру, тән мен жан тазалығын тәрбиелеу;

* көп сатылы, көп деңгейлі білім беру философиясын қалыптастыру;

* гуманистік дәстүр мен қазақстандық патриотизмді үйлестіру керек.

Осы бағытта сұраныс артуда және ол тегін емес. Білімге негізделген саясат сындарлы, экономика пайымды келетінін өркениетті дәуір дәлелдеді. Оның үстіне білім де, ғылым да әлеуметтік капиталдың құрамдас бөлігі, тіпті құралы болуы керек. Себебі іргелі зерттеулер әріптестер мен серіктестердің бірлескен іс-шараларының жемісі, жеңісі екенін жиі байқаудамыз.

Тұжырымдамалы ұстаным біртіндеп, өркениет салдарын болжау барысында қалыптасты. Елбасы «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасын ұсынғанда өз ұлтының бақытты болашағын, кемел

келешегін ойластырды, қуатты мемлекет құруды мақсат тұтты. Мақсаттың басты ұстанымы – жан-жақты дамыған білімді, мәдениетті, отаншыл, ұлтжанды ұрпақ қалыптастыру. Ұлттық жоба негізгі үш бастаманы қамтиды. Біріншісі, қазақстандық білім жүйесін дамытуда серпіліс жасау; екіншісі – ғылым саласын дамыту мен еліміздің ғылыми потенциалын арттыру; үшінші бағыты – қазақстандықтардың жаңа генерациясын қалыптастыруға бағытталған инновациялар жүйесін дамыту. Сонымен инновациялық даму білім жүйесін жаңа сапаға көтеруге және интеллектуалды ұлтты қалыптастыруға қызмет етуімен маңызды.

Инновацияның қарқыны мен қуаты адамның өзіндік түсінігіне, өзіндік дайындығына, өзіндік әрекетіне тікелей байланысты. Қарқынды өзіндік әрекеттің саналы, субъективті, сабақтас жақтарын білдіреді. Оны төртбірдей тұрғыдан – тұлғалық, ұрпақтық, ұлттық, елдік деңгейде қарастыруға, талдауға және бағалауға болады. Төрт тірек – өзіндіктің өлшемі әрі ауқымы.

Өзіндік дайындық әлеуметтік қатынастан тәуелді, ал жеке әлеуметтің мамандық бойынша, тұрғын өңір мен өлке бойынша өзіндік сипаты қандай десек, жауап әлеуметтік-мәдени мазмұнымен немесе көрсеткішімен қанағаттандырады. Нақты өңірдің өмірін, нақты өмірдің аумағын құрайтын өзіндік кәсіптің машақаты ерекше мәнді, нақты нәтижелі. Өзіндік - өз бетінше жұмылатын, әрекеттенетін даралық. Заңдылық пен ережеге, дәстүр мен сабақтастыққа сүйенетін өзіндік әрекеттің нәтижесі жаңа, мәнді, тартымды болуы тегін емес.

Өзіндік машақат нағыз жарастық пен жасампаздықта, интеллектуалды мәдениет пен демократиялық дәстүрдің аясында қалыптасады. Өзін-өзі тани білу машақаты интеллектуалды адалдық пен еркін жігерлілікте өмір ережесіне айналады. Интеллектуалды талпынысқа өзін-өзі тани білу, көргенін зейін-зердемен таразылау,

жеке бастың жауапкершілігін қатар алып жүру тән.

Адам өмірінде бұқаралық ақпаратқа сүйенген индивидуалистік талпыныс үдеуде. Оның нәтижесі кімді, қалай қанағаттандыруда? Білім жүйесінде өзіндік ізденістің көпсатылы ерекшеліктері нақты және толық ескеріле бермейтін кезеңге ұшырауадымыз. Оқытудың технологиялық параметріне баса назар аударушылық адам факторының формалдық ұқсастығын негізге алады. Мұнда жалпы мәліметке деген әуесқойлық айқын.

Білім берудің технологиялық желісі моральдық ережемен де, әлеуметтік тәжірибемен де үйлесе бермейді. Технологиялық желіде моральдық өсиет те, әлеуметтік ұстаным да жартылай орындалады, жартылай бұрмаланады. Проблеманы жалпылама сипаттау немесе жартылай шешу дүниетанымдық көзқарасқа нұқсан келтіруде, гуманистік көзқарасты жүдетуде, технологиялық тоталитаризмді өрістетуде. Ақпараттық ағымда адамның санасын қорғау қиындыққа ұшырауда, жастардың көзқарасын болжау ырықсыз қалуда. Дүниетанымдық дағдарыстың бастауыосында. Өкінішкеорай, а) техникалық тоталитаризм әлеуметтік-гуманитарлық оқу жүйесінің шешуші факторына айналуға; ә) оқу жүйесінің рухани-адамгершілік мағынасы мен әлеуметтік мазмұны техникалық тәсілдермен толық, дұрыс жеткізіле алмайтынын ұғынушылық кемшін. Осы орайда К. Поппердің, «біз жартылай абстрактілі қоғамда өмір сүретінімізді мойындаймыз, сол ымыраға көнеміз» деген сөзі ырықсыз еске түседі.

Біржақтылықтан арылу немесе өзіндік дайындықты көтермелеу мақсат болса, оны проблема ретінде зерттеу керек. Технология, техникалық тәсіл салыстырмалы, салалы, қолданбалы білім беруге жарамды, тартымды. Мұнда үшбірдей өлшем – дүниетанымдық жүйе, ұлттық үлгі, тұлғалық тәжірибе ескеріле бермейді. Бұл қиыншылықты ұстаздар тобы, ғалым-мамандар алқасы

қалай шешіп жатыр десек, осы әлеуметтік-мәдени тәжірибе арнайы зерттелінбеуде. Озат педагогикалық тәжірибелер ауқымды деңгейде, жер-жерде талқыланбауда немесе одан қажетті тұжырымдамалы бағдар жасалынбауда.

Үзіксіз білім берудің ұйымдастыру құрылымына үнемі, баса назар аударушылық практиканың бірден-бір басым түріне айналуға. Қазіргі бас қосуда білім берудің сапасын көтермелеудің теориялық, идеялық, әдістемелік, психологиялық жақтарын бір-бірімен үйлестіре талдаушылық сиреуде. Осыдан сабақ берудің дүниетанымдық деңгейін, интелектуалды мәдениетін көтермелеу мәселелері толыққанды жүйелілікпен, сауаттылықпен талдау сала-салаға бөлініп, тіпті ұмытылып бара жатқандай көрінеді.

Өзіндік дайындық жеке тұлғалық жауапкершіліктің негізін, тетігін құрауы тиіс. Бұл бағытты бағалауда шалалық жетіп артылады. Шалалық методикалық талапты методологиялық принциптен алшақ қараудан басталады. Біреулер үшін қалыптасқан жүйені бұзу – индивидуализм, ал кейбіреулер, жаңа жүйені өздігінше қалыптастыру мен қолдануды – бойдағы ерекше жігерлі күш-қуат, ойдағы тиянақты талғам деп жатады. Бәлкім жөні де бар шығар. Өйткені, бірінші жайда адам ортаға өзінше бейімделе алмайды, ортаны өзіне бейімдей де алмайды. Өзгені кемітіп не тең санамай, өзін ортаға қарсы қояды. Ал жігерлі жан болса өзін де, өзгені де бірдей құрметтеп, адамның жан дүниесін құрметтейді. Құрметтеп қана қоймай өз еркімен діттегеніне бейімделіп, әлеуметті өзіне бейімдей алады.

Бірақ ұмытылмайтын ереже бар: екі жақта тек бір-бірімен ықпалдасу барысында ғана жаңа нәтижеге тез әрі ұзақ мерзімге қол жеткізеді. Ескеретін тағы бір жағдай: индивидуализм ұғымы қоғамтануда әрқилы мағынада қолданылуға. Біріншіден, индивидуализм белгілі бір шеттеген топтың өмір салты іспеттес. Жұртқа үрке қарайтындар

іштей тұйықтықта шектеледі, қарым-қатынастың ережесін қатаң орындамайды. Өз кемшілігін мойындамаушылық гуманистік дәстүрге үйлеспейді. Екіншіден, индивидуализм индивидтердің өз бетінше социумды, қауымдастықты құрауды білдіреді. Бірақ қауымдастықтың нақты болмысы ескерілмей, жалпы түсінікпен қанағаттанушылық басымырақ болады. Индивидтік ұқсастық еліктеудің сырт нышанын елестетеді. Үшіншіден, индивидуализм жеке тұлғалыққа қатысты белгілер, үлгілер, ерекше құндылықтар. Әр адам болмысы мен санасының құндылығын өзінше қабылдау – қабілеттілерге тән. Бірақ жекенің құндылығын мойындау басқаның қабілет-қасиетін жоққа шығару емес. Индивидуализм бірінші жайда жалпы сипатталынады, екіншіде, адами және құқықтық тұрғыдан бағаланады, оның әдістемелі жағына баса назар аударылады; үшіншіде, оның біржақтылыққа қарсы күресте құндылығы айқындалады, дара қасиеттері ескеріледі. Өз қабілетіне сенген қайратты да қайсар, мейірімді де қайырымды келеді. Өзіне сын көзімен қарайтындар ой-парасаттық алғырлықты сабақтауды, рухани тазалықты сақтауды басшылыққа алады.

Сонымен индивидуализмнің көрінісі алуан, оны шектеу тәсілі әрқалай. Осы алуандықты қалай дұрыс ескеруге немесе сонымен есептесуге болады? Индивидуализм өмір сүрудің жалғыз монистік принципін құрмайды. Оның біржақты көрінісі мен қызметі адам болмысының ашық жүйесіне қайшы келеді, оған сыйыспайды.

Қазір оқу жүйесінде ведомстволық үстірттен толассыз келіп жатқан нормативті ұсыныстар «эксперимент» ретінде атүсті, үдемелі тұрғыдан жүргізілуде. Бұл ұсыныстар білім беру саласындағы «модель-теория-методология-методика» арасындағы үйлестікті ыдыратуда, пән-аралық байланысты нығайтқан жоқ. Соның салдарынан деуге болар, бұрынғы (немесе батыстық) қандай модель, гипотеза біздің нақты жағдайымызға, болашақ

бағдарымызға сәйкес келмейді деген ресми ұсынысты есітпейміз. Толассыз сан алуан қосымша талаптар, аяқсыз іс-әрекеттер ұстаз-ғалымдардың басын көтертпейді, түрлі мәліметтер жинаумен уақытын алады. Өнімсіз «былықпа» жүйкені жұқартады. Қағаз бетіндегі мәліметті тірі, тартымды, өнімді еңбектен жоғары бағалау дағдыға айналып бара жатқандай. Қауіпті мұндай дерт асқынып кетсе, оқу жүйесінің сапасын қалай арттыратынымыз неғайбыл, оның басты ұлттық бағдарын анықтау, жүзеге асыру қиындай түсері даусыз. Демек, орынсыз, өнімсіз қиналу жалғаса бермек. Ол кімге, не үшін керек? Ұрандаған сөздер болмаса, дәйекті, дәлелді жауапты есітпейміз, өнеге тұтарлық нақты үлгіні көрмейміз.

Өкініштісі, оқушы жастар санасының мотивациялық құрылымы зерттелінбеуде, арнайы ғылыми зерттеудің ұсыныс-кеңестері педагог қауымдарға жете бермейді. Қысқасы, бүгінгі білім беру практикасын сыни тұрғыдан талдау жасайтын жұмыстар аяғына тұрған жоқ. Білім беру практикасының мотивациялық құрылымын зерттемеу, Гадамердің сөзімен айтқанда, әрдайым «біреуден өзін тани алатын, біреуді игере алатын» [2], қысқасы, жаңарған адамды дайындауға, оның интеллектуалды практикасына арнайы мән бермеу деген сөз. Интеллектуалды практиканы ескермеу адамның өзіне-өзі қамқорлық жасауға үйрететін және өзін субъект ретінде жүзеге асыруға жұмылдыратын руханиятқа, рухани факторға алып-қашты қарауға итермелеу.

Алып-қашты оқу жүйесінде жастардың өзін-өзі жетілдірудің психологиялық, әлеуметтік, рухани, гуманистік жақтары қатар жүргізілмейді, бұл деңгейлер бірін-бірі толықтырудан қалады. Жастар ойының, мінез-құлқы мен іс-әрекетінің бірлестігін тұтас бағаламай, оның тұлғалық қабілет-қасиеттерін, өмірлік ұстанымы мен кәсіби деңгейін дұрыс сараптау екіталай күйге ұшырамақ. Қағаз бетіндегі мәлімет жастардың интеллектуалды және методологиялық мәдениетін, олардың

өмірлік позициясының деңгейі мен бағдарын білдіре бермейді. Бүгінде біз осы айрықта есімізді жинай, кәсіби дайындықты еркін қолдана алмай жатқан жайымыз айқын.

Сонда тұлғалық жетілудің шығармашылық бағдары қандай болмақ? Адам өзіндік дамудың субъектісі болса әлеуметтік дамудың субъектісі бола алады ма, керісінше, әлеуметтік қарым-қатынастың субъектісі болған сайын, өзін-өзі дамытудың дербес субъективті мүмкіндігі артады ма? Педагог-ғалымдардың өзін жұбататын, қанағаттандыратын жауап таба алмай жүрген сұрақтар. Өзіндік дайындықтың, тұлғалық белсенділіктің толыққандылығы – осы қайшылықты шешу жолында екенін түсінушілік артуда. Адамның ішкі дүниесін, дүниетанымдық бағдарын ұқпай педагог білім саласындағы индивидуалды белсенділіктің пәрменділігіне, «Мен» дерлік тұлғалық қасиеттің қалыптасуына мардымды ықпал ете алмайды [3].

Өзіндік дайындыққа техникалық тәсіл мен жүйеден гөрі қабілет үйлестігі әр сақтан икемді, мекеме ықпал ете алады. Техникалық тәсіл жеке операция мен кәсіби қызметті жылдам, дөп орындауға ұтымды, ал қабілет-қасиет өзіндік дамуға, азаматтық белсенділікті жетілдіруге ыңғайлы, тұрақтатуға тартымды. Өзіндік дайындық көп деңгейден – парасатты таңдаудан, салыстырмалы талдаудан, шешім мен нәтижені салыстырып бағалаудан, теріс пікір мен жалған болжамнан бас тартудан құралады. Көп сатылы танымдық қызмет өзіндік дайындықтың ғылыми негізін құрайды. Өзіндік дайындықтың идеялық, теориялық негізін ғылым философиясы құрайды десек, артық айтпағандық. Бірақ оқу практикасына «философия докторы» деген ғылыми дәрежені енгізсекте, оның білім беру саласын жетілдірудегі тетіктерін тиянақтау жұмыстары қадағалаусыз қалуда. Оқу жүйесіндегі ұстаным мен ұмтылыстың алшақтығы басты бағдарды жүзеге асыруға, яғни: біріншіден, өзіндік дайындықтың ашық, есептеулі, айқын,

қолданбалы көрсеткіштерін нысаналы айналымға ендіруге, екіншіден, ғылыми ізденістің сабақтас сатылары мен мәнді құндылықтарын ғылыми прогресс пен әлеуметтік капиталға айналдыруға жарамсыз. Оған ғылыми-әдістемелі ізденіс жүргізілмейді, тәжірибе жетіспейді. Сыртқа еліктеушілік өз тәжірибемізді, әсіресе әлеуметтік-гуманитарлық саладағы өзіндік ерекшелікті жинақтауға мұрша бермеуде.

Сондықтан көп сатылы, көп деңгейлі білім беру философиясын қалыптастыру қажет. Білім беру философиясының басты мақсаттары, мамандар ескертіп жүргендей, жеке тұлғаның интеллектуалды мәдениетін, сыни ойлану қабілетін қалыптастыру, оқу жүйесін қазіргі әлеуметтік және мәдени ағымның құрамына ендіру, қоғамдық дамудың қуатты құралына, тәсіліне айналдыру, адамның ақыл-парасаты мен сезімдік үйлестігін, азаматтық борышын тәрбиелеу жұмыстары тұтас дүниетанымдық түбірі мен ұлттық құндылығынан айрылып, саясат пен идеологияның науқанына айналуға [4].

Идеологиялық талпыныс не марапаттауға, не кереғарлыққа қарсы тұруға бағытталады. Бұл – науқан. Мұнда қарама-қарсы жақтың себеп-салдарын ажыратуға мән берілмейді, содан жақсыны жетілдірудің жүйесі, жаманнан жиренудің этикасы қалыптаспай қалады. Қос шындыққа жүгінелік. Біріншіден, байлық пен билік қуған саясатта, техникалық жеңілтекті жеке басының қамына жарататын тіршілікте, бәсекелестік күтпеген қырынан белең алуда. Алып дүбірде таңғажайып жетістіктер баршылық, күн санап толастауда. Технология қарыштап, өмірдің жылдамдығы артты. Екінші «ғажап» – адамдар мейірімін жоғалтып алуда, қайырымнан ажырап барады, қатыгездік күшеюде. Адами қабілет-қасиет тауарға, алыс-беріс амалына айналуға. Мейірімді жанашырлар азаюда. Мейірімсіздіктің салқындығы отбасынан етек алып, үлкен мен кішінің арасында жиі көрініс алуда. Жұмыс іздеп еңбектің қадірін білмеушілер, бәсекенің

талабын назарына ілмеушілер, нарықтың есебімен жүрмеушілер арамызда аз емес. Содан жеңілдің үстімен жүрмек, дайын нәрсені аңсайтын, қолдағыға жұбанатын психология кей топта орын алуда, әлі де басымдылық танытуда.

Сыртқа жалтақтайтындар «тәуелсіздік» ұғымын толық түсінбейді, тәуелсіздіктің негізгі құндылықтарын дұрыс бағалай бермейді. Мұндай тұрлаусыз жағдайда, біріншіден, адам өзіне, еліне не тиімді, ненің тиімсіз екенін жөнді білмейді, білейін деп талпынбайды; екіншіден жалқаулығы айқын қазақта жұмысқа деген тиянақтылық пен табандылық жетіспейді. Енжарлық басым. Жеке бастың қамы туралы алып-қашты ойлар немесе біржақты әрекеттер ұлттық мүддеміздің жөн-жосығын ескермейді, ұлттық мәртебе тұрғысынан бар-жоқты түгендеуге ұмтылдырмайды. Табан тірер ұстаным ескерусіз қалады. Білім беру жүйесі немесе өзіндік дайындығы мол орта қандай ұсыныс енгізе алады, бұл бағытта қандай әлеуметтік тәжірибе жинақталды?

Жалаң сұрақ емес. Бүгінгі шалалық, ауытқушылық іштей суынудың, ал жатжұрттық елдің болашағына сенімсіздікпен қараудың нышаны екені мәлім. Сондай-ақ, сауатты да саламатты жаңа ұрпақ бәсекелестіктің сұранысын ескеріп, байырғы салтқа да, ескіше ойлауға да көңісі келмейтіні – өсер жанның талпынысы және өркениет заңдылығы. Жаңашылдар ескі дағды мен ескіше ойлаудан арылғысы келеді. Қызба жастың бұрынғыдан кейінгіге, ескіден жаңаға өтудің тетігін қарастыра бермейтін кезі сире емес. Барға баппен қарамаушылық біржақтылыққа ұрындырады. Біржақтылық тығырықтан шығудың төте жолы емес. Сенімсіздік пен біржақтылықта адамның өзіне, елдің келешегіне деген белгісіздік сөйлемейді. Белгісіздікте ұлттың өз тұртұлғасы мен сыр-сипаты ерекшеленбейді, керісінше, өшеді. Қауіп осында.

Күнделікті тіршіліктің мұқтаждығы іргелі іске жеткіліксіз. Енжарлық кезде мемлекеттік түйсікті жоғалтып алдық.

Мемлекеттік түсінік пен жауапкершілік ХХІ ғасыр талабына орай қалыптаспаса, онда екіұштылықтың әлеуметтік қаупі – ынжықтық пен алауыздық күшейе бермек. Содан жаңа ұлттық бағыт-бағдарға лайықты, ХХІ ғасырдың бәсекелестігінен туындайтын, өркениет қажетіне бағытталған жаңа дүниетаным, мемлекеттік түйсік, жүйелі ұлттық тәрбие, нысаналы әлеуметтік қолдау қажет деген жанайқай шығады. Жанайқайды қолдауға адамның өзіне деген сенімділік, арнамысын арқа тұтушылық керек.

Адал терді естілікпен, есеппен, жігерлі ерікпен жұмсайтын кез келді. Себебі «еңбектің артында тұрған еңбекті құратын көптеген құндылықтар бар. Олар: арнамыс, бала шағасының, елінің алдындағы жауапкершілік, адамгершілік сезімдері, мақсат-мұраттар. Мұның бәрін жинақтағанда еңбек жәй ғана құрал екеніні түсінеміз» (5). Бәсекелі кезде еңбектің салмағы, қатардан қалмаудың, жақсы жұмысқа ұмтылудың, қолға алған істі қадағалаудың маңызы анағұрлым артуда.

Ал ХХІ ғасырда адамзатты дараландыратын да, жақындататын да, дамытатын да жеке ұлттар екенін және ұлттық қозғалыстар қоғамның басты қозғаушы күшіне айналып бара жатқанын ескерсек, онда ұлтшылдық сезімнің әлемде өрбіп жатқаны тегін емес. Империялық саясат ұлтшылдыққа теріс, жағымсыз мағына енгізді. Ұлттық мүдде таптық ұстанымның таптаурында қалды. Қазақ халқы ұлтын ұлықтайтын қоғамдық біртұтас күшке айналуы керек. Талпыныс күш алуда, кедергілік таңбасын қалдыруда. Іштей рухани қақтығыс басылмауда. Жас ұрпақтың сыртқы қалпы сұлуланды, ақыл-парасаты өсті, көп нәрседен хабардар, өмірдің жылдамдығы артты. Біржағы, әлемдік информациялық кеңістікке араласқан сайын, көп тілді ортаға енген сайын кейбір жастар арасында ұлттық мәдениетке, өз халқының дәстүр-салтына деген салқындық, немкетерлік, менсінбейтін әдеттер, аумалы-төкпелі түсініктер белең алуда.

Информациялық сарын мен рухани құндылықарасындағы қайшылық шиеленісіп жатқаны анау. Мәдениет пен мемлекет аясында ұлттық сезім, ұлттық мінез, ұлттық мүдде қалыптаспай адамның ар-ұжданы нақты арнасын таппайды, азаматтық сана-сезім ұлттық болмыспен қабыспайды. Бұл құндылықтарды қолдан жасауға, әркімнің өзінше бұрмалауына және тіптен ескерусіз қалдыруға болмайды. Ұлттық мінездерді қалыптастыруда мемлекеттік мекемелер мен әлеуметті институттардың рөлі едәуір артуы заңдылық.

Өмірде, әлемде Қазақстанның ықпалы артып жатқан кезде қазақ ұлтына деген ұлтшылдық көзқарастар өресін кенейтті. Қазақтың ұлтшылдығы – туған жұртына деген шексіз махаббатқа, ақыл-ойға, берік патриотизмге, парасат-пайымға, болашаққа деген нық сенімге, келісім мен рақымға негізделген. Бұл, біріншіден, мейірім мен қайырымдылыққа негізделген жаңа түсінік, екіншіден, мемлекет құрушы ұлт ретінде өз болмысы мен келбетін тұтас сақтамақ жүйелі ұстаным, үшіншіден, бұрын өктемдік еткендердің ықпалынан арылуға арналған ұзақ та өршімелі ұмтылыс. «Ұлтшыл» деген ұғымдық жаңа түсінік ұлттық фактордың өсуінен және қоғамдық сананың жаңаруынан туындауда. Тәуелсіздігін жаңадан алған елде ұлтшыл сезім қоғамдық сананы өзгертуге және жаңаша ойлану қабілетін қалыптастыру қажетінен туындауда.

Ұлттық мүдделерді әртарапта ілгерілету де, ұлттық қауіпсіздік үшін өз жауапкершілігімізді сезіну және оны тұрақтандыру да – прагматикалық принцип, прагматизм қағидасына негізделген. Прагматикалық стратегияға ғылыми мектептердің арнаулы ақпарат және білімдерінің көлеміне негізделген дербес ғылыми база жасау, шетелдік ғылыми-зерттеушілік қоғамдастықпен ықпалдас инновациялық бағыттарды бетке ұстау, ғылым мен бизнестің кооперациясына бүгінгі күнгі ең озық құралдар мен тетіктерді енгізу міндеттері жатады. Оның қуатын

төртбірдей тұғыр – әріптестік әрекет, талай буынның тәжірибесі, мәдениет пен өркениет диалогына бейілділік, қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу құрайды.

Қазіргі өткір проблемалардың дұрыс шешімін табу үшін дүниетанымдық дағдарыстан дүниетанымдық ілгерілеуге өту қажет. Бұл жаңашылдықтың ілгері үрдісі ғана емес, гуманистік-ұлттық сана-сезімді толықтырудың іріктемелі бағдары. Іріктеме сапалы өзгерістерге мұқтаж. Азаматтарды ар-ождан бостандығымен қамтамасыз ету, біздің дәстүріміз бен заңдарымызға қайшы келетін жат әрекеттерге қайсарлықпен қарсы тұру – гуманистік дәстүрден нәр алады.

Гуманистік дәстүрдің тірегі – елдің тәуелсіздігінде, ұлттық сана-сезімнің нығаюында, этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынастың орнығуында. Қазақстанның ел болып жаңаруына, өзіндік даму жолын қалыптастыруға гуманистік дәстүр, рухани фактор, этносаралық қарым-қатынас мәдениеті ерекше ықпал етті. Үш фактор түрлі тарихи кезеңдерде қалыптасты. Бүгінде олардың арақатынасы қоғамның саяси тұрақтануына, рухани тұтастануына арналуда. Технологиялық әдістер бұл міндеттерді жүйелі және дәйекті түрде шешуге жарамсыз.

Мәдениет пен мемлекет аясында ұлттық сезім, ұлттық мінез, ұлттық мүдде қалыптаспай адамның ар-ұжданы нақты арнасын таппайтынын, азаматтық сана-сезім ұлттық болмыспен қабыспайтынын информациялық қоғам көрсетуде. Адамдық және ұлттық құндылықтарды қолдан жасауға, әркімнің өзінше бұрмалауына және тіптен ескерусіз қалдыруға болмайтынына көзіміз жетуде. Осы міндеттерді жүзеге асыру – ұлттық мүдде. Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, алдымен өзін қамшылауы тиіс.

Түсінбеушілікті сейілту, қақтығысты кеміту үшін адам мен қоғамға үлкен дайындық керек. Бұл үшін бізге дағдарысқа қарсы әрекет етудің көпдеңгейлі жүйесін құрудың қажеттілігі артуда. Гуманистік

дәстүрде – жалпы, жалаң тілектен гөрі о бастан-ақ жанашырлық пен адам бақытына деген ұмтылыстың айқын болғаны оң. Ұлттық мәдениет гуманизмге жанашырлық, туыстық дәстүрін ендірумен құнды.

Құндылық мәйегі – өзіндік дайындықтың ережесі мен машақатында. Дайындық машақаты:

- әр салада барынша мол қуатпен еңбек етуден, өзгелерге сөзімен де, ісімен де үлгі болудан, өз ісіне адал болудан;

- адамгершіл жанның көкірегі сезімді, тілі орамды болуынан, ақылдыға қайғы қалдырмайтын, ақымақты ойландыратын ынталы ықыластан;

- жеке адамдардың көңілі мен сыңайына қарап сөйлеуге дағдыланып, шындықты бұрмаламаудан;

- салалық жұмыстағы үйлестіруді күшейтуден, адам жаңа мамандық игермек болып, қайта даярлықтан өтуге бет бұрған жағдайда атаулы көмек көрсетуден және оны әлеуметтік қолдаудан;

- жаңа қарқынды жағдайда талаптылардың толыққанды еңбек етуіне жағдай туғызудан құралады.

Бұл ұстанымда дүниетанымдық бағдарды бетке ұстаушылық, мемлекеттік білім беру жүйесін үздік үлгіге сәйкес келтірмек және еліміздің зейін-зердесін әлемдік үлгімен теңестірмек әрекет қабаттаспақ. Білім берудің әлеуметтік саласында тұлғаның қажеттіліктері тізімін кеңейтудің, оған білім беру мен денсаулық сақтау баптарын енгізудің өмірлік маңызы артуда.

Өмірлік сабақ – тәуелсіздік тәжірибесінің үйреткені мен гуманистік жаңғыруда.

Тәуелсіздіктің қатаң ережесі: өз халқын мен мемлекетінің мүддесін өзінше қорғай біл, соған қамқорлық жаса; өзінің қабілет-қасиетінді әрекетте көрсет. Ол міндетті шешу үшін біз үш бірдей жаңғырту жүргізуге тиіспіз. Өзіндік әрекет – әлеуметтену мен индивидуальдық ерекшелікке бөленудің өлшемі, сондай-ақ гуманизмді жаңғыртумен үйлес. Дұрыс идеяны белгілі бір ретпен байланыстыру тәртібі ойлану қасиеттері мен ойлау әдісін, олардың арасын біріктіретін тоқтам-түйіндерді қалыптастырды. Нақтылық – сенімге жол. Сенім – жеке идеялардан ерекше әдіспен құрылған жүйе, адамның ішкі бірлігін сақтайтын дәйекті мүмкіндікті арттырады.

Гуманистік жаңғыру – өз еліне пайдасын тигізуден, өз Отанының тағдырына жауапты болудан; жаңа тұрпаттағы мемлекеттік ой-сананы қалыптастырудан және бірлесіп пәрменді жұмыс істеуді үйренуден білінеді. Бұл – қоғамдағы тұрақтылықтың ең мекемепілі, ел бірлігінің асыл қасиеті. Бірлік, ынтымақ, сабырлылық пен парасаттылық ең алдымен өзімізге керек. Тек бірлесіп қана, бүкіл халықтың күш-жігерін біріктіріп қана біз алға баса аламыз. Ол үшін жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз, көпұлтты сипаты бар, біртұтас елдікті нығайтуымыз керек. Бұл – біздің мемлекет ретінде, қоғам ретінде, ұлт ретінде өмір сүруіміздің айнымас шарты екендігі «Қазақстан-2050» стратегиясында кеңінен ширатылған. Гуманистік дәстүрдің басты шарттарын әрбір адам дербес, пәрменді, нәтижелі шешуге тиіс. Гуманизмнің құндылығы да қадірі де, қажеті де осында.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. //Егемен Қазақстан, 15.12.2012 ж.
2. Гадамер Х.Г. Истина и метод. – М., 1988. с. 55
3. Арламов А.А. Проблемы современной педагогической науки и философия (замечки педагога-методолога) // Вопросы философии. – 2008. № 1. с.167
4. О жизни и философии. Беседа Б. И. Пружинина с В. А. Лекторским //Человек в мире знания. К 80-летию В. А. Лекторского. – М., 2012. с. 587–588
5. Әбдіғалиұлы Б. ХХІ ғасыр және 21 жыл. //Қазақ әдебиеті, 14.12.2012

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ЭТНО-ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ И ВОСПИТАНИЯ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛАХ

Аужанова Н.Б.

Доцент Жетысуского государственного университета им. И.Жансугурова,
г. Талдыкорган
nasqul@mail.ru

Резюме

Мақалада жалпы білім беретін мектептерде этно-экологиялық білімнің кейбір мәселелері ашылған.

Summary

In the article some questions of этно-экологического education and education are exposed in general schools.

Сегодня трудно найти человека, которого не волновало бы будущее нашей планеты. К главной проблеме, волнующей наше общество, относится охрана и сохранение окружающей среды, физическое и духовное здоровье людей. Одна из причин такого положения – забытые традиции народа, неумение предвидеть последствия вмешательства человека в природу. Экологическая ответственность на прямую связана с экологическим воспитанием и с такими качествами личности, как самоконтроль, умение предвидеть ближайшие и отдаленные последствия своих действий в природной среде, критическое отношение к себе и другим. Соблюдение моральных требований, связанных с отношением к природе, предполагает развитую убежденность, а не страх за возможное наказание и осуждение со стороны окружающих.

Среди многочисленных проблем особое место занимают углубление и расширение комплексных экологических знаний учащихся средних школ.

Конструктивным принципом при осуществлении обучения и воспитания является этно-экологическое воспитание, то есть воспитание учащихся традициями своих родителей, прародителей, предков,

обычаями родного народа. Ведь мир народной культуры открывает детям нравственные ценности нашего народа: трудолюбие, милосердие, толерантность, любовь к природе и родной земле. Воспитание экологически грамотных детей дает надежду на изменение экологической обстановки к лучшему. Окружающей детей мир чрезвычайно разнообразен и многолик и наша задача помочь детям установить с ним гармоничное отношение, акцентировать их внимание на красоте и многообразии природы, необходимости бережного отношения к ее обитателям.

В условиях современной ситуации важна экологизация системы образования и воспитания. Одним из важнейших принципов экологического образования считается принцип непрерывности – взаимосвязанный процесс обучения, воспитания и развития человека на протяжении всей его жизни.

Включение ценностей и традиций культуры казахского народа в процесс обучения и воспитания школьников дает возможность решить следующие цели и задачи:

1. формирование этно-экологического мышления на основе понимания взаимосвязей в природе и обществе;
2. формирование системы интеллектуальных и практических умений по

изучению, оценке и улучшению состояния окружающей среды своей местности;

3. воспитание потребностей поведения и деятельности, направленных на соблюдение здорового образа жизни;

4. овладение целевым анализом экологических ситуаций;

А-2	Ученик, имея знания предыдущего уровня (А-1), умеет также правильно задать вопросы и отвечать на них, т.е. имеет представление о построении как утвердительных, восклицательных, так и вопросительных предложений. <table border="0"> <tr> <td>– Саламатсызбы! Кечиресиз, сурасам болобу?</td><td>– Здравствуйте! Извините, можно спросить?</td></tr> <tr> <td>– Албетте.</td><td>– Конечно.</td></tr> <tr> <td>– Бул кайсы имарат?</td><td>– Что это за здание?</td></tr> <tr> <td>– Бул – Токтогул Сатылганов атындагы филармония.</td><td>– Это филармония имени Токтогула Сатылганова.</td></tr> <tr> <td>– Ыракмат, абдан кооз экен. Айтыңызчы, «Миң-түркүн» дүкөнү кайда жайгашкан?</td><td>– Спасибо, очень красивое. Скажите, где расположен магазин «Тысяча мелочей»?</td></tr> <tr> <td>– Ал Чүй проспектинде жайгашкан?</td><td>– Он расположен на Чуйском проспекте.</td></tr> <tr> <td>– Мага абдан жардам бердиңиз, чоң ыракмат!</td><td>– Вы мне очень помогли, большое спасибо!</td></tr> <tr> <td>– Эч нерсе эмес.</td><td>– Не за что.</td></tr> </table>	– Саламатсызбы! Кечиресиз, сурасам болобу?	– Здравствуйте! Извините, можно спросить?	– Албетте.	– Конечно.	– Бул кайсы имарат?	– Что это за здание?	– Бул – Токтогул Сатылганов атындагы филармония.	– Это филармония имени Токтогула Сатылганова.	– Ыракмат, абдан кооз экен. Айтыңызчы, «Миң-түркүн» дүкөнү кайда жайгашкан?	– Спасибо, очень красивое. Скажите, где расположен магазин «Тысяча мелочей»?	– Ал Чүй проспектинде жайгашкан?	– Он расположен на Чуйском проспекте.	– Мага абдан жардам бердиңиз, чоң ыракмат!	– Вы мне очень помогли, большое спасибо!	– Эч нерсе эмес.	– Не за что.																								
– Саламатсызбы! Кечиресиз, сурасам болобу?	– Здравствуйте! Извините, можно спросить?																																								
– Албетте.	– Конечно.																																								
– Бул кайсы имарат?	– Что это за здание?																																								
– Бул – Токтогул Сатылганов атындагы филармония.	– Это филармония имени Токтогула Сатылганова.																																								
– Ыракмат, абдан кооз экен. Айтыңызчы, «Миң-түркүн» дүкөнү кайда жайгашкан?	– Спасибо, очень красивое. Скажите, где расположен магазин «Тысяча мелочей»?																																								
– Ал Чүй проспектинде жайгашкан?	– Он расположен на Чуйском проспекте.																																								
– Мага абдан жардам бердиңиз, чоң ыракмат!	– Вы мне очень помогли, большое спасибо!																																								
– Эч нерсе эмес.	– Не за что.																																								

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Уровень Б – Свободное владение языком

Б-1

Ученик, имея знания предыдущего уровня (А), умеет также коротко и правильно поддержать беседу на простые темы, например, как и где провел каникулы.

– Сен каникулду кандай өткөрдүң?	– Как ты провел каникулы?
– Жаман эмес. Мен Буранага бардым.	– Не плохо. Я посетил(а) башню Бурана.
– Бурана мунарасы жөнүндө айтып берчи.	– Расскажи о башне Бурана.
– Бул мунара Токмок шаарында жайгашкан.	– Эта башня находится (расположена) в городе Токмок.
– Мунара бийикпи?	– Башня высокая?
– Анын бийиктиги – 24 метр, түбүнүн диаметри – 9 метр, төбөсү – 6 метр.	– Ее высота – 24 метра, диаметр основания – 9 метров, верхушка башни – 6 метров.
– Барып көрүш керек!	– Нужно посмотреть!
– Ооба, сөзсүз бар. Мен сунуш кылам.	– Да, обязательно съезди. Я советую.

Б-2

Ученик, имея знания предыдущих уровней (А, Б-1), умеет также коротко и правильно начать и поддержать беседу с использованием сложных предложений и элементами сравнения.

– Каникулду кандай өткөрдүң?	– Как провел каникулы?
– Абдан жакшы.	– Очень хорошо.
– Сенчи?	– А ты?
– Мен дагы. Каникулда Алматыга бардым. Абдан көңүлдүү болду.	– Я тоже. На каникулы я ездил в Алматы. Было очень весело.
– Алматы кандай шаар экен?	– Алматы какой город?
– Оо, абдан кооз, чоң шаар экен. Бирок Бишкек – менин туулуп- өскөн шаарым, мен аны башка шаарга алмаштырбайм.	– О, очень красивый и большой город. Но Бишкек – мой родной город и на другой город я его не поменяю.
– Чын эле, Бишкек – чакан, бирок жашыл шаар! Мага да жагат.	– Правда, Бишкек – небольшой, но зеленый город! Мне тоже нравится.

Уровень В – Совершенное владение языком

В-1

Ученик, имея знания предыдущих уровней (А, Б), умеет также правильно и подробно рассказать о событиях в его жизни произошедших как в прошлом, так и в настоящем и будущем временах.

– Кыргыз опера жана балет театры жөнүндө билесинби?	– Ты знаешь о Кыргызском театре оперы и балета?
– Ал Ж.Абдрахманов көчөсүндө жайгашкан, бирок качан негизделгенин билбейм.	– Он находится по улице Ж.Абдрахманова, но когда был основан, я не знаю.
– Театр 1942-жылы уюшулган. Биринчи операсы – «Айчүрөк», ал эми балети – «Анар». Театрдын 1100 орундуу көрүү залы бар.	– Театр был основан в 1942 году. Первая опера – «Айчүрөк», а первый балет – «Анар». Театр имеет 1100-местный зрительный зал.
– Театрга кимдин ысымы коюлган?	– Чым именем назван театр?
– Театрга А.Малдыбаевдин ысымы коюлган. Ал белгилүү композитор болгон.	– Театр назван именем А.Малдыбаева. Он был известным композитором.

ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

В-2	Ученик, имея знания предыдущих уровней (А, Б, В-1), умеет также правильно и подробно общаться на различные темы с незнакомыми людьми и выражать свои желания и намерения.	
	– Жакында апамдын туулган күнү. Кандай белек сатып аларымды билбейм.	– Скоро день рождения мамы. Не знаю, какой подарок купить.
	– Мен сага жардам берем. Белекти «Айчүрөк» дүкөнүнөн алсак болот.	– Я тебе помогу. В магазине «Айчүрөк» можно купить подарок.
	– Кандай бөлүмдөрү бар?	– Какие там есть отделы?
	– Ар кандай бөлүмдөрү: кол өнөрчүлүк, зер буюмдар, музыкалык аспаптар бөлүмү.	– Есть разные отделы: народного ремесла, ювелирных изделий, отдел музыкальных инструментов.
	– Анда экинчи кабаттан баштайлы.	– Тогда начнем со второго этажа.
	– Кош келиңиздер! Жардам бере аламбы?	– Добро пожаловать! Чем могу помочь?
	– Ооба, бизге жардам берсеңиз. Апама белек сатып алат элем. Эмнени сунуш кыла аласыз?	– Да, помогите, пожа-луйста. Хочу купить маме подарок. Что вы можете нам предложить?
	– Айымдар үчүн эң жакшы белек – зер буюмдары.	– Лучший подарок для дам – ювелирные изделия.
	– Туура айтасың, жүрү зер бөлүмүнө.	– Правильно говоришь, пойдем в отдел ювелирных изделий.

ПИСЬМО

Уровень А – Элементарное владение языком	
А-1.	Умение составить предложение из 3 слов. Например, даны слова «дос», «мен», «бул» и ученик должен, соблюдая порядок слов в предложении и понимая значение каждого слова, уметь составить предложение: «Бул – менин досум.»
А-2.	Умение составить предложение из 5 слов. Например, даны слова «дос», «мен», «бул», «эски», «Саша» и ученик должен, соблюдая порядок слов в предложении и понимая значение каждого слова, уметь составить предложение: «Бул менин эски досум – Саша».
Уровень Б – Свободное владение языком	
Б-1.	Умение составить предложение из 7 слов. Например, даны слова «дос», «эрктүү», «мен», «күчтүү», «жана» «бул», «Саша» и ученик должен, соблюдая порядок слов в предложении и понимая значение каждого слова, уметь составить предложение: «Менин эски досум Саша – эрктүү жана күчтүү».
Б-2.	Умение составить сложное предложение из 10 слов с элементами сравнения. Например, даны слова «дос», «мыкты», «мен», «спортсмен», «жана» «бирок», «окуусу», «эски», «орто», «Саша» и ученик должен, соблюдая порядок слов в предложении, понимая значение каждого слова, уметь составить сложносочиненное предложение: «Менин эски досум – Саша Асандай мыкты спортсмен, бирок окуусу орто».
Уровень В – Совершенное владение языком	
В-1.	Умение составить сложное предложение из 15 слов с элементами сравнения или используя вводные слова. Например, даны слова «дос», «деп ойлойм», «жаткандыктан», «жакында», «үйрөнүп», «азыр», «кыргыз тилин», «сүйлөп», «Саша», «жакшы» и ученик должен, соблюдая порядок слов в предложении, понимая значение каждого слова, уметь составить сложноподчиненное предложение, различая временные формы глаголов, и правильно расставляя знаки препинания: «Саша азыр кыргыз тилин үйрөнүп жаткандыктан, ал жакында кыргызча жакшы сүйлөп калат деп ойлойм».
В-2.	Ученик должен уметь грамотно написать рассказ о своем друге, состоящий не менее чем из 10 сложных предложений с использованием различных времен глаголов, вводных слов и сравнительных оборотов.

Коммуникативное обучение кыргызскому языку как второму является эффективным методом обучения. На наш взгляд, применяя материалы уровневого обучения учителя и преподаватели могут более точно оценить знания учеников, студентов, а значит и более

точно и эффективно применять учебный материал при обучении учащихся имеющих различные уровни знаний языка. В конечном итоге, правильная оценка знаний обучаемых способствует осознанному и прочному усвоению учебного материала.

ЛИТЕРАТУРА:

1. *Биялиев К.А.* Кыргыз тилин мамлекеттик тил катары колдоно билүү деңгээлдери. – Бишкек, 2008 - 140 б.
2. *Жинкин Н.И.* Речь как проводник информации. – М., Наука, 1982 -160 с.
3. *Мамбеткалиев С., Токтоналиев К., Горн А.* Интенсивный курс кыргызского языка. – Бишкек, 1992 – 176 с.
4. *Пассов Е.И.* Основы коммуникативной методики обучения иностранному общению. – М.: Изд-во Просвещение, 1989 – 240 с.



Ақыл-парасат — адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнердің қыр-сырын ұғуына, жақсы қылық пен жаман қылықтың ара жігін ашуына көмектесетін күш

Әбу Насыр әл-Фараби.

Адамдарға ақыл-парасат өз өмірін жақсарту үшін берілген

Нұрсұлтан Назарбаев.

THE VALUE OF KAZAKH AND ENGLISH PROVERBS

A. Tungushbayeva

Undregraduate degree Lingvistic Abai KazNPU

Түйіндеме

Бұл мақалада қазақ-ағылшын мақал-мәтелдерінің әр салада қолданылу ерекшелігі сөз болады. Екі тілдің мақал-мәтелдері салыстыра-салғастыра көрсетіледі.

Резюме

В этой статье анализируется применение казахско - английских пословиц и поговорок в различных ситуациях. Идет сопоставление пословиц и поговорок двух языках.

Folklore are colorful and fascinating aspect of any language. Most of the scientists agreed that the proverbs are folklore speech. Where was not only the person's point of view but also general people's outlook is expressed. Proverbs and sayings play important role in language. They give emotionality, expressiveness to the speech. They have certain pure linguistic features that must always be taken into account in order to distinguish them from ordinary sentences. Proverbs are brief statements showing uncondensed form of the accumulated life experience of the community and serving as conventional practical symbols for abstract ideas. They are usually didactic and image bearing. Many of them become very polished and there is no extra word in proverbs and sayings. Summarizing above mentioned information the following definition can be given to a proverb: It is a short, meaningful has the rhythmic organization in poetic style - that people had created for centuries in their social and historical life.

«A proverb (from Latin: pro “forward” + verb “word”) is a collection of words (i.e. a phrase or sentence) that has been disseminated forth and states a general truth or gives advice: *Idleness is the root of all evil. A penny saved is a penny gained. The pen is mightier than the sword. Ask no questions, hear no lies. Silence is sometimes an answer*” [1].

Pragmatically, proverbs are used for communicative purposes and we need pragmatic reasoning in order to understand them. That is, they are used with a certain communicative aim that transcends their linguistic form and meaning. Besides this, they reflect an implicit typology of patterns of reasoning or argument. For this and other reasons, proverbs are interesting to study, since through them we can extract many ideas on how we think, how we conceptualise and categorise the world, and how we transmit traditional folk knowledge from generation to generation. Proverbs surround us everyday. Whether at work, school, church or during a conversation with a friend, the likelihood of hearing a proverb is high. With the influx of different cultures and traditions in Kazakh and English life, it is not uncommon to come in contact with many examples of proverbs. In Kazakh proverbs we mainly use animals for comparison.

Borrowed garments never fit well. Kici аты тершил, kici киімі кіршил.

Make a mountain out of a molehill. Түймедейді түйедей еммі.

As sure as eggs is eggs. Тайға таңба басқандай.

He that mischief hatches, mischief catches. Өгізге туған күн, бұзауға да туады.

Humbler than the dust. Қой аузынан шөп алмайды.

The actuality of the study of the proverbs in Kazakh, English is that the usage of proverbs in speech is very important. The correct usage of these proverbs is also important, while translating any other work of art we should pay close attention to this point, and that is the reason of the study of the theme we have taken under discussion. So express any idea or plot of the work in translation as in original demands a person's high skill and deep knowledge. Translator ought to know the rules of translation, furthermore the history, slang, life, customs and traditions of the people whose language he translating into.

Proverb is a brief saying that presents a truth or some bit of useful wisdom. It is usually based on common sense or practical experience. The effect of a proverb is to make the wisdom it tells seem to be self-evident. The same proverb often occurs among several different peoples. True proverbs are sayings that have been passed from generation to generation primarily by word of mouth.

Grasp all, lose all. Азға қанағат қылмасаң, көптен құр қаларсың.

Heaven helps those who help themselves. Сақ жүрсе, нақ жүресің.

United we stand, divided we fall. Алмай ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі кетеді.

Sweet meat will have sour sauce. Алмақтың салмағы бар.

Proverbs were always the most vivacious and at the same time the most stable part of the national languages, suitable competing with the sayings and aphorisms outstanding thinkers. In the proverbs and sayings picturesqueness of national thinking was more vivid expressed as well as their features of national character. The proverbs and sayings are the paper of folklore which is short but deep in the meaning. They express the outlook of the amount of people by their social and ideal functions. Proverbs and sayings include themselves the some certain features of historical development and the culture of people.

To express the idea straightly and logically proverbs are characterized by their features.

Every proverb values or appreciates any event both positively and negatively. Such kind of features serve to make the proverbs popular among people.

You cannot touch pitch and not be defiled. Жақсымен жанассаң аттаққа ілінерсің, жаманмен жанассаң шатаққа ілігерсің.

Set a beggar on horseback and he will ride to the devil. Жаман итті еркелетсең, аузыңды жалар, жаман адамды еркелетсең, жаныңды алар.

“Every culture has its own store of proverbs and sayings. Proverbs are the mirror of nation's soul, a guide to a nation's customs and traditions, character temperament, beliefs and opinions.

The Kazakh people have a great wealth of proverbs and often use them in everyday life. The Kazakhs are longtime masters in the art conversation and the art Kazakhs has always been there speech.

Among Kazakhs no conversation takes place without a proverb being mentioned. Both young and old employ them to give advice, to express their opinion to warn, to cement arguments, to caress and curse, to say universal truths. The Kazakhs consider them as an authoritative opinion, and it is surprising to see the influence that proverbs make on a Kazakh. As soon as a proverb is said all arguments cease, a misfortune becomes bearable and even death becomes acceptable and natural” [2].

Proverbs express wise and complete idea and sayings express the description of something but do not give complete meanings. They consist of one compositional composition.

When the daughter is stolen shut pepper gate. Ақсақ қой түстен кейін маңырайды.

All lay loads to a willing horse. Жуас түйе жүндеуге жақсы.

Proverbs serve as rare base in researching or studying of people: the level of their cultural, politic, economic life in ancient time or periods. As proverbs reflect the life practice of people over different periods and also they reflect moral norms and religious faith of nation. One more feature of proverbs is that proverbs are often used in colloquial speech of people and

are extended in varied forms.

The idea expressed in the proverb must have global character. It means that those proverbs that describe the characters related to the human beings are the same in all the languages. A proverb is a short and general statement which is handed down by tradition and which changes its meaning according to the speaker and the situation.

Also it should be pointed out that the character of immediate creation of proverbs are connected with sociable structure, the dominance and non dominance of politic, cultural, social – economic life. The content expressed in proverb changes depending on the change in. of social life.

If you deal with a fox think of his tricks.
Заманың түлкі болса, тазы боп қу.

When in Rome, do as the Romans do. *Кімнің қайығына мінсең, соның ескегін ес.*

A proverb is a condensed version of basic opinions, prejudices and beliefs common to a

group of people. These are usually in the form of very short, easy-to-re member sentences or phrases. The proverb attempts to teach us, via the trials and tribulations of others who were not as fortunate as we. Proverbs can be positive or negative in nature; unfortunately, far too many of them are anti-women in their conclusions.

A woman is a weather cock. Әйел бірде түйе, бірде бие.

A woman's mind is winter wind. Қыз қылығы қырық есекке жүк.

“Proverbs are short sentences expressing a well-known truth, or a common fact familiar to experience. They cover many of the aspects of human life, and, as they refer mostly to everyday facts they are highly colloquial. Short and well constructed sentences, they are easily memorized. Proverbs of different countries often convey similar general ideas in an entirely different from” [3].

REFERENCES

1. *Babich G.N.* The lexicology of English language. – Moscow: Nauka, 2010.
2. *Kengyesbaeva U.* English proverbs and sayings. – Almaty: Ulke, 2004.
3. *Kuskovskaya E.S.* English proverbs and sayings. – Moscow: Nauka, 1996.

ЖЕТІ НЕГІЗДІ ЖІКТЕГЕН...

Құттыбайұлы Сансызбай

Ақын-ғалым, шежіреші, мемлекет-қоғам қайраткері

Резюме

В данной статье рассматривается периоды воспитания народной педагогики.

Summary

This article examines the periods of education of the teaching.

*Ынталы жүрек сезген сөз,
Бар тамырды қуалар.*

Абай

*Адам - әлемнен де күрделі.
Ұждан.*

Біздер ата-бабамыздан қалған, әкешешеміз құлағымызға құйып, санамызға сіңдірген, «ұят болады» деген қасиетті бір ауыз сөзбен тәрбиелендік. Осы бір ауыз сөз

қазақтың әрісі бар, берісі бар барлық дерлік ұрпақтарын тәрбиеледі десем шындықтан шығандап кетпейтін шығармын. Бала кезімізде «ұят болар» деп әбестіктен әрірек

жүруге тырыстық; мектеп жасында «ұят болар» деп тәртіпке көніп, жақсы баға алуға, үлгілі оқушы болуға талпындық; қиян асып алысқа кетіп «дүниеге бір кірпіш боп қалану» үшін білім-ғылым қуу жолында да, «пәленшенің баласы қалай» дегенде ата-анамыз, ауыл-аймақ басқаша естісе «ұят болар» деп дұрыс жүріп-тұрып, қайсыбір сынақтарда сүрінбеуге тырысып тер төктік, барымызды салдық. Осы бір ауыз сөз әбден қаныңа сіңіп, ұлықтаған ұятың жүрегіңнен ұя тауып есейіп ердің жасынан асып, үлкейіп үйлі-баранды болсаң да, енді, бойыңды, болмысыңды билеп «ақырын, анық басу» әдетіңе айналады. Бара-бара балаларың, немерелеріңнің алдында ұялмау үшін үкілі, ісмерлікпен іс жасауға жинап-терген тәсіліңді, тәжірибеңді тәптіштеп тағы да тырысып бағасың. Ал, әлқисса, тырысқан адам меңзеген межесіне жетпей тынбайды, және орта жолда опырылып сынбайды, сөз жоқ жетеді, жеткенде де басын биік ұстап шаршамай, шалдықпай жетеді. Бір меженің артынан бір меженің күтіп тұратыны және бар. Дереу тағы жатпай-тұрмай қимылдайсың. Қимыл бар жерде өмір бар. Ал өнегелі өмірді ұяттылар ғана жасай алды...

Талай моральдық кодекстер жазылып жатқанымызды да, жаттаттырғанын да білеміз, қызыметкердің ар-ұждан кодекстерін де бастан өткердік. Олар да дұрыс, жақсы жазылған, әйтсе де ата-бабамның тәрбие кодексі – «ұят болады» деген бір ауыз сөзіндегідей қаныммен араласып қайнап, көкірегімде күн боп жайнайтындай уыз тақылет тағылымын сезіне алмағанымды, сезіне алмағасын сол кодекстерге езіле алмағанымды жасыра алмаймын. Себебі бұл кодекстер заманына байланысты, заманының адамына байланысты жазылған ережелер, жаздырған анықтамалар. Егер ертең заман өзгерсе, заманына қарап адамы өзгерсе бұл кодекстердің өзгермеуіне кім кепіл...

Ал ұят, ұждан деген адамның ұжымағы, яки ұжымақ бұл ұждан. Ұждансыз бақырбас ұзаққа бармайды. Ұжданды ұлан ұзаққа

талпынудан талмайды. Ол ұжданына бас ұрады. Сөйлесе ұждан ұстанымымен сөйлейді, жазса қалам – ұжданына сүйенеді. Неістеседесөйтеді. Өйткені оның іс-қимылын ұлан-ғайыр ұждан билейді, ұждан билеген адамның ар, намыс, ұяты айшықтанып, ұлылыққа бет бұрып, бедерленеді, бекиді. Енді ол аяғымен жүрмейді жүрегімен жүреді, құр құшақтамайды құшақтаса жүрегімен құшақтайды, жүрегімен сөйлейді, сүйсе жүрегімен сүйеді. Осылай жүрегіне жүгіну арқылы жігерін қайрап, қастерлі қасиеттері қайнап, жеке-дара жетістіктерге жеткен қазақтың ұлағатты ұлы бар, Ол – Совет-хан Ғаббасов. Ол – Ұждан. Ол – періште пейіл Адам...

Мен, осы бір келбетті, маңдайы кереқарыс кісімен кілең кездескім келеді де жүреді. Бірге отырып омырулаған ойымды кіріктіріп, сендей соғылысқан сөздерімді біріктіргім келеді. Мәмілелі де мәнді, әуезді де әрлі әңгімесін тыңдап тынысымды ашып, күйкі тірліктен арылып, арман арқалап алыстарға аңсарымды аударуға құмар-ақпын. Алымы аукамды, қарымы қауқарлы ағамызбен соншама араласып сұбхаттассам да кәусар сөздеріне толықтай қанып құмардан бір шықпадым. Өйткені оның әңгімесі әрі терең, әрі биік, әрі кең көлемді боп келеді. Тереңіне сүңгісем биігіне өрмелей алмай, биігіне талпынсам кеңдік кереметіне етене еніп еркінси алмай «есем кетіп» жатады...

Ие, эне, өзі де Алматының алқымды кең көшесімен еңсесі биік, жүзі жарқын, адымын алшақ басып кетіп бара жатыр. Сірә, дегдарлыққа дәмелі жас өскіндерге дәріс беруге бара жатқаны шығар. Екі жағынан екі ақ періште демеп қолтықтап бара жатқандай... Ойпырмай-ә, ертеректе – бала кезімізде әжелеріміз адамның екі иығында екі періште отырады, біреуі жақсы сөздерінді, екіншісі аузыңнан шыққан жаман сөздерінді тізіп жазып отырады дейтін. Сондықтан болар жаман сөздер айтпауға тырысып бақтық-қой. Әй, әйтседе пенде емеспіз бе, қара періштенің де көз майын тауыстырып, қолын талдырып шаршатқан шығармыз-ақ.

Ал бұл кісі аузын ашса ар жағынан жүрегі көрініп, қасаңсыған жүйкенді жұмсартатын жәудір сөздер ақтарады, жаңағы жаман сөздерді жазатын қара періштесінің өзі көзі қарайып, жүрегі ағарып әбден жауһар, нұрлы сөздерге шомыла-шомыла ақ періштеге айналып кеткен тәрізді. Енді екі ақ періште ақ тер, көк терге түсіп тынымсыз жәудір сөздерді том-томдап тізіп жатқан сияқты боп көрінеді маған. Сонау кетіп бара жатқан қазандаған қазына ағамызды екі ақ періштесі алға асқақтата адымдатып бара жатқандай. Әсерлеп кетті-ғой деменіздер. Бұл менің шын сөзім, шын сезімім.

Совет-Хан Ғаббасов екі саладағы екі бірдей ғылымның – медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор, жазушы, КСРО Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Махамбет атындағы сыйлықтың лауреаты, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі. Туған өңірі - Зайсан ауданының құрметті азаматы. Халықаралық Нострадамус атындағы академияның толық мүшесі – Академик.

Сәкен, ағамызбен осыдан оншақты жыл бұрын танысудың реті келді. Бұрыннан да атына қанықпыз-ғой. Сонда да сәті сол жиналыста түсті. «Отанымыздың тарихы» атты клуб құрамыз деп бұрынғы дене шынықтыру институтының залында, негізінен өзіміздің өткенімізді түгендеуге жаңаша көзқараспен қарайтын тарихшы ғалымдар және шынайы тарихымызды жасау жолында риясыз қол үшін беріп, алға апаруға ат салысатын ұлтжанды азаматтар жиналатын болады. Мен де шақырылдым. Алғашқы сапта-ақ Совет-Хан Ғаббасовқа сөз берілді. Біздің Сәкен, ағамыз ғажап адам-ғой. Тарихты да арқан ауын тараштаған тарлан балықшыдай тараштай жөнелді. Шын тарихын білмей ұлттың қабырғалы ел бола алмайтынына бір тоқтады. Біраз бірегей ойлар айтылды. Жалпы дарынды адам барлық жағынан дарынды деген сөздің растығын сонда жете түсіндім.

Жиналыс біткен соң тура Сәкеңе барып

таныстым. Барлық ұлыларға тән бұл кісі де қарапайым, қайырымды, ақ көңіл жан екен. «Жақсы да жаттық болмайды» деген осы емес пе, шүйіркелесіп кеттік. Сонан бері ол аға, мен інілік жолымыздан бір жаңылыспай келе жатырмыз, солай бола беретініне де сөз жоқ. Өйткені ол менің кішілігімді кемшілік, кісілігімді кісімшілдік деп санаған жоқ. Ол айтса сөзін бөлмейміз, біз айтсақ тұқыртып тоқтатпайды. Бұдан артық қандай сыйластық керек!!!

Жақында осы жазу-сызудың үстінде отырып Совет-Хан ағаның өмірбаянына көз жүгіртсем ол Өскемен өңірі, Зайсан ауданның Сұңқар ауылында дүниеге келіпті. Сөйтсем, осы оншақты жылда ол кісінің руы түгіл, «географиясын да» сұрамағаным-ғой. Өйткені нағыз қазақтың ұлы үшін осы ұлан-ғайыр қазақтың сайын даласының да, жасыл желек қаласының да әрбір нүктесі оның Отаны.

Иә Зайсан. Сонау 1990-91 жылдары екі жыл бойы сол аймақпен біте қайнасып алдымызға қойылған тапсырмаларды орындау үстінде үлкен-үлкен істерге араласқанбыз. Жер сілкіністің зардабын жойып жаңа ауылдар салуға мемлекеттік комиссияға кіріп қолғабыс жасағанбыз. Қазақтың қай жері де қайыр дарыған жер-ғой, десе де Зайсан өңірі өзгеше боп келеді екен. Зайсан деген атының өзі жоңғаршадан аударғанда «князь» деген мағына береді. Егер жоңғарлардың өзі «аузының суы құрып» бұл жерді Зайсан – князь деп атаса өңірдің өзгеше болғаны емес пе?! Сұңқар ауылында да болғанмын, жіптікей жігіттерімен танысып қоян қолтық жұмыс жасағанбыз. Сол Зайсанның Сұңқарында туған Совет-Хан ағаның князь боп кемелденбеуі, сұңқар боп сұңғылаланбауы мүмкін емес еді. Солай болды да. Жер-Ана топырағының киесінің даруы деген осы.

Ол әкесінен жас қалып анасының тәрбиесінде болған. Оның үстіне анасы Әсия да өзгеше-мейрімді, ел қадірлейтін жан-тұғын. Абайды Ұлы еткен Зере болса, Шоқанды Шоқан еткен Айғаным әжесі

демекші, талант туа бітсе де оны дамыту тәрбиеге байланысты, Совет-Ханды Совет-Хан етуге аяулы анасы Әсияның үлесі зор. Совет-Хан сәбидің, бала Совет-Ханның жүрек тәрбиесінің қалыптасуына себеп болған екі анасы деп айта аламыз, олар – Жер-Ана мен өз Анасы еді. Бұл айдай анық және осы анық оның айықпайтын асқаралы армандарының ақ қантына айналды. Ол мектеп бітіре сала әуелі екі жыл бойы мал бақты. Не нәрсемен шұғылданса да оның биігіне шығуы оның бала кезден әдетіне айналған жайт. Қазақта: малшымын, бірақ қойшы емеспін тайшымын деп мақтанышпен айтатын мәтел сөз бар. Ол тайшы–жылқышы болды. Қазақтың қасиетті малының құлағына ойнады, балағын түріп, сарбалақ жусандарды кешіп оның жұпарын жұтып, бойына сіңірді. Егер, менен ең қазақы өсімдік не десе жусан дер ем, ең құдіретті иіс не десе жусанның иісі дер ем. Сондықтан болар осы жұпар иіс оның ұлтжандылығын ұлғайтып, ұстамын ұлықтап, туған жерін ұмыттырмай әлсін-әлсін жылы жаққа оралатын жыл құстарындай даңғайыр даласына оралтып тұрады. Жақында тағы да ауылға барып аунап-қунап қайтатынын айтқан, сірә, жусанды жотасына барып еркін тыныстып, тың ойларға оранып қайту үшін елге тартып тұрды-ау деп қалам. Сондықтан ол кісінің күш-қуаты ортайуды білмейді. Бұның дәлелі оның әр салада атқарылған қыруар жұмыстары және таңдай қағып таң қалатынымыз осы жұмыстардың біразына «алғашқы», «тұңғыш», «жаңа» деген сөз тіркестері қосылып қондандырып тұрады. Қазақтың тұңғыш ғылыми-фантастикалық «Кәусар» атты романын жазған Ол; бүкіл республикада тұңғыш «Халық педагогикасы» атты конференцияға қатнасып алғаш «Халық педагогикасы» және «Энтропедагогиканың» өзара бітұтастығымен бірге олардың өздеріне тән айырмашылықтарын айқындайтын қажеттігін айтқан Ол; «Халық педагогикасын» жаңа пән есебінде ұсынған Ол; қазақ топырағында алғаш ашылған Ана мен Бала тәрбиесінің ғылымның орталығын

кұрған Ол; мүлдем жаңа – «Екі жүйе және жеті негіз» ілімін ұсынған да - Ол.

Оның ғажайып ғылыми шығармаларынан бөлек көркем әдебиет саласында қадау-қадау он бес кітабы бар, солардың бесеуі көлемді романдар екен. Қолдан келіп жатса оларға да кейінірек тоқталармыз, ал адам баласының алтын қазығы болып табылатын халық педагогикасының негіздеріне арналған монография – кітабының жөні тіпті өзгеше. Сондықтан болар ағамыздың осы еңбегі туралы еселеп айта бергім келеді, өйткені осы туындыны ту ғып ұстап жаппай ел болып зерделеп ұрпақ тәрбиесіне жете мән берілсе мемлекетіміздің болашығының жарқын болатындығында сөз жоқ. Тәлім-тәрбие алған ұрпақтар ғана өзгелерді тәнті ететін қоғам құра алады. Ол өзі қолға алып жүрген салаларының әбден машақтанған маманына айналған адам. Мамандықтың ұшар шыңы ғылым болса, сол шыңды да игерген адам. Бұрын-соңды жүйеленбеген тығырықтағы тақырыпты ғылыми негіздеу және осы өзі негіздеген жұмысты ұлы ойшыл – ғұламалардың еңбектеріне сүйене отырып асқан білімдарлық және білгірлікпен дәлелдеп, қалың оқушыға ұсынып ортаға салу – өзгеше құбылыс. Жеткізіп айтсақ кемеңгер жазған керемет дүние. Осы кітапты оқып отырып өзімнің өте аз білетіндігімді сезіндім. Осы сезіну мені қатты қуантты және бұрынғыдан бақыттырақ етті.

Мен педагогика ілімінің ісмері емеспін, бірақ маған осы кітаптың бірінші қарпінен соңғы қарпіне дейін түсінекті. Білмейтініміз көп-қой, бірақ осы тәрбие әліппесін әбден талдап оқығаннан кейін, бір мысқал болса да білетіндерім көбейді деп көңілімнің көтеріліп жүргенін жасырмаймын. Осы еңбегіне ағамыз етене кіріскеннен бастап ол аспанмен астасып оның құлағына ақ періштелер сыбырлап қалай жазу керектігіне кеңес берген секілді боп көрінеді, маған. Несі бар қазақта «құдай сыбырлады» деген сөз бар екені рас-қой. Кітапқа үңіліңізші, адамзаттың алып тұлғалары Аристотель, Платон, Ибн-Синаларға иек арыта отырып,

өз заманында Әл-Фараби негіздерін қалап Баласағұн, Дуани, Науаи, Абай тәрізді ғұламалар жетілдіре дамытқан – хауас, имани гүл, жәуанмәртлік – ілімдерімен алғаш рет сабақтастырылып, ұлы Абайдың педагогикалық еңбектерінің ерекшеліктеріне арнайы тоқталады. Сөйтіп, адамды ең әуелі – биологиялық индивид ретінде қарастырып, сонан кейін ғана қоғамдық тұлғаға көтеретін методологияны ұсынады.

Халық тағылымы біздің заманымызға дейін ғылыми дамымағандықтан да жұртымыздың жігері қажып, рухани азғындауының көрінісі молынан ұшырасып жататындығын бәріміз де көріп-біліп, сезіп жүреміз. Сондықтан шығармада адамның жан-дүниесін жетілдіретін рухани көзіне көп көңіл аударылатындығына сіздің де көзіңіз жетеді. Сонымен Адам екі түрлі аса күрделі жүйелерден тұрады екен. Біріншісі – Тән құрылысы болса, екіншісі – Жан дүние әлемі. Бұлар медалдің екі беті сияқты – біртұтас жаратылыс болғандықтан, бір-біріне тәуелді. Бірақ, тіршілікте ең әуелі тән құрылысы жаратылады да, ол жан дүниесінің негізгі қоректендірушісі болып табылады. Ал, жетіле дамыған жан дүниесінің әлемі, өз кезегінде қайыра тән құрылысының саулығы мен жетілуіне ерекше әсер етпек.

Халқымыздың данышпан ұлы Әл-Фараби: «...Адам пайда болысымен оның бойына ең алдымен бітетін нәрсе – күш (яғни қабілет), ол – осы күш арқылы қоректенеді. Мүшелердің ішінде тұңғыш рет – жүрек пайда болады, бұдан кейін – ми, одан соң – бауыр, одан кейін – көк бауыр, сонысын басқалары пайда болады. Бәрінен соң барып, қимылға келетіні – жыныс мүшелері.

Жүрек – басты мүше. Мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін - ми келеді, бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес. Екінші болғандықтан – ми барлық басқа мүшелерді билегенмен, оның өзін – жүрек билейді. Ендеше, Жүректің табиғи ниетіне қарай, тәндегі күллі мүшелер оған қызмет етеді», - деп адам тәрбиесіне қатысты сындарлы

сырдың кілтін береді. Аққудың екі ақ қантындай адам тәрбиесінің екі жүйесін етене екшеп, соңына ертіп еліктіріп айқындап береді. Сөйтсек, жүрек тәрбиесі негізінде ана құрсағында жетіліп жарық дүниедегі ғұмырын түгел қамтиды екен. Олай болса, ұрық тазалығы – адам тәрбиесінің алғашқы шарты. Сол таза ұрықтан бірте-бірте өсетін жан-иесінің жүрек тәрбиесі жалғасады. Ана құрсағындағы тоғыз ай, тоғыз күнге созылатын өмірінде... нәресте бүкіл жер бетіндегі тіршіліктің, миллиондаған жылдар бойы қалыптасқан баспалдақтарын басып өтеді. Адам осы кезеңде, өзіндік биологиялық ерекшеліктерімен қатар, кейін көкірек көзіне айналатын түйсіктік тәрбиелерін жетілдіреді екен. Қандай ғаламат!

Кейбіреулер баланы дүниеге келген сәттен бастап тәрбиелеу керек деп соғады. Ал жаңа ілім «...тәрбие тәсілдері бала дүниеге келместен тіпті ана құрсағында пайда болмастан бұрын, болашақ ата-ана болар жастардың танысқан сәттерінен басталуын...» талап етеді. Жүрек тәрбиесінің маңыздылығы халық даналығында да: «...сүйекке біткен мінез...сүтпен енген қадет...» - деп қаншалықты терең де дәл айтылған десеңізші?!

Енді ақыл-тәрбиесіне тоқталсақ бұл адам тәрбиесінің нәресте кезінде жетілетін үлкен құбылысы екен. Қазақ ақыл тәрбиесінің алғашқы адымын баланы қырқынан шығуымен сабақтастырған. Осы сәттен бастап бала ақ пен қараны ажыратыды деп есептейді. Бара-бара сана салтанат құрып жүрек пен ақыл тәрбиелерінің үндестіктері жарасып, бірін-бірі байытып, адам бойындағы мінезділік қасиеттерін сырбаздыққа, қабілет-дарындылыққа ұштап қарымдылыққа жетілдіретіні анық та ақиқат нәрсе екен.

Міне осы, «жүрек тәрбиесі», «ақыл тәрбиесі» аталып айшықтанған екі жүйе арқылы халық педагогикасының жеті түрлі негіздері жетілдіріледі екен. Ғалым Ғаббасовтың осы негіздерге кең түрде тоқталып жеріне жеткізе жіктеген ерен

еңбегі туралы жоғарыда айтқанбыз. Бұл мол мағаналы, көлемді кітапты талдау бір мақалада, әрине, мүмкін емес. Сондықтан да физиологиялық әрбір кезеңнің тәрбиесі халық педагогикасының негіздері болып қаланатынын айта отырып, ең болмаса жеті негіздің төмендегідей боп жіктелнетінін атап өткіміз келеді:

1. Отбасын құруға дайындық және ұрық тазалығы

2. Ана құрсағындағы тоғыз ай
3. Нәресте кезеңі
4. Балбөбек кезеңі
5. Сәбилік кезеңі
6. Балиғат кезеңі
7. Кәмілеттік кезеңі

Сөйтіп, кемеңгер ғалым үзіліссіз ұрпақ тәрбиесінің жаңа көзқарастарға негізделген ілімін ұсынып отыр. Бұл ұсыныс сонау 1995 жылы кітап боп шықты, десе де адамды жан-жақты дамытудың жолын анықтап, айғақтап берген осы құнды дүниенің мектептерден бастап, гимназия, жоғарғы оқу орындарында жаппай пән есебінде жүрмей жатқандығын асқан қынжылыспен айтуға тура кеп отыр. Мұндай жан-жақты терең ойлы оқулықты неке қию мекемесінде, балабақшаларда, айта берсе өндіріс орындарында да пайдаланса тәуелсіздігімізге тәу етіп, қабырғалы ел болуға талпынып, шаңырағымызды көтеріп, керегемізді керіп жатқан осы бір сын тұста заманымыздың талабына сай жаңаша ұрпақ қалыптастыруға сөз жоқ сүбелі септігін тигізер еді. Бірақ не пайда...

Алтын құндақ, ақ берен

Баса алмасам маған серт!

От алмасаң саған серт!, – деп, Қобыланды батыр шамырқанған-ғой, сол сияқты ғалым

Ғаббасов шабытын шырқатып, рухани қазынаға айналатындай дүниені тасқа басып шығарғаны қашан?! Ол «сертін» орындады. Енді уақыттан ұтылмай осы ерекше еңбекті ұрпақ игілігіне пайдалану, әрине ел басшыларына да, білім саласындағы адамзаттарға да сын, Қобыландыша айтсақ «серт». ...Әлде, сырттан біреулерді шақыру керек пе? Сырттан ақша табу үшін кейбіреулердің келіп-кетуі мүмкін, бірақ халықтың рухани дүниесін сырттан келіп ешкім жасап бермеген және жасап бермейді де. Бұл хақ. Бұл аксиома! Олай болса озық жазылған – оқулық дайын, іске сәт...

Биыл ақпан айында Сәкен ағамыз 70 жасқа толады. Жақында ағамызға телефон шалып амандық сұрасқанмын. Көңілі көтеріңкі екен, әдеттегідей тағы да «Халық педагогика негіздері» туралы өзімнің шынайы пікірімді айтуды ұмытпадым және дүкендерден сол кітапты іздесең табылмайтынын тілге тиек еттім. Ондай кітап қазақтың әрбір жанұясынан табылғаны ләзім-ғой деп қалдым. Әңгімеміздің аяғына таман ол кісі, бір топ азаматтардың ұсыныс жасап, мерейтойды атап өту үшін ұйымдастыру шараларын жасап жатқанын айтты және сол салтанатқа қатысқан адамдарға арнап кітаптың 500 данасына қысыз-пұлсыз таратып беретіндігін жариялады. Қуанып кетіп: бұл тек бес жүз-ақ жанұя-ғой, әлі елу мың жанұяны қайтеміз-дедім, әзілдеп... Аузыма Құдай салған шығар, әлі қазақтың елу мың жанұясының төрінде «Халық педагогикасы» атты асыл кітап айналасына арай шашып, жаңа ұрпақтарды жасампаздыққа жетелеп, ұлтымызды ұлылықпен ұштастырып тұрар деген сенімдемін. Әумин!!!

ҚАЗАҚ ОТБАСЫНЫҢ ТАРИХИ-ЭТНОСТЫҚ СИПАТЫ

Оразова Р.К.

*аға оқытушы, шығыс тілдері кафедрасы,
Абай атындағы ҚазҰПУ*

Резюме

В статье рассматривается образование и развитие казахской семьи с опорой на научные источники.

Summary

This article considers the family development based on scientific resources.

Еліміздің ежелден дәріптеп, қастерлеп келген ұлттық өнерінің тегін тектеу, болмысын тану, оның асылын тарихтың рухани көш-керуеніне ілестіріп отыру арқылы бүгінгі және болашақ ұрпақ қамын қамдау өскелең өмір талабы болып отыр.

Ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағлымдарын оқып-үйреніп, өнеге тұтпай жастарды ізгілік пен парасаттылыққа баулу мүмкін емес. Себебі Л.Н.Толстой айтқандай: «Өткенді жақсы білмейінше, келешекке сапар шегу айсыз қараңғыда сүрлеу соқпақ іздеп адасумен пара-пар» [1]. Ұлт дегеніміз – адамдардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-этникалық, қауымдық бірлестігінің жоғары түрі. Қай халықтың болмасын ұлт болып қалыптасуы үшін қажетті факторлар: оның құрамына енген адамдар тобының материалды тұрмыс жағдайларының, территориясы мен экономикалық өмірінің, тілі мен мәдениетінің, әлеуметтік хал-ахуалдағы сол ұлтқа тән кейбір этникалық ерекшелігінің ортақтығы болып табылады.

Ұлттың жан-күйі мен ұлттық мәдениет арасында тығыз байланыс бар. Ұлттық мінез-құлық ерекшелігі ұлт мәдениетінің түрлерінен көрініс береді.

Ұлттық жан-күй үйлесім ерекшелігі адамдардың отбасылық қарым-қатынасынан, киім кию түрлерінен, спорттық ойын ерекшеліктерінен немесе тұрмыстық салт-дәстүрлерден, ұлттық тағам түрлерінен анық байқалады.

Ұлттық жан-күй үйлесімі үш бөліктен тұрады: ол- ұлттық сезім, ұлттық салт-дәстүрлер және ұлттық мінез. Осы үш бірлік ұлттық мәдени ерекшеліктің шартты белгілері болып табылады...

Ұлттық салт пен дәстүрдің тууы ұлттың ұлт болып қалыптасуына байланысты. Қазіргі ғылыми дәлелдеулер бойынша, қазақ ұлтының алғаш пайда болуы XIII-XV ғасырларды пайда болды деп жүрміз. Олай болса, сол дәуірден бері қарай қазақтың көптеген әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері қалыптасып, дамыды. Оның озық үлгілері ұрпақтан ұрпаққа көшіп, біздің дәуірімізге жетті. В.Г.Белинский салт-дәстүрдің өміршендігі жөнінде: «әдет-ғұрып замандар бойы сыннан өтеді. Өз дәуірінде ардақталып, ата-бабадан әулетке мұра болып ауысып, рудан-руға, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Олар халықтың сырт бейнесі болып табылады. Онсыз халық бет әлпетсіз бейне, болымсыз тас мүсін тәрізді...» – дейді [2]. Әрине, әр халықтың өзіне тән салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы сол халықтың ерекше белгісі болып сақтала береді.

Қазақ халқының туыстық қатынастары өзге де салт-дәстүрлермен қатар тарихи көне процесс. Көптеген салт-дәстүрлер ұлттың ұлт болып қалыптасуынан бұрын пайда болғандықтан, ол бірталай ұлттарға ортақ мәнді дәстүр болып келеді.

Салт-дәстүр халықтардың тіршілік кәсібіне, наным-сеніміне, өмірге деген көзқарасына байланысты туып, қалыптасып,

ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, өзгеріп, жаңарып отырады. Оның жаңа қоғамдық қатынасқа қайшы келетіндері жойылып, өмірге қажеттілері дамып, жаңа мағынаға ие болады. Мысалы, қазақтар жаугершілік заманда қой сойып, қанына найзасын малып, бір-бірімен анттасып, достасқан. Достықты бұзғанды ант атсын деп серттескен. Бертін, жаңа қоғамның дамуына байланысты анттасу салты мүлде жойылды.

Салт-дәстүр сабақтастығы ұлттар арасындағы қарым-қатынаспен тығыз байланысты. «Әр халықтың мәдениеті өзіне тән ерекшелігімен дараланып, көзге шалынады. Алайда басқа халықтардың әсерінсіз таза, дара ұлттық мәдениет тіпті де кездеспейді. Ұлттар мен халықтардың материалдық және рухани байланысы, қарым-қатынасы арқылы олар бір-бірін мәдени байланысы жағынан толықтырады» – дейді С.Н.Артановский [3]. Бір ұлтта бар салт-дәстүрлер, ұлттық ою-өрнек, тағам, спорттық ойын түрлері екінші бір ұлтта да белгілі ұқсастықпен және өзіндік ерекшелігімен көрініс береді. Ұлттық болмыс-бітім адам мінезінен, іс-әрекетінен ерекшелене көрінетін тұрақты құбылыс.

Дүние жүзі халықтары тәрізді, қазақтың да өзіне тән отбасы тарихы бар. Адам баласы басынан өткізген сан алуан қоғамдық-экономикалық формациялардың қай-қайсысы болмасын, әрқилы отбасы түрлерімен тығыз байланыста болған. Отбасы тарихындағы Л.Морган атап өткен түрлі неке формаларының біразын қазақ халқының арғы тектері де басынан өткізді. Кеңес төңкерісіне дейінгі қазақ халқына тән отбасы түрі негізінен әке-шеше және үйленбеген балалардан тұратын дара, яғни шағын отбасы болатын. XIX ғасыр мен XX-ғасырдың басында қазақ арасында негізінен дара отбасы үстем болған. Қолда бар деректерге қарағанда, сол дара отбасында үлкен патриархал отбасы қауымының көптеген сипаттары сақталып келген. Үлкен патриархал отбасының Орта Азия және Қазақстан жерінде мекендейтін

жергілікті халықтар арасында қашан пайда болып, қашан жойылғаны туралы белгілі ғалымдардың зерттеулерінен біраз деректер табамыз. Мәселен, С.П.Толстов көне Хорезмдегі отырықшы елдер арасында біздің заманымыздың басында үлкен патриархал отбасының қалыптаса бастап, біздің заманымыздың алғашқы мыңжылдығының ортасында оның әбден нығайып бекігенін дәлелдейді [4]. Бұл пікірді А.Ю.Якубовский мен А.Н.Бернштам да қолдайды. Ал, Н.А.Кисляков патриархалды үлкен отбасының қалыптаса бастауы біздің заманымыздан әрірек пе деген болжау жасайды. Үлкен патриархал отбасының ыдырау кезеңі Орта Азияның әр өңірінде оның экономикалық даму дәрежесіне байланысты әр кезде басталып, сан ғасырларға созылды. Экономикалық даму артта қалған шеткері аудандарда үлкен отбасының сілемі XX-ғасырдың басына дейін созылғандығын, көптеген авторлардың зерттеулеріне сүйене отырып, Н.А.Кисляков кейінгі еңбегінде тағы да дәлелдей түскен [5].

Үлкен патриархалды отбасының кейінге дейін сақталуына Орта Азия табиғи жағдайы да әсерін тигізді. Мәселен, сыртпен байланысы шамалы болған биік таулар алқабы мен құлазыған шөлді даланы мекендеген топтарда XX ғ. басына дейін үлкен патриархалды отбасы басым болған. Деректерге қарағанда, Орта Азияның егіншілікпен айналысқан отырықшы тәжік және өзбек халықтарында Қазан төңкерісіне дейін үлкен патриархал отбасының сақталып келгені даусыз. Ал, Орта Азия мен Қазақстан жерінде ежелден бері көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан халықтар арасындағы үлкен патриархалды отбасының тағдыры отырықшы ұлттарға қарағанда ерекше. Бұл мәселе туралы этнограф С.М.Абрамзон арнайы еңбек жазды. Ол еңбектерінде кеңес археологтарының зерттеулеріне сүйене отырып, осы аймақтың көшпелілерінен Жетісу, Тянь-Шань және Алтай – Саян өңірінде үлкен патриархалды отбасының қалыптасып,

үстемдік етуі біздің заманымыздан бұрынғы VII-VIII ғасырлада басталып, дәуіріміздің алғашқы мыңжылдығының ортасына дейін келгендігін, ал оның ыдырауы сол кезде басталып, IX-XI ғасырларда аяқталғанын, яғни шағын отбасының қалыптасқандығын көрсеткен.

Отбасы тарихындағы мұндай келелі өзгеріс, ең алдымен қоғамда болған әлеуметтік-экономикалық дамудың нәтижесінде мүмкін болды, яғни жеке меншіктің маңызы біртіндеп арта түсіп, экономикалық жіктелудің айқындалуына байланысты үлкен патриархалды отбасының сыр-сипатына өзгерістер еніп, орнына дара, шағын отбасы келіп шықты. Бірақ бұдан үлкен патриархалды отбасы сол кезден бастап мүлде жойылып кетті деген ұғым тумау керек. Оның қалдығы XIX-ғасырдың соңы мен XX-ғасырдың басына дейін жетті. Мәселен, қырғыз халқында көптеген бөлінбеген патриархалды отбасыларының кездесіп, олардың құрамы бірнеше ұрпақтан және әр отбасы 15, 30, 40 адамнан тұратындығын С.А.Абрамзон мен А.Жұмағұлов баяндайды. П.И.Кушнер де өзінің «Горная киргизия» кітабында жанұя мүшелерінің көптігі әсіресе кедейлер тобында жиі кездесетінін айтқан [6]. XIX-ғ. соңы мен XX-ғ. басында түркімен халқында да патриархалды үлкен отбасының болғандығын Г.П.Васильева мен С.Н.Иомудский өз еңбектерінде баяндайды. Түркіменнің негізінен көшіп жүріп, мал бағумен айналысқан нохурли және иомуд тайпаларында кездесетін үлкен отбасылар Орта Азия көшпелілерінің арасында сақталған үлкен патриархал отбасының нағыз үлгісі тәрізді. Г.П.Васильеваның айтуынша бұндай отбасылар отбасының классикалық сипаттарымен толық үйлеседі. Олар бірнеше үйленген ұрпақтардан құралып бір жерде тұрып, бірігіп еңбек етеді, ішіп-жемі де ортақ. С.Н.Иомудскийдің айтуы бойынша, XX-ғ. басында иомудтар арасынан кездескен бір үлкен отбасында 125 адам болған. Үлкен патриархал отбасының бұрынғы кезде алтайлықтар мен

қарақалпақтар арасында да болғандығын Л.П.Потапов пен Т.А.Жданконың еңбектерінен көреміз. Қарақалпақтарда үлкен отбасының қалдығы ретінде бірнеше шағын отбасының туыстық жақындығына қарай топталып, «көше» деп аталатын бірлік болғанын да атап көрсеткен. С.М.Абрамзон дәл осы қарақалпақ отбасындағы «көше» сияқты туыстық топтың қазақтар арасында да кездесетінін айтқан. Мұндай бірлікті қазақтар «ата баласы» деген. Ал, Абрамзон оны үлкен патриархалды отбасының XX-ғ. басына дейін сақталған қалдығы деп қарайды. XX-ғ. 24-25 жылдарында Әулиеата уезінде О.Жандосовтың басшылығымен ұйымдастырылған экспедиция деректері негізінде В.Г.Соколовский «Қазақ ауылы» атты еңбегін 1926 жылы Ташкентте жариялады. Ол көптеген ауыл-қыстауларды зерттеп, олардың әрқайсысында бір атаның балалары, яғни 3-4 ұрпақтан құралған бірнеше отбасы және олардың арасында әлі де бөлінбеген ағайындардың бірге тұратынын келтіреді. Әрине, 3-4 атаға дейін сөзылған туыстар арасында туыстық қатынас болады. Ол қатынастар сырт қарағанда патриархалды отбасының сілемі, қалдығы тәрізденгенмен, «ата балалары» арасындағы қатынастың негізі тап мүддесімен толық үйлесетін. Жайылым мен қыстау жағдайы, бірінің бай, бірі кедей болуы осындай жағдайларға итермелейді. Ал кедейлерді бір қыстауда біріктіретін негізгі фактор олардың туыстық жақындығы емес, әлеуметтік-экономикалық жағдай. Мұндай ауылдарда бір-бірінен қыз алысу сатысына дейін жеткен «аталастар да» тұруы мүмкін. Себебі, әркімнің жеке үй-жайы болғанымен оларды біріктіретін ортақ жайылым болатын-ды.

XV-XVIII ғ. бүкіл қазақ жұртшылығына шағын-дара отбасының тән болғандығын айта келіп, олардың дені моногамиялық некеге негізделгендігін дәлелдейді С.Е.Толыбеков. Осы кездері шағын-дара отбасының үстем болғандығына ежелден бері қалыптасқан отауға енші бөліп беру дәстүрінің өзі-ақ бұлжытпас дәлел болғандай. Бұған қосымша

кең байтақ Қазақстан өлкесін аралап жүргенде, қарттардың: «бізде жеті атамыздан бері қарай үлкен патриархал отбасының болғанын естіген емеспіз» дегендері де бар. Қазақ өлкесінде үлкен патриархалды отбасының ертерек ыдырауына көптеген жағдайлар себепкер болды. Ең алдымен, таптық жіктелудің күшеюін айтпағанда, қазақ арасында әйелді қалыңмал беріп, айттырып алу мен ұзатылатын қызға міндетті түрде жасау беруге байланысты туысқандар арасында мал және мүлік теңсіздігін туғызу факторы үлкен патриархалды отбасының сақталуына қарама-қайшы келді. Қазақ елінде ежелден қалыптасқан экзогамиялық (белгілі бір туыстық шеңберінде қыз алыспау) тәртіпті сақтай отырып неке құру, яғни келіндер арасындағы өзара туыстық нышанының мүлде болмауы да, балаларын отау етіп бөлек шығару дәстүрі де өз себін тигізді. Қазақ байларының көп әйел алу әдеті үлкен патриархалды отбасының ыдырауына өзінше әсерін берді. «Екі қатынның баласы екі рулы ел» деп халық тегін айтпаған, ыдыраудың зор дәлелі осыдан көрінеді. Көп әйел алу салты тек қазақ халқының байларына ғана тән емес, онымен бірге бүкіл мұсылман жұртшылығына тән салт екенін өткен ғасырдың 70-жылдарында саяхатшы Г.Вамбери де баян еткен болатын. Бұдан көп әйел алу бұрын-соңды тек мұсылман жұртшылығына ғана тән деген ұғым тумауы тиіс. Өйткені, XIX-ғ. соңы мен XX-ғ. басына дейін көп әйел алу дәстүрі христиан және будда дініндегі көптеген Азия халықтарында (бурят, якут, алтайлықтар, хакастар, тубалықтар, ненецтер, монғолдар және т.б.) сақталып келді. Олай болса көп әйел алу дәстүрінің қалыптасуы дінмен байланысты емес. Оның түп тамыры қоғамда ерлер үстемдігі орнауымен, әлеуметтік теңсіздіктің тууына байланысты қалыптасқан. Қазақ арасында да көп әйел алудың бірнеше жолдары болған. Халықтық әдет бойынша әйел саны шектелмейтін, ал шариғат бойынша бір ер адамға 4 әйелге дейін рұқсат етілген. Жалпы, исламның біздің жерге енуі

бірден емес, өте жай, ұзақ процесс болған. «Ислам діні Орта Азияға тарағалы отырықшы елдерді тез баурап алғанымен, бар тірлігі мал шаруашылығымен көшпелі өмірге байланысты қазақ халқының әлеуметтік ортасына дендеп, өзі ойлағандай ықпалын тигізе алған жоқ» [7]. Қазақ хандары мен төрелері, аса ірі байлар шариғат қағидасын да ескермей, әйел санын төрттен әлдеқайда асырып жіберген. Мәселен, А.Левшин Кіші жүздің XVII-ғасырдағы ханы Нұралының 16-17 заңды әйелі мен 15 көңілдесінің болғандығын атап өткен.

Қазақ отбасында әуелден әке үкімі шексіз болған, оны біз қазақ тарихынан жақсы білеміз. Әдетте, әке шаңырағы «қара шаңырақ», «үлкен үй» аталады. «Қара шаңырақты қадірлеу ата-баба аруағын қадірлеуімен байланысты нанымның бір түрі болумен бірге, отбасы арасындағы патриархалды қатынастардың сілемін сақтай түсу нышаны болса керек», – дейді зерттеушілер. Төңкеріске дейін қазақ арасында патриархалдық-рулық қатынастың сілемі сақталып келгенін – олардағы туысқандық қарым-қатынастан да анық көруге болады. Айталық, жеті атаға дейін қыз алыспау әріге кететін тектік жақындықты ұмытпаушылықты көрсетеді.

Көптеген еңбектерде айтылатын мұрагерлік хақы да туысқандық қатынастың әріге кететінін дәлелдейді. Мәселен, тікелей мұрагері немесе әменгері қалмаған жағдайда мал-мүліктің де, жесірдің де өлген адамға туыстығына қарай немере, шөбере немесе аталас, руластарының иелігіне өтуі- қазақ арасында туыстық қатынастың беріктігіне дәлел бола алады. Бұл мұра ғана емес, бір-біріне көмек көрсету кезінде де анық байқалады. Бір-біріне көмек беру әдеті өте ертеде қалыптасқан, яғни оның түп тамыры рулық құрылысқа кететіні даусыз. Сондықтан да, ол кездегі әрбір ру мүшесінің қоғамдағы орны, салмағы бірдей болды. Келе-келе жеке меншіктің, таптың шығуына байланысты көмектің де мәні өзгерді, таптық сипат алды, таптық қайшылықтар рулық

қатынастардың негізін шайқалтып, оның күйреуіне әкеп соқты.

Сонымен, қазақ қоғамының даму тарихына көз жүгіртіп, әр халықтың өзіндік даму ерекшеліктерін байқадық. Отбасы мен туыстық атаулардың пайда болуында қазақтардың тұрмыс ерекшелігі, олардың мифологиялық түсініктері, табиғатпен байланыстылығы қатты әсер етумен қатар, ислам дінінің келуінің де маңызы зор болды. Дегенмен, бұл атаулардың көбісі архаизмге еніп, қазіргі араб туыстық атауларының арасында кездеспейді десе де болады. Ал, қазақ отбасы даму құрылымын сонау көне сақ дәуірлерінен бастаса да артық емес еді. Бірақ, жалпы қазақ ұлтының пайда болуы, тіпті «қазақ» сөзінің пайда болуы туралы талас ғылымда әлі біткен жоқ деп есептейміз. Ислам діні келгенге дейінгі көне түркі дүниетанымы, олар туралы мифологиялардың өзі біраз жайттарға сілтейді. Бір ғана мысал: ежелгі түркі дүниетанымында «Ұмай» атты әйел бейнесіндегі құдай кездеседі. (Umaj – имя богини. послед. детское место: чрево матери: og garininta umajta: в животе. Umaiga tabinsa ogul bolur). Ол – үйдегі ошақтың, балалардың, кейіннен өнер атаулының қорушысы болды. Салыстырмалы мифологияда оған монғол халқының Этугені сәйкес келеді. Құдай ана

Ұмайды көптеген ғалымдар ежелгі Умамен байланыстырады. Ұмай сөзінің өзі «жатыр-бала орны» дегенді білдіреді. Ал, бұл осы ұғымның аналық бастаумен байланысын көрсетеді. Көне түркі жазуларында «Аспан (құдай), Ұмай, киелі Жер-Су – бізге жеңіс әкелген осылар» делінген. Ол кейіннен сарбаздардың да қорушысы болды. Бұл ұғым қазақтар нанымдарында үлкен роль атқарып, ұлттық дүниетанымының қалыптасуына белгілі дәрежеде өз әсерін тигізген. Ұмай ана қазақтардың жадында жас баланың қорушысы, ізгілік иесі ретінде сақталған. Оның “кіндік кескен”, «кірпігін сүйген бикеш» аталуы да тегін емес.

Қорыта айтқанда, туыстық атауларды зерттеу ол сөздердің шығу тарихына, этнонимиясына сүйенбей жүзеге асуы мүмкін еместігін айта келіп, кез келген терминдік атауларды зерттеу олардың этнолингвистикалық сипатын ашуға алып келетінін айтқымыз келеді. Сонымен қатар, туыстық атаулардың қалыптасуы тарихи үлкен процесс екендігін байқадық. Бұл сөздердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ашып көрсету қазіргі көптеген елдермен байланыстардың кеңейіп, даму жағдайында өзінше маңызы бер деп ойлауға болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Новиков Л.А. Семантика русского языка. – М., 1985 г.
2. Хасанов Б. Қазақ тілі энциклопедиясы. – А., 1998 ж. – 421 б.
3. Гумбольд В. Избранные труды по языкознанию. 1984 г. – 398 стр.
4. Ф.де Соссюр. Курс общей лингвистики. 1984 – 28,31,147 стр.
5. Болғанбай Ә., Қалиұлы Т. Қазіргі қазақ тілінің лексикасы мен фразеологиясы. 1987ж – 256б.
6. Степанов Ю.С. Основы общего языкознания. – М., 1976 – 271стр.
7. П.Н.Кушнер «Горная Киргизия». – 68-бет.
8. Мухаметжанов Қ. «Қазақ әйелі». – 1971 ж. №3 26-бет.

ЗАР ЗАМАН АҚЫНДАРЫНЫҢ «ҚАЛА» ӨМІРІНЕ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Шормақова А.Б.

Абай атындағы ҚазҰПУ

PhD Докторантура және магистратура

институтының 2 курс магистранты

Резюме

В данной статье рассматривается взгляды поэтов «зар заман» на городской образ жизни.

Summary

This article is considered «zar zaman» poets' views on city life.

Жаңа заман, бүгінгі уақыт тынысы төл әдебиет тарихының сөз етерлік, әлі де кең тоқталуды, зерделі зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелеріне бет бұрғызды. Солардың бірі қала тақырыбы мен қаланың тыныс тіршілігі. Егер біз академик Зейнолла Қабдоловтың: «Әдебиет – ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы» [1, 20] – деген пікіріне сүйенсек біздің көркем тарихымызда қалаға деген көзқарастар зар заман уақытынан бастап кең етек алған. «Жетім бала секілді ел қайғысы, паналайды алдымен ақын жанын» деп ақын айтқандай, қоғамдағы қандай өзгеріс болсын, тарихи жағдай болсын ең алдымен ақындар қауымын алаңдатары даусыз. Ел алдындағы парызын жанынан жоғары қойып үйренген жауынгер де от жүректі халықты жерінен айыру, шұрайлы жерін өзгеге беріп, жайылымдық жеріне қамалдар салуы халықты жанынан айырғаннан кем соққан жоқ. Бұл қорлығына шыдай алмаған ақындарымыз өздерінің жалынды жырларымен халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтады.

Зар заман ақындары – қазақ әдебиеттану ғылымына алғаш рет (1927) Мұхтар Әуезов енгізген термин, зар заман кезеңінде ғұмыр кешіп, отарлық езгіге түскен қазақ халқының тағдырын мұң-зармен жырлаған ақындар шоғыры. Ол заманның белгілі өкілдері: Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы,

Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері, Албан Асан, т.б. Әуезов Зар заман ақындары дәуірін Абылай хан тұсынан Абайға дейінгі жүз жылға ұластырып, Нарманбетпен аяқтайды. Отаршылдықтан қысым көрген қалың жұрттың қайғысын ақтарған төлтума дүниелерді Мұхтар Әуезов: «Бұл дәуірдің әдебиеті сол кездегі жұмбақ күнге жеткен елдің алдында тұрған күздан, алдында тұрған қайғылы күнінен қорқып, қобалжып тұрып, ыңыранып, күрсінген күйін білдіреді. Не болса да артқа қайтар күн жоқ. Өлімге кетсе де алға кететін болған соң артқы бостандық, бірлік күніне қоштасқан мезгілі» [2, 143] – деп сипаттай отырып, зар заман ақындары тұсынан қазақ әдебиеті жазбаша сипат алатынын атап көрсетеді. «Дәстүрлі қазақ қоғамындағы бұрынғы қалыптасқан құндылықтардың өзгеруі, елді басқару жүйесінің басқа сипатқа ауысуы, отаршылдықтың белең алуы, халықтың қатты күйзелуі Зар заман ақындарын тарих сахнасына шығарған. Зар заман ақындары халқының жай-күйін ойлаған ұлт қайраткерлері ретінде танылды. Олардың шығармалары халықтық салт-дәстүрлерді қаймағы бұзылмаған қалпында сақтауға, ұлттық болмыс-бітімнен ажырамауға үндейді [3, 4].

Бодандықтың қамытын киген жұрт өзінің кешегі көшпенді, еркін табиғи

қалпын сағынышпен, ауыр күрсініспен еске алады. Қайғы жұтқан қалың елдің өз басындағы жағдайға, заманының өзгерген түріне, отаршылардың озбырлығына жаңа билеушілердің мінезіне, олардың табанын жалаған ел пысықтарының жағымсыз әрекетіне өз ой пікірлерін айтуы заңды нәрсе. «Зар заман» – белгілі бастау бұлағы бар, даму арнасы, қалыптасу жолдары, тәмамдалар тұсы айқын, қоғамдық ойдағы және әдебиеттегі құбылыс. Ол заманға көңіл толмаушылықты, өткен күннің артықшылықтарын жырлау арқылы ұлт тағдырымен сабақтастыра отырып бедерлейді. Алдымызда жақсылық жоқ, құт берекенің бәрі артымызда қалды дегенді білдіреді. Бұл жырлар отырықшылықтың талауына түскен ұлт тағдырының тығырыққа тірелгендігінің белгісі [3, 4]. Бұнда азаттықты аңсаған қазақтың рухы сақталды. Зар заман жырларының ең көп таралған кезі отырықшылық дәуір кезі. Мұхтар Әуезов айтқандай «Қазақтың көптен күткен сұмдығының бірі осы еді, осы да іске асуға айналды. Жерлері алынумен қатар әуелі қазақ даласын айнала сызып, алдымен шеткі қалаларды салды. Артық жерге орыстың мұжықтарын әкеп қоныстандырды. Бұрынғы хан, бұрынғы би, бұрынғы ел қамын ойлайтын түзу адамдардың барлығы шетке ысылып қалып, қыбыр еткен ісі болса барлығы орыс қолымен, орыс қуатымен, орыс қолымен істейтін болды. Бір «законынан» кейін екінші законы шығып, ел тіршілігінің шеңбері тарыла бастады. Бұрын қайыс нөкта болып, созылудың орынына көндей кеуіп, темір құрсаудай болып қысып, қинай бастады... [2, 144].

«Зар заманның» орақ тілді, от ауызды ақыны Дулат Бабатайұлы қазақ халықының ең басты қазынасы саналатын қонысынан айырылуын былайша көрсетеді:

Айтуға ауыз келе ме,
Аякөз кімнің жері еді?
Сауыр жерден айырылып,
Қазақ жері жұқарды...
Ұлы өріс қысқарып,

Кең қонысың тарылды...

Осымен үндес Шортанбай ақын да жерін басып алып, озбырлық көрсетіп жатқан орысқа наразылығын ашына айтады:

Нысапсыз екен бұл кәпір,
Жеріңді алды, малды алды.

Бұл поэзиясындағы «қала», «шаһар», «қорған», «үй», «бекініс» ұғымдарына қатысты тұжырымдар да бірқатар ойларға жетелейді. Шаңырағы – аспан, керегесі – көкжиек кең далада еркін жортқан көшпендінің көңіл – күйі жыр толғамдарда кеңінен көрініс тапты. Зар заман ақындарының ата қонысынан айырылуға деген қарсылығы кейде қала тіршілігіне жатсынуынан байқалады. «Киіз үйді, оның бау – шуын барша жиһаз – мүлкін бүкіл бүге-шүгесіне дейін асқақтата мадақтай отырып, халық поэзиясы жертөле мен тамдарға жиренішті сипаттама береді» [4, 30]. Ең далада еркін күн кешкен халық, шаһарға қамалып, отырықшылықпен күн кешуді қаламаған. Бұл біріншіден көшпенділердің отырықшылықты құптамайтын психологиясын аңғартса, екіншіден оның жын-шайтан, кесір-кесапат ордасы ретінде қарағаны тағы бар. Осыған байланысты зерттеуші А.Шәріп былай деп көрсетеді: «Қала болдың – мола болдың деп отырған үргедек халыққа әлденеше ғасыр ілгеріде Асан Қайғы болжап кеткен қауіптің расқа айналып, тап іргесінен жау бекіністерінің толассыз бой көтере бастауы қалай әсер еткені әбден түсінікті. Қала болуды құл болу деп қабылдайтын ел Әбілхайыр ханның бірнеше рет шаһар салдырмақ болған талабына қарсы өре түрегеліп, қалашыларды қырып тастаймыз деп, қынаптарынан қылыш суырысқаны – тарихи шындық» [5, 190].

«Қала», «шаһар», т.б. ұғымдардың зар заман поэзиясының негізін құрайтын ақырзамандық болжам өлеңдерден де көрініс табады. Әсіресе Мөңке би айтыпты деген өлеңдерде:

Құрамалы қорғанды үйің болады,
Айнымалы төкпелі биің болады...

Немесе:

Соққан бейіт сықылды

Үй шығады деп еді.

Қырыққан серке бұтындай,

Би шығады деп еді, –

Болашаққа алдын ала болжам жасау тарихымызда көптеп кездеседі. Ел арасында Ақыр Мөңке деген атпен танымал бидің сөзі де осыған ұқсас:

Ку ағаштан үй болады,

Жас баладан би болады. Шортанбай ақынның да болашаққа болжам жасаған бір өлеңінде мынадай жолдар кездеседі:

Кейінгі келер заманда

Шошала деген үй шығар

Шошаңдаған би шығар.

Киіз үйге бой үйреткен қыр қазағына отаршылдық озбырлықтарымен бірге санаға сіңген «ағаш үй», «қала», «шаһар» ұғымдары бостандыққа бұғау салудың белгісіндей көрінгені рас. Асан қайғы әз Жәнәбектің қала салдырғанына кейістік танытып, жаман ырымға баласа, Бұхар жырау Абылайды тақ пен бақтың биігіндегі билеушілерді «кәпір» мен «қаланы» баланыстыру арқылы тәубеге түсіру тегіннен тегін болмаса керек. Көшпенді қазақ санасында қала кескілескен ұрыс шайқастағы бекініс орны ретінде қалыптасқан [3, 268]. Қала салу о бастан қазақтың машығы болмағандығы Әбубәкір Кердерінің ноғай Нұрыммен айтысынан да байқалады. Ноғай ақыны қаланың кереметтігін қайта-қайта тілге тиек етіп, көшпенділікті қаңғыбастық санап «Қор болған күр далада босып қазақ» немесе қазақтың қонақжайлылығын сөлекеттік санап «Үйіне ит кірсе де кет демейді» деген сөздерімен тіс батырып баққан Нұрымға Әбубәкір:

Қазақты шәрің жоқ деп жамандайсың,

Өзіңді жақсылыққа қоғамдайсың.

Бір жылда екі қалаң шоқыныпты,

Сен неге азабына оралмайсың?! Деген уытты сөздерімен ноғай ақынының бетін қайтара келіп, зар замандық сарынына ауысып:

Ақ ордалар тәрк болып,

Балшықтан соққан там озды деп өкінішін білдіреді.

Зар аманның белді өкілдерінің бірі Албан Асан өлеңдеріндегі бірден байқалатыны қаланы жат санап, өзгенікі деп ұғыну сезімі. Оның пайымдауынша қала – күшті мен тістінің, зорлықшылдың меншігі, отаршылдықтың қорғаны. Сондықтан ақын кейде қаланы тілге тиек етіп, қыр қазағының үрке қараған «Қала жакын болған соң, Ұстаның жанған шаланы», әрі өкінішті «Дұшпанға қорған болғандай, тастан соққан қала жоқ», екі ұдай күйдегі ішкі буырқанысын көрсетеді.

Ғалым Манап Қозыбаев «Ақтаңдақтар ақиқаты» атты кітабында отарлаушылардың қазақ жеріне мықтап табан тіреу үшін жасаған әрекеттерін көрсететін мынадай деректерді ұсынады: «Отарлауда қамалдар салып, поселкелер мен қалалар тұрғызған әскери отрядтар шешуші рөл атқарды. Олар Ертіс пен Горька желісі атанған бекіністер жасады. Мәселен Ертіс өзені бойына Омбы, Семей, Өскемен, ал Горькада – Петропавл қамалдарын тұрғызды. XIX ғасырдың басынан Ақмола, Көкшетау, Қарқаралы және басқа қалалар мен қыстақтардың іргесі қалана бастады» [6, 113].

«Бүгінгіден бұрынғымыз, жеткенімізден өткеніміз тәуір еді деп есептейтін зар заман ақындары қала, қорған, шаһар ұғымдарына көзқарастарын «Балшықтан салған там озды», тұжырымына орайластыруына осындай әлеуметтік себеп салдарлар түрткі болған. Мұны аталған жыр жампоздарының шығармаларына негізгі желі болып тартылған «заман азды, жер тозды» сарынының әсері тұрғысынан бағамдаған жөн» [3, 273].

Қорыта келгенде «қала» туралы ойлар зар заман әдебиетінде кеңінен қозғалған. Оның жағымсыз жағы баса айтылып, «қала бізге қол емес» деген тұжырымған келіп тіреледі. Қазіргі таңда еліміз өзгенің салған қамалдарына маталмай, ел болашағы үшін заман талабына сай өзінің қалаларын салып, дамуда. Тарихта ілгері жылжу заңдылығы болғанымен, артқа қайту

заңдылығы болмайтындықтан, қазақ та қала өміріне үйренді. Қала қазіргі таңда аралас мәдениеттің мекеніне айналды. Қалада қаншама ғалымдарымыз шындалып, тарихымыз қағаз бетіне түсіріліп, ұрпаққа мирас болды. Дала тақырыбы халықтың жанына жақын болғандықтан ылғи да тырнақшаға алынып, талай ақынның өлеңіне тақырып болып, талайларды тамсандырды.

Далаға арналар жырлар болашақта да толас-тамасы сөзсіз. Десе де, қоғамның дамуы мен қажеттілігіне сай қаланы да жақшаға ала берудің орнына оның да қоғамға пайда әкелер жағы мен болшаққа жетелер жағын бағамдар болсақ, қазіргі заман ақындарынан қалаға ақтарар жырларының көп боларына сенімдіміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ Университеті, – 1992. – 163 б
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, – 1991. – 240 б.
3. Омарұлы Б. Зар заман әдебиеті. – Астана: Елорда, – 2005. – 372 б.
4. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 176 б.
5. Шәріп А. Қазақ поэзиясы: Утопия және антиутопия. //Жұлдыз, 1998,
6. "Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқат. Алматы: Қазақ Университеті, 1992. – 272 б.

ҰЛЫ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ НАЗИРА ДӘСТҮРІ

Ахметова Г.О.

*Қазақ орта мектеп-гимназиясы,
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
Алматы облысы, Көксу ауданы, Балпық би кенті*

Резюме

В данной статье показано значение творчество поэта Абая Кунанбаева, образованного талантливого человека, гордости казахской литературы, основателя письменной казахской поэзии, приведены настоящие факты того, что Абай с детства рос слушая рассказы и сказки бабушки Зере и матери Улжан. В статье не только раскрывается творчество, талантливая личность Абая, но и знакомит читателей с обычаем назире, в ней говорится о том, что поэт Абай часто использовал в своей творчестве традицию Назире. И внес этим бессмертный вклад в казахскую поэзию.

Summary

In the article the importance of oeuvre of a poet Abai Kunanbaev, an educated talented man, the proud of Kazakh literature, the founder of kazakh writing poetry, is shown, there are facts that Abai from childhood grew up listening to the stories and tales of his grandmother Zere and mother Ulzhan. Also the article does not reveal the oeuvre and talented individuality of Abai, but introduces with the custom nazira, and it says that the poet Abai often used in his art tradition Nazira. And this has made immortal contributions to the Kazakh poetry.

Шығыс мәдениетінің алтын дәуірінде шыққан өшпес жұлдыздары: Әбілхасым Фердауси, Низами Ганжеви, Хона Хавиз, Омар Хайями, Абдурахман Джамал, Әлішер Науаилер өз заманының рухани

басалқасы, батагөйі, ақындықтың қайнар бұлағы болды. Шығыс әдебиетіне еліктеп бір кезде батыс классиктері де талай – талай одалар, эпиграммалар, шығармалар жазған. Ертеде дүние жүзіне тараған Низами мен

Науаидың бес дастанын «Хамсесін» яғни: «Ләйлі-Мәжнүн», «Хасров пен Шірін», «Фархад – Шырын», «Ескендір- намә», «Сырлы қазынасын»; Абдрахман Джамидің «Ескендір –намәсі», «Жүсіп- Зылихасы», «Ләйлі- Мәжнүні», «Алтын тасбығын», «Жеті тактың», Фердаусидің «Шах-нәмәсін», арабтың «Мың бір түнін» білмейтін қазірде Азия мен Европада халық жоқ деуге болады.

Бір ғана «Ләйлі-Мәжнүн» адам сүйіспеншілігінің ұлы дастаны,ұлы романтикасы. Дүние жүзінің әдебиет қазынасы болған Шекспирдің «Ромео-Джулеттасынан» «Ләйлі-Мәжнүн» кем бе, дәлірек айтсақ, Ромео-Джулеттаның алдында тұрған түпсіз махаббаттың хикаясы туралы тамаша дастан осы ғана. Арабтың Арон Рашид халифа заманында, Индияның ұлы моғалдары, Персияның сасанидтер мен сельджуктар тұсында музыка, архитектура, философия дамуы өз заманының шыңына жетті, сонымен бірге үш континенттің түйісі болған Орта теңіз арқылы бүкіл Европаның рухани дамуына да күншығыс әсер етті. Немістің ұлы идеалист-философы Гегель:«Ғылым мен білім, әсіресе философия, арабтардан батысқа ауысты, германдықтардың арасында поэтикалық жалын мен бостандық фантазиясын тұтатқан Күншығыс болды». Гетенің өзі:«Шығыстың жеті ақыны бар, солардың ең нашары менен артық» деп жазады. Бұл құтты мүбәрәк, ақ ниеттілік болса, онда шындықтың да сарыны жоқ еместігін кепіл. Көне өмірдің көгіндегі сол үркердей жеті жұлдыздың ішінде өздерінің данышпандығымен Европа мен Азияға көп тараған Фердауси мен Хожа Хафиз, ең соңғы зор тұлғасы Әдурахман Жами еді.Әсіресе Хафиз бен Жами терең сырлы, нәзік жанның аққан бұлағындай лирик ақыны бұлардың ғазельдері әлі күнге дейін күншығыс әдебиетінің алтын бесігі. Бұлбұлша сайраған Хафизге ұлы Гете «Өлшеусіз» деген өлеңін арнап жазды, онда ол Хафизге мынандай баға берген:

Ақындықтың сен кілті тұлғаң асқан,
Тулаған толқындардай жырын шашқан.

Әзірмін жарысуға толқыныңмен,
Шөлдеген, аңызаған көңілім менің,
Жүрегім құшақ жайып қойнын ашқан, –
деп келеді де:

Жан берші жалындатып поэзияна,
Қанша ескірсең боларсың сонша жаңа!
Міне, ұлы «Фаустың» авторы Гетенің
аузынан шыққан тамаша өлеңі осындай.

Осыларды зерттеген, оқыған Абай да:

Физули, Шамси, Сәйхали,

Науаи, Сағди, Фердауси,

Хожа Хафиз- хаммаси,

Мәдәт бер я шағири Фарияд!-

деп сыйынады. «Өлеңіме медет бер, ұлы ақындар!» Бұл жас акынның тұңғыш тырнақ алдысы, поэзияның есігін енді ғана ашып, ақындық табалдырығынан алғаш аттауы.

Шынында оқиға осылай еді. Абай ең алғаш Семейде мұсылман медресесінде оқыды, онда шығыс кітабы, шығыс оқуы, шығыс әдебиетінен басқа дүниені көрген де жоқ еді, алғаш өмір шымылдығын ашқанда оған көрінген күншығыс әдебиетінің үлгісі болды, ә дегенде аршылмаған жас ақындықтың қуаты бұған да пір тұтып, сыйынғаны шығыс классиктері болды. Бұл өлеңді Абай 14 жасында жазған.

Сол медреседегі жылдарында ол шығыс классиктеріне бой ұрып, солардың үлгісімен ғазелдері түрінде «Әліфби»,«Иүзі рәушән» деген екі өлең жазады. Бұл өлеңдерге фарсының ғаруз өлшемін қолданған. Сонымен бірге өлеңнің өлшемі де, тілі де, ұйқасым-ырғағы да шығыстың шағатай үлгісімен, шағатай мәдениетінің ақындарына ұқсас жазылды. Осыған айқын дәлел «Әліфби» өлеңі, Абай;

А.Әліф дек ай йүзіңе ғибрат еттім,

Б.Би, бәлан дәртіңа нисбат еттім,

Т.Ти, тілімнен шығарып түрлі әбият,

С.Си, сәнай мәдхіңа хұрмәт еттім

Ж. Жем, жамалың қандай ақ рузи маған

Х.Хи, халайықтаппадым жәнім сәнан, -деп араб әліппесіндегі 29 әріптің әрқайысының атымен бастап лирикалы ғазел жазады да сөзін:

Я,-ярым қалай болар жауап сөзің,

Мәт қасың тәштит-кірпік, сәкін көзің.

Бұның бәрі ақындықтан туған жеміс. Күншығыс әдебиеті Абайға үлгі емес, тек азық қана.

Шығыс поэзиясында барша оқырман қауымға бұрыннан мәлім болған белгілі бір сюжетті бірнеше ақын өзара жарысып, шеберлік сынасып жырлай беретін болған. Осылайша аға буын жырлап кеткен тақырыпты кейінгі толқын інілері қайта жырлап, көркем әдебиетке тың туындылар әкелетін дәстүр бар еді. Шығыс поэзиясында осылайша ақындар бір-біріне өз шеберлігін танытатындай туындылар жазу арқылы «жауап» («жауап»-арабша «нәзира»), ал парсы тілінде «татаббу» деп аталады) беріп отырған. Шығыстың ұлы шайырлары мұндай туындыларды ешқашан да аударма деп те, еліктеу деп те таныған емес. Шығыс классикалық поэзиясындағы нәзира дәстүрін қазақ әдебиетіне қатысты түрде зерттеу туралы кезінде М.Әуезов құнды ұсыныстар жасаған болатын: «Көпке мәлім болған тарихи шындықтар бойынша Шығыста бір классик жырлаған тақырыпты келесі буында, тағы бір Шығыс ақыны қайталап, әңгіме ететін тың дастандар шығаратын дәстүр бар еді.

...Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды заңды жол еткен. Тек алдыңғының өлеңін алмай және көбінше алдыңғы айтқан оқиғаларды негізінде пайдаланса да, көп жерде өз еркімен өзгертіп, тыңнан жырлап шығаратыны болады. Бұлайша бір тақырыптың әр ақында қайталануы еш уақытта аударма деп танылуы керек емес. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті бір салт еді. Шығыс поэзиясы бұл салтты заңды деп біліп, осы дәстүрге «нәзира», «нәзирагөйлік» деп атау да берген» [1, 150].

Назира ұғымына берілетін түсініктеме көптеген әдеби анықтамалықтарда: Назира-еліктеу емес, атақты шығарманың фабуласын, образдарын сақтай отырып, өзіндік өзгерістерін енгізе алатын қайта өзгертудің канондық формасы болып

табылады. Назира – Шығыс поэзиясындағы ауысып отыратын әдеби форма – деп сипатталады. Назира тәсілін қолданатын ақын өзге атақты ақыннан белгілі сюжет және адам образдарын алып, өзіне қажетті бағытта жырлайды [2, 102].

Бұл орайда ғалым Б.Кәрібозұлының «Шығыс әдебиетінің дәстүрінде дүниеге келгенімен, мазмұндық, тақырыптық, пішіндік сипаттары жағынан төлтума туынды, қазақ әдебиетінің шығармаларына айнала отырып, туған әдебиетіміздің дамуына үлкен үлес болып қосылады. ...Біздіңше, орыс, батыс әдебиеттерінің қазақ әдебиеті мен өнеріне шығармашылық әсер-ықпалын әңгімелеумен бірге, Шығыс халықтары әдебиеті мен өнерінің, әсіресе, оның классикалық әдебиеті мен өнеріне игілікті әсер-ықпалдарын да зерттеу-зерделеуді жүйелі түрде жүргізіп отырудың мезгілі жетті» [3, 31] деген пікірін атап айтқымыз келеді.

Шығыста бір классик жырлаған тақырыпты келесі буында, тағы бір шығыс ақыны қайталап әңгіме ететін тың дастандар шығаратын дәстүр бойынша Жүсіп –Зылиха тақырыбын, Ләйлі-Мәжнүн, Фархад-Шырын, Жеті шұғыла және Ескендір турасын немесе «құстар» тілі деген сияқты тақырыптарды бірінен соң бірі қайталап жазған ірі классиктер бар. Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды заңды жол еткен. Тек алдыңғының өлеңін алмай және көбінше алдыңғы айтқан оқиғалардың негізінде пайдаланса да көп жерін өз еркімен өзгертіп отырып, тыңнан жырлап шығаратыны болды. Бұлайша бір тақырыптың әр ақында қайталануы еш уақытта аударма деп танылу керек емес. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті бір салт еді. Шығыс поэзиясы бұл салтты заңды деп біліп, осы дәстүрге «Назира», «Назирагөйлік» деп атау да берген. Назира жолымен алдыңғы ақынның поэмасы бойынша, қайтадан жаңа поэма жазатын бұрынғы ақындар да кейінгі заманның көзқарасын, творчестволық жаңа

поэзиясын танытады. Мысалы; Низамидің «Хамсасында» жырланған «Ләйлі- Мәжнүн»; «Хосрау- Ширинді» өзбектің ұлы классигі Науаи қолға алып жырлағанда, көп тың жаңалықтар қосқан. Науаи өз дәуірінің ойшылы, өкілі болып отыр, Ләйлі мен Мәжнүннің махаббатына да тыңнан шындық сипаттар берді. Ал «Фархад- Шырында» Низамидағы емес, Хосрау патшаны үлкен сыншыл оймен әшкерелеп, зұлымдық сипатта суреттейді.

Нәзира дәстүрін кезінде ұлы Абайдың өзі де терең меңгеріп, шығармалар жазғанын әдебиет тарихынан жақсы білеміз. Сондай-ақ Абайдың кезінде «Ескендір», «Масғұт», «Әзім» поэмаларын жазғаны және А.С.Пушкиннің өлеңмен жазылған «Евгений Онегин» романынан жеке-жеке жеті үзінді алып, нәзира дәстүрімен орыс қызы Татьяна туралы ғажайып махаббат дастанын жазғаны белгілі. Абайдың сол туындысын кейбір зерттеушілер аударма деп қарайды. Сол себепті ондай «сыншылдар» Абайды «аудару барысында еркін кеткен, тіпті өз жанынан көп қосып жіберген» деп сынайды [4, 157].

Елдің көбірек назарын аударатын Абайдың «Ескендір», «Масғұт», «Әзім» атты үш поэмасының тақырыптары шығыс тұрмысынан, шығыс әдебиетінен. Абайдың бұл поэмаларды қай кезінде жазғаны мәлім емес, жылы көрсетілмеген, біздің ойлауымызша егде тартқан кезі емес, жас кезінде жазған сияқты.

Жоғарыдағы үш поэманың сюжеті, тақырыбы шығыс классиктеріне ұқсағанымен де, мұнда шағатай тілі, ұйқасы, ырғағы мүлде жоқ, өз тілімен, қазақ үлгісімен жазылған. Идея, мазмұнына келсек, ол шығыс классиктерінен мүлде басқаша, ол заманның дәстүрінен көзі өз заманының қалыбына, мүддесіне сай жазылғаны байқалады. Мысал үшін «Ескендір» поэмасын алайық. Мұны алғаш жазған ұлы Низами XII ғасырда өмір сүрді. Поэманың бас геройы Ескендір, тақта отырған философ, ғалым, данышпан, мейірімді адам болып суреттеледі [3, 538].

Шығыста Ескендір, орыс пен европа елдерінің атауынша Александр бар дүние жүзі халықтарының аңыздарында, ертегі, дастандарында ерекше орын алған адам. Шығыс елдерінде, әуелі Иранның аристократиялық аңыздарында Ескендір образы көп әңгімеленген. Сол замандардан бері қарай Византия (Рум) аңыздарында да оның жәйі көп айтылады. Атақты Фирдауси өзінің «Шахнамасында» Ескендірдің туысын жоғарыда аталған Иран аристократтарының лақабы бойынша баян етеді.

Оны Филикулустың баласы емес, Иранның шахы Дараптың (Дари үшінші Казоманның) баласы дейді. Ол біздің эрадан, бұрын 110-335 жылдар арасында Иранда шахтық құрған. Өзі Ахеменидтер әулетінің ең соңғы әкімі болады. Рум әңгімесі де Ескендірдің туысын тарихтан өзгертіп, аңызды әңгімеше баяндайды.

Шығыс ақындарынан азербайжанның атақты классигі Низами ғана өзінің «Ескендірнамасында» жаңағы бұған дейін кеткен екі тарау аңыздарды теріске шығарады. Ол оның тарихтық шындық бойынша Филикустың (Филиптің) өз баласы етіп жырлайды. Ескендірді, соңғы тапқан деректерімізге қарағанда, Абай Ескендір жайындағы аңызды түгелімен сол Низамидің «Ескендірнамасынан» алған.

Азербайжан ұлы классигінің ең зор поэмасы – «Ескендірнама», сансыз көп оқиғалардан, көп тарау, бөлімдерден құрылған аса бай мазмұнды дастан. Ескендірдің жоғарыдағы Даримен соғысқаны, онан соң азербайжан патша әйелі Нушабемен кездескені, Ескендір мен Хакан әңгімесі, қытай, торан өлкелерінде жүрген сапарлары және терістік өлкедегі бір ғажайы бақыт, молшылық, әділет орнатқан елдікке ұшырасуы- бәрі де Низамиде мол баян етіледі. Кейін Ескендір терістік сапарына барып, Яжуждерге қарсы қорған соғады. Осы алуандас толып жатқан шытырман оқиғалы, күрделі сюжеттер тарайды. «Ескендірнаманың» тағы бірнеше тараулары сол Ескендірдің түн тарапына шеккен сапарына арналады. Ол сапарға

Ескендір Әбулхаят суын (мәңгі тірлік беретін суды) іздеп барады.

Түн дүниесінде, ұзақ қараңғылық сапарында сан қиыншылықтар ортасында қалың қолмен жүрген Ескендірді бастаушы Хызыр болады. Бұлар іздеген Әбулхаят суын Хызыр жалғыз тауып, өзі ішіп, жуынып алады. Астындағы ақ боз атын да әрі суарып, әрі суға шомылдырады. Бірақ ғажайып су енді Ескендірге білдірмек болғанында ғайып болып жоғалып кетеді. Сөйтіп бар мұсылман аңыздарындағы мәңгі тірлік алған Хызырдың жәйін Низами өз поэмасында осылайша әңгімелеп дәлелдейді. Сол түн тарапта жүргенде, кезу үстіндегі Ескендірге сыры, жәйі мәлімсіз бір жас кездеседі. Ол жас періште деп айтылады. Сол жан Ескендірге өзгеше сыры бар кішкентай тас береді. Кейін ойлансаң, осы тастан көп сыр көресің, ой табасың, – дейді. Түн тарапынан Ескендірдің барлық серіктері неше алуан қымбат, асыл тастар алып қайтады. Ескендірдің алғаны – жаңағы титтей тас. Кейін Ескендір өзінің ойшылдарымен бірге отырып, сол тасты сарапқа салады. Тас таразыға түскенде, барлық өзге асылдың барлығын баса береді. Оның салмағына қарсы қандай қазына үйсе де барабар келмейді. Осы күйге қайран болған Ескендірдің қасына Хызыр келіп бір уыс топырақты кішкене тастың үстіне тастай бергенде, тас жағы жеңілдеп, аспанға көтерілді. Сонда Ескендір өзгеден бұрын өзі ойшылдық танытып, топырақтан біткен-топырақтан ғана тойым табады, деп, терең байлау жасайды.

«Ескендір» поэмасында Абай пайдаланып отырған сюжет Низами жазған «Ескендірнаманың» дәл осы тұсынан алынған. Бірақ, Абай поэмасын білетіндерге мәлім, жаңағы әңгіменің желісін Абай өзінше өзгертіп, өсіріп алған.

Абай, Шығыс әдебиетіндегі ұлы классиктер мол баяндаған күйге түгел тоқтап, бағынып қалмайды. Ол аңызды өзінше, көп жағынан өмір шындығына жақындатып, реалистік стильге бұрады. Ең алдымен аңызды Еуропа тарихы мен мәдениетінен

өзі білген Александр Македонский жайына қарай бейімдейді. Ескендірдің әкесі Абайда Филипп болып аталады. Тарихтағыдай оның астанасы Македония шәхәрі болады. Және де тарихтың деректері бойынша ертегілік Хызырдың орнына Ескендірдің тәрбиешісі болған философ Аристотель кіреді. Сөйтіп адамдар мен олар арасындағы мінез – қатынастарға Абай тарихи шындықты негізгі арқау етеді. Аңыздан бұрын тек кішкентай тас (Абайда кішкене көз сүйегі) және оның өзгеше сыры ғана сақталады.

Низами Ескендірді мінсіз үлгі етіп көрсеткен. Ол әділетті, ойшыл асыл жан. Оны дүниежүзінің бар білгіш, ойшылдарының ортасында көрсетеді. Барлық шығыс поэзиясында Ескендірдің сипаты осы алуандас зорайып, қастерлеп алынған болатын. Ал Абай поэмасына келсек, мүлде олай емес. Жасы әрең жиырма бірге келген, атырыптағы көрші елдердің бәрін бағындырмақ боп оңды-солды қастан көз тастап тұрған жәһәңгер, қан төккіш патша көрінеді. Қанша алса да тоймайтын, қанағатсыз хан бейнесі беріледі. Сол тыйымсыз, тойымсыз әміршінің өз өмірінде жалғыз рет тылсым қуаты бар, жасырын сыры бар және жол бермес тас қақпаға кездесуі Абайша үлкен мол мағынамен келтіріледі.

Ескендір Абай поэмасында дәріптелмей, сыналады. Оған ақылшы болған Аристотель өзінің әмірші патшасынан сонауғұрлым биікте, анық қасиет иесі болып суреттеледі [6,229].

«Масғұт» поэмасының ішіндегі кейбір белгілерге қарағанда, бұның оқиғасы, тақырыбы шығыс халықтарының аңызынан алынғаны байқалады. Басты кейіпкер-Масғұт. Оның тіршілік еткен шәһәрі-Бағдат. Заманы-Һарон-Рашид халифтың тұсы. Кейін Масғұтқа кездесетін қария мұсылмандардың дін аңыздарында жүретін Қызыр, қазақша Қыдыр аталады. Ол сол айтылған аңыздар бойынша өлмейтін, мәңгі жасайтын жалғыз жан. Әр заманда әр ортаның адамына оқта-текте бақ-дәулет әкелетін, ырыс үлестіруші болады. Міне, сөйтіп, осы аталған

белгі, деректердің бәріне қарап, біз Абай поэмасының негізі шығыс аңызынан алынған дейміз.

Жалғыз-ақ Абай аңызды өзінің адамгершілік үгітіне мысал етіп, өзіндік ойларын тарату жөнінде үлкен кәдеге жаратады. Поэмада Абай арабтың тарихын, тірлік шындығын көрсетпек емес, Қыдырдың қыдырлығын да баяндамақ емес. Олардың барлығы да поэманың идея жағынан қарағанда, тек бір көмекші қосымша хал мен жайлар. Анығында олар шартты түрде алынған аңызды жалпы шартты орта деуге болады.

Абай геройының бір ерекшелігі-ол өзгеше көрнекті күшті ортадан шыққан адам емес. Орташа көптің бірі. Әдейі дәулет, өмір, құдірет, ақыл-өнермен асырып шығарған адам емес. Халық ішіндегі, қатардағы қалың көптің жас өкілі. Масғұтқа осындай сипат, қасиеттер беру арқылы, Абай оны өзінің жоғарыдағы атап берген Бағдатынан, харон-Рашидінен, Қызырынан да аулақтап бөліп шығарады. Өзі үгіттеп жүрген жақсы жастардың өз заманындағы мінез-кұлқына, арманды адамгершілігіне Масғұтты үлгі етеді. Оның белгісін және шартты түрдегі аңыздық бояуды алып тастап қарасақ, айқынырақ көреміз. Қыдыр шал ұсынатын үш жеміс сол аңыздық бояу десек, ол Масғұттай өнегелі жастың ішінен сырын, қасиетін ашуға арналған оңай ғана бір сылтау десек, соның ар жағында көрінетін Масғұт қандай боп танылады. Ол ақылдылықтан қашады. Соның екеуін де сынап, талғап отырып жиреніп шығады. Сол Масғұттың ақылдан қашуы Абайдың өз басындағы, өз ортасындағы күйге аса жақын келеді. Ол көп айтатын шерлі уайымы бойынша, көп наданның арасындағы бір жалғыздың халін қандай трагедиялық, ауыртпалық хал деп отыр. Масғұтқа Абай сол өз басының аянышты күйін айтқызып отыр. Байлық турасында сөйлегенде де, Масғұт Абай заманындағы бай менен сол байлық аздырып жүрген байдың өзін де және оның қоршау-қошаметтерін де сынайды. Кейін

Масғұт қызыл жемісті алғанда, жеңсікшіл, нәпсіқұмар көп жастың жолынан жырақ шығады. Ол әйелді, ең алдымен, адамзаттың қақ жарымы деп түсінеді. Әйелдің достығын ерекше қадір тұтады. Адам баласына дос боламын деген үлкен адамгершілік талапты өзі өмірінің мақсаты етіп қояды. Ер жынысы мен әйел жынысы адамдық алдында терең дәрежеде бағаланады. Масғұт аузымен Абай өз заманындағы, өз ортасына қанықты болған жайларды айтады. Шығыстан келген аңыз, мағыналы мазмұны бар легенда немесе притча ақынның өз ойын баяндауда керекке жаратылған шығармашылық материал болып отыр. Ол оқиғаларды, адамдарды барлық мінез істерімен, сөздерімен Абай өзінің дағдылы идеясына қарай пайдаланады. «Әзім әңгімесі» – Абайдың аяқталмай қалған дастаны. Бұл поэманың тақырыбы «Мың бір түн» ертегісінен алынған. Қазақ ортасында ауызша көп айтылып жүретін «Мың бір түннің» бір тарауы «Әлидің Әзімі» деген ұзақ ертегі болатын. Сол ертегінің ішінен жас бала Әзімнің жетімдік шағы, жігіттік кездегі басынан кешетін бейнет-соры, кейін барып өзінің туралығы, жазықсыздығы арқылы арманына жететін оқиғалары Абайдың поэмасына желі, арқау болған тәрізді. Бұл поэманың ішінде Абайды қызықтырған тағы бір адам аяр шал болады. Ол шалдың кәсібі өзгеше. Қара тасты алтын ететін амалы бар. Осындай әрекет соңына түскен адамның жайы шығыста, ертегі ғана емес, химия ғылымы деп аталып жүретін алхимия жайынан туған неше алуан жасырын сырлы әңгімелер барды. Ондай әңгіме-нанымдар шығыста ғана көп жайылған емес. «Философский камень» дейтұғын қара тас пен қара металды алтынға айналдыратын ғажайып сырлы бөлекше бір затты іздену орта ғасырлық Европада талай фантастикалық әңгіме, аңыздар тудырған. «Мың бір түннің», «Әзім әңгімесі» сол жаңағы жайдың шығыста да өзгеше орын алатынын аңғартады. Бірақ халықтың сыншыл ойы кейін ол әрекеттер арасында болып жүретін неше алуан арамшылық, аярлықтарды танытады. Көпті алдап жем ететіндерді

өзінің әңгіме, аңыздарымен әшкерелейтін болады. Абай шығыс ертегісінің осындай өзгеше мән, тартыстарына қызыққан болу керек. Поэманың бастауына қарағанда, әкесі өлген жазықсыз, тәжірбиесіз жас баланың аяғға кездесіп, алданған бейнесі көрінеді. Бірақ бұл поэма Абайда аяқталмай қалады. Өз уақытында аяқталған болса да жалғыз ғана қолжазба болып, мезгілімен көшірілмей, тозып-шашылып кетеді. Сөйтіп соңғы бөлімдері жоғалып қалады. Сондықтан қолда қалған үзіндісі бітпеген поэма болып басылып жүр [5,116].

Ақын Ақылбай айтқандай: «Абай поэзиясы естушінің бойын елжіретіп, бұлдыр заманда, жарқырап туған жұлдыздай қазақ поэзиясының рухы еді». Осы ұлы дәрежеге жеткізген, бір жағынан Абайдың өзінің халық түйсігінен туған асқан даналығы болса, екінші жағынан шығыс, батыс классиктерінің үлгілері, теңіздей терең ойлары еді. Абайдың поэзиялық данышпандығының ерекшелігі сонда, ол пікір мен ойдың таусылмас

қазынасындай. Оның шығармасы идея мен мазмұн жағынан көп қырлы, терең сырлы болып келеді, өйткені оны оқыған сайын әр адам жаңалық тауып, жаңа ойға, тың ұғымға, қолтума пікірлерге молығып отырады. Оның талантының құпия сыры міне осында. Абай поэзиясы бейнебір жарқ етіп нұрын шашқан алмаздай, мыңдаған бояу төгіп, сәуле мен құбылыс беріп өшпестей нұрланып тұрады. Бұл зерттеуде дана, кемеңгер Абайды тағы бір қырынан ашқымыз келді, елге танытқымыз келді және назира дәстүрімен оқырман халықты таныстырғымыз келді. Абай шығыс поэзиясындағы назира дәстүрін ұтымды қолданды. Ертеде назира дәстүрімен барлық ақындар емес, тек ақындардың ақыны ғана жырлай алатын болған. Ол-өнер жарысы, тыңнан жырлау. Міне ұлы Абайдың ұлы екендігін танытатын айғақ осы. Ал шығыс әдебиетіндегі назира дәстүрі туралы қалың көпшілік біле бермейді, осы дәстүрдің өзіне тән ерекшелігін айтып өткіміз келді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бітібаева Қ.О. «Оқушыларды ғылыми зерттеу жұмысына баулу жолдары». – Алматы, 2008 ж.
2. Мырзахметов М. «Абайтанудың тарихы». – Алматы: Ана тілі, – 1994 ж.
3. Абай Құнанбаев Шығармаларының толық жинағы. Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет баспасы. Алматы, – 1961 ж.
4. Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани мұрасы. – Алматы: «Казспиринт» баспасы, – 2007ж.
5. Сейдімбек А. «...деген екен». – Астана: «Елорда», – 2009 ж.
6. Нұрғалиев Р. «Абай» энциклопедия. – Атамұра, – 1995ж.



Тумай жатып – толдым деме, толмай жатып – болдым деме

Мұхтар Әуезов.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

<i>Құттықтаулар</i>	6
<i>Пірәлиев С.Ж.</i> Арман мен талап жетелеген ел азаматы.....	10
<i>Нәрібаев К.</i> Білікті басшы, жаңашыл жетекші.....	14
<i>Бейсенова Ә., Қирабаев С.</i> Азамат.....	16
<i>Мадиев Ө.Қ.</i> Кемел тұлға.....	18
<i>Сейсенбаева Ж.А.</i> Кісілік келбеті ерекшеленген басшы.....	20
<i>Цыренжапова Г.Г.</i> Молодость – вся жизнь.....	24
<i>Пралиев С.Ж.</i> Мұғалімнің бүгінгі қоғамдағы мәртебесін арттыру бағыты.....	26
<i>С.Ж.Пралиев, М.Е.Ермаганбетов, М.А.Нуриев, Ж.И.Намазбаева, Ф.Ш.Оразбаева, С.Т.Иманбаева, Н.Н.Хан, С.И.Калиева, Л.М.Нарикбаева, А.Е.Берикханова</i> Концепция развития интеллектуального потенциала нации в системе непрерывного образования Республики Казахстан.....	33
<i>Совет Хан Ғаббасов</i> Ашынған халық – аянбайды.....	45
<i>Zhumataeva E., Beisova A.E., Iskakova Z.S., Kabdieva S.Sh., Zharkumbaeva M.M.</i> Perfection is a basic principle of the teaching process.....	49
<i>Молдабеков Ж.Ж.</i> Өзіндік дайындық: өріс және өлшем.....	55
<i>Аужанова Н.Б.</i> Некоторые аспекты этно-экологического образования и воспитания в общеобразовательных школах.....	63
<i>Есімбекова Д.Б.</i> Компаративистикадағы соны ізденіс немесе профессор М.М.Иманғазинның әдебиеттану ғылымындағы еңбегі.....	68
<i>Байсабаев Бектурсун</i> Проблемы художественного билингвизма и авторские переводы Ч.Айтматова.....	71
<i>Сарылбекова З.</i> Практическое обучение кыргызскоязычному общению.....	76
<i>Tungushbayeva A.</i> The value of kazakh and english proverbs.....	83
<i>Құттыбайұлы Сансызбай</i> Жеті негізді жіктеген.....	85
<i>Оразова Р.К.</i> Қазақ отбасының тарихи-этностық сипаты.....	91
<i>Шормақова А.Б.</i> Зар заман ақындарының «қала» өміріне көзқарастары.....	96
<i>Ахметова Г.О.</i> Ұлы Абай шығармаларындағы назира дәстүрі.....	99

Мақалаларды журналға басып шығарудағы талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесімен кез келген электронды таратушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифттің өлшемі № 12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5-беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті – 2 см, асты – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында екі тілде түйін беріледі (егер мақала қазақ тілінде жазылса, онда түйін орыс және ағылшын тілдерінде, егер мақала орыс тілінде жазылса, онда түйін қазақ және ағылшын тілдерінде жазылады т.с.с.). Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет. Мақала мазмұнына автор өзі жауап береді.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің кассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 1500 теңге.

Бір жылға жазылу бағасы 3104 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. **Индекс 74310**

Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль – 12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее – 2 см, нижнее – 2 см, слева – 3 см, справа – 1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на двух языках (если статья написана на казахском языке, то резюме должно быть написано на русском и английском, а если статья написана русским языком, то резюме следует писать на казахском и английском). Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора. Автор сам отвечает за содержание статьи.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанному требованию, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 1500 тенге.

Подписная цена за год 3104 тенге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта». **Индекс 74310**

*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ
ИИН KZ17856000000086696
БИН 031 240 004 969
РНН 600900529562
АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»
МФО 190501719, код 16
Свидетельство о постановке на учет по НДС:
Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді.

Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.

Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 24 каб. Тел: 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

**050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ**

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды
Издательство «Ұлағат» Казахского национального педагогического
университета имени Абая

Тікелей репродукциялық әдіспен басылады
Печатается методом прямого репродуцирования

*Жауапты редактор/Ответственный редактор – Жанар Сейсенбаева
Жауапты хатшы/Ответственный секретарь – Анар Құрманғали
Беттеген/Верстка – Анар Құрманғали*

Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі 25 үй, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ,
каб. 24.

Тел/факс: 8(727) 291-88-83, 8702 951-87-61,
электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 09.04.2013 ж. Пішімі 60x84 $\frac{1}{8}$.
Қағазы сықтықар. Басылым – офсет. Көлемі 13,25 б.т.
Таралымы 500. Тапсырыс № 99

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ
НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ

2 (16)2013
(наурыз - сәуір)

